Наурыз

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№11-12 (1014-1015)

19.03.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ӘЗ НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

ҮТ КІРДІ, ҮТПЕН БІРГЕ ҚҰТ КІРДІ

Күллі мұсылман қауымы үшін, жаңа жыл, жаңа күн, көкорай көктем Әз-Наурыз мерекесі келді. Ықылым замандардан бері сабақтастығын үзбей келе жатқан, салт-дәстүрлерге орай наурыз айы туғанда, атам қазақ «Үт кірді, үйге құт кірді» дейді.

«Үт» – дегеніміз күн сәулесінің үйдің, саңлау тесіктен түскен тозаңдануын қазақ үт кірді деп оны жақсылыққа балаған. Яғни, күн нұрының жердегі тіршілікке жасар игі әсерін бейнелейтін үлкен мәні барын меңзейді. Аңыз-әпсаналарға зер салсақ, күн мен түннің дәлме-дәл теңелер сәтінде көкті жарып ерекше бір гуіл өтуге тиіс екен. Оны да ата-бабаларымыз «әз» деп атаған. Көшпенді қазақ халқы «Оны қой ғана біледі. Егер күндіз өтсе, қой арқылы қойшы ғана аңғаруы мүмкін» деп жорамалдаған. Бұл ерекше гуіл 22 наурызға дейін үш күннің ішінде естіледі-мыс. Сондықтан халық арасында «Әз болмай, мәз болмайды» деген сөз қалған. Үш күннің ішінде тырнақ пен шаш алуға болмайды. Әз өткенде жер көктеп, гүлдер бүршік жарып, күллі тіршіліктің тұла бойына жан бітеді деседі. Ырым-жоралғылармен ұштасып жатқан Ұлыстың ұлы күні, әрі табиғат құбылысына қатысты амалдар да жетіп артылады. «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілген» шағында, «Көтеремнің аузы көкке жетсе көксау да өлмейді» дейтін халық мәтелінің бір ұшығы осы көктем айымен ұштасады. Қар көбесі сөгіліп, көктен күннің нұры төгіліп, жердің тоңы жібіп, тамырыннан нәр алған тіршілік атаулының бәрі бүрленіп, ару дала жасыл көйлегін киіп, паңданып, сұлулығымен тамсандырған табиғат пен бірге адамзат баласы ырыс пен ынтымақтың ұйтқысы, молшылылық бастауы болған Ұлыстың ұлы күнін айырықша қадір тұтады. Наурыз айындағы жұлдыздың қозғалысына байланысты Наурыз жұмбақ та жасырған. Жеті түрлі тағамнан наурыз көже жасап, данагөйлер мен абыздардың батасын алып отырған. Наурыз айында туған бота, құлын, бұзау, қозы-лақтарды «наурыз төл» деп, тылсым табиғатпен тілін тауып, тамырын басып, жұлдыздарға қарап ауа-райын болжаған бабаларымыз наурыз айында гүлдейтін көп жылдық өсімдікті «наурызшешек» деп атаған. Отамалы – 15 наурызда кіріп, 17 наурызда шығатын амал. Халық арасында «Отамалы, от алғанша, керегенің басын шот алғанша», «отамалы, отамалыдан қалған ата малы» деген мәтелдермен ұштасады. Тәуелсіздік алғалы бері біз бұл мерекенің мән мағынасына терең үңілмедік, Тәлімдік, тағылымдық тамырына зер салмай, Ақбоз үйлер тігіп, көже таратып, баланың тұсауын кесіп, бесікке салып, ағаш егіп, ұлттық киім киюмен ғана шектелдік. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев *«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»* мақаласында Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын әзірлеп, көктем мерекесінің мазмұнын байытуды тапсырды. *«Наурыз мейрамының негізгі мақсаты – Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру»,* - делінген құжатта. Концепцияға сәйкес Наурыз мейрамының бес міндеті жүктелген. Алайда, бұл бес міндеттен бөлек, наурызға қатысты толып жатқан рухани құндылықтарды жаңғырту қазақ халқының еншісінде.

Береке мен бірліктің ұйытқысына айналған Әз Наурыз құтты болсын ағайын!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАН ТЫНЫСЫ

ҚАМЫС ҚАНТЫН ӨНДІРЕТІН қосымша желі іске қосылды

Көксу қант зауыты қамыс қантын өндіретін қуаты тәулігіне 300 тонналық қосымша желісін іске қосты. Қант қызылшасын өңдеумен айналысатын зауыттағы бұл жаңа желі кәсіпорынның маусымдық көзеңде ғана емес, жыл бойы үздіксіз жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Бүгінгі күнге Бразилиядан 7,5 мың тонна шикізат жеткізіліп, өңдеу ісі басталды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абатовтың айтуынша, қанттың бұл түрін өндіруге кәсіпорында бұрыннан бар қондырғылармен қатар Украина, Австрия, Ресей, Германиядан жеткізілген жаңа қондырғылар, жапониялық автоматты құрылғылар да қолданылады. Қосымша қондырғыларды жеткізу, монтаждау, тағы да басқа жұмыстарға 600 мыңнан астам АҚШ доллары көлемінде қаражат салынған.

Бүгінде зауыт 80 пайыз автоматтандырылған. Шетелдік құрал-жабдықтарды игеру де оңай емес. Жақында Украина, Ресей елдерінен арнайы мамандар шақыртылып, жергілікті кадрлар үшін арнайы оқыту курстары ұйымдастырылуда.

Мамандардың сөзіне қарағанда, қамыс қантын шығарудың бір артықшылығы оны өңдеуге кететін шығын салыстырмалы түрде алғанда аз. Және оның тәттілігі мен татымдылығы қызылша қантымен бірдей.

Негізгі шикізат Бразилия мен Мексикадан әкелінеді. Зауыт бір маусымда 25-30 мың тоннадай қамыс өңдеуді жоспарлап отыр. Межеленген бұл көлемдегі шикізатты өңдеу тамыз айына дейін аяқталып, зауыт күзден бастап қант қызылшасын қабылдауға қайта кіріседі. Осылайша өнеркәсіп нысанының жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтіні мұндағы 500-дей жұмысшыға да қуаныш сыйлады.

Қамыстан өндірілген өнім еліміздің қантқа сұранысын қанағаттандыру мақсатында отандық нарыққа шығарылып, бағаны ырықтандыруға септігін тигізбек.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЖОБА АЯСЫНДА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ КӨМЕГІМЕН КӘСІП АШҚАН

Алматы облысы Іле ауданының тұрғыны 52 жастағы Динар Дүйсенованың кәсіпкерлік саласында жүргеніне биыл төрт жыл. Ол 2017 жылы «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау» жобасы бойынша білім алып, оқыту жобасының алғашқы түлектерінің бірі болды. Сол кезде ол «Бастау» арқылы бұрыннан келе жатқан мақсатын жүзеге асыратынына сенбеген еді.

Динар ханым мамандығы бойынша тері жөніндегі инженер-технолог және агрохимик. Ұзақ уақыт бойы кәсіпорындар мен ветеринарлық зертханаларда жұмыс істеді. Ол кезде шағын қожалығы болғанымен, толыққанды кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін қаражат қажет болды. Әрдайым өз ісін ашуды армандап келді. Сондықтан, «Бастау» оқуына нақты жоспарымен келді. Мал шаруашылығымен айналысып, сүт өнімдерін шығаруды мақсат қойды.

«*Еліміз ауыл шаруашылығын дамытуға бағыт алды. Бұл өз идеяларымызды жүзеге асырудың, ата-бабаларымыздың ісін жалғастырудың тамаша мүмкіндігі. Өз ауылымның өркендеуіне үлес қосып, Қазақстанның үздік 30 шаруашылығының қатарына қосылғым келеді. «Бастау» жобасына, Кәсіпкерлер палатасына ризамын. Себебі, өмірім түбегейлі өзгерді. Қай жерге барсам да адамдарға «Атамекенге» оқуға жазылып, жаңа дағдыларды үйренуге шақырамын»,* – дейді кәсіпкер.

2017 жылы Динар Дүйсенова «Игілік» бағдарламасы бойынша 6 млн. теңге несие алып, ол қаражатқа сиыр, жылқы, ешкі және қой сатып алды. Шаруашылықтың жері кеңейді. Содан кейін олар сулугуни, брынза, ешкі сүтінен құрт жасай бастады.

«*Әр апта сайын демалыс күнгі жәрмеңкеге қатысатынбыз. Онда өнімдеріміз лезде сатылып кететін. Бәрі табиғи өнім. Өткен жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 50 млн. теңге көлемінде несие алдық*», –дейді кәсіпкер келіншек.

Динардың шаруа қожалығы ай сайын 500 литр сүт шығарып, сүттен қаймақ, май, айран, брынза, чечел, ірімшік, құрт, йогурт, сүзбе, сулугуни сияқты сүттен 12 түрлі өнім сата бастады. 2020 жылы коронавирустық пандемияға байланысты кәсіптің қарқыны төмендеді.

«*Карантиндік шараларға байланысты жәрмеңкелер ұйымдастырылмаған соң, өнімді өткізу қиынға соқты. Соған қарамастан, биыл өнім көлемін ұлғайтамыз деп мақсат қойып отырмыз*», – дейді Динар.

«Бастау» түлегі жас кәсіпкерлерді жобаларын ауылдық жерлерде іске асыруға шақырады. Себебі, ауылдарда ашылмаған кәсіп түрі көп әрі оны дамытуға мүмкіндіктер жеткілікті.

Динар бизнеспен қатар белсенді қоғамдық және қайырымдылық қызметін жүргізеді. Іле ауданы Междуреченск ауылының қоғамдық кеңесінің мүшесі, әрі бастамашыл әйелдер кеңесінің құрамында. Көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды жүйелі түрде жан-жақты қолдап келеді.

«*Бастау» бойынша оқу басталған алғашқы сабақта Динарды үлгі етіп, жобаның нәтижесі туралы өз аузынан айтып беруге шақырамын. Қатысушыларға тамаша мотивация береді. Ол шағын ғана ауылда жүріп үлкен іс ашуға болатынын жақсы дәлелдеген кәсіпкер*», – деп атап өтті Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының бизнес-тренері Гүлмира Бағжаева.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылы «Бастау» жобасы сәуір айында басталады деп жоспарлануда.

Ш. ХАМИТОВ.

ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ

МЕДИАЦИЯ

«Медиация» сөзі латын тілінен аударғанда «делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға» деген мағынаны білдіреді. Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Қазір бұл жүйе еліміздің сот саласында, құқық қорғау саласында емін-еркін қолданыста. Тіпті күннен-күнге оның қолданыс аясы кеңіп, түрлі мақсаттарда қолданылып жүр.

Медияцияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Осындай екі тарапқа да ыңғайлылығына орай бүгінде медиациялық жолмен келісімге келуге сұранушылардың қатары артып отыр.

Медиация шетелде алғаш рет отбасылық қатынастар аясында туындаған дау-дамайларда қолданыла бастайды. Кейіннен ауқымды кикілжіндер мен даулардың шешімін табуда кең қолдау тапқан медиация жергілікті қоғамдастықтардағы жанжалдан бастап, коммерциялық және көпшілік ауқымда туындаған күрделі әрі жан-жақты дауларға да «төрелік» жүргізе бастаған. Қазіргі таңда біздің елімізде де медиация осындай дау жанжалдар кезінде қолданылуда.

Тарихта белгілі болғандай ел ішіндегі кез-келген даулы мәселелер мәмілегерлік, өзара түсінушілік, бітімгершілік жолымен шешіліп отырғандықтан ағайындар арасында алауыздық тумай, ұзақ жыл береке-бірлікте өмір сүрген. Кешірімділік, кішіпейілділік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан. Сондықтан біздің елімізде де сот жүктемесінің азаюына үміт зор! Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы бойынша дауларды жеке қарсылық аясынан шығарып, мүдделі пікірталас аясына беру көзделген. Мүдделі азаматтар мен ұйымдарға дауларды сотқа жүгінбестен, сотқа дейінгі сатыда қарау барысында шешу іс-әрекеттерін бір жүйеге келтіру қамтылады.

Бітімгершілік - дауды шешудің озық әдісі болып табылады. Ұсақ-түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі, қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын моральдық, материалдық қиындықтардан құтқарады. Бұл халыққа да, сотқа да тиімді. Сондықтан дауларды сотқа жеткізбей-ақ бітімгершілікпен шешу мәселесін жүйелендіріп, жұмысты оңтайландыра түскен жөн деп санаймыз.

Агзам АБДРАХМАНОВ,
Алматы облысы МАЭС- ның судьясы.

ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖАМБЫЛТАНУ ПӘНІ ЕНГІЗІЛМЕК

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде гуманитарлық факультеттің ұйымдастыруымен «Жамбыл феномені: жамбылтану ғылымы мен білім беру» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция өтті.

Шара барысында филология ғылымдарының докторы, профессор Қанипаш Мәдібаева сөз алып, Жамбылдың эпикалық мұрасына талдау жасады. Сонымен бірге «Жамбылтану» пәнін енгізу керектігін де тілге тиек етті. Мұнан кейін Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Көлбаев сөз сөйлеп, карантиндік режим қалыпқа келсе сәуір айында Жамбыл Жабаевтың мерейтойына арналып республикалық айтыс ұйымдастырылатынынын айтты.

Өз кезегінде сөз алған Халықаралық Жамбыл қорының төрағасы Ізбасар Манарбек «Жамбылдың мәңгілік жарқын жолы» ғылыми мақалалар жинағы шығып, «Менің пірім – Сүйінбай» халықаралық жас ақындар айтыс өз мәресіне жеткенін баяндады. Сондай-ақ, ол «Жамбылдың туған жерінен, тұрған жеріне дейін» өмірбаянынан сыр шертер жинақ дайындап жатқандығымен де бөлісті.

Конференция барысында филология ғылымдарының кандидаты Сайлау Қожағұл да халықтың тағдырын толғаған жырау жайлы баяндама жасады.

Ардагүл ӘСКЕРБЕК

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 90

Табиғаттың өзі бар дарынын бір басына үйіп бере салған ақындарымыздың бірі – Мұқағали Мақатаев. Ақынның ғұмырлы поэзиясы бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен мықтап тұрып орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналды.

Бір өлеңі – бір әлем

Ақынның әр өлеңі өзінің мағынасымен, шынайылығымен, тазалығымен оқырманын баурап алады және оған түрлі ой салады. Мәселен, ақынның «Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы» өлеңін алайық.

Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,
Бұдан артық рахат табылмайды.
Бұлдырасын өткен күн сағымдай бір,
Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы.
Сағыныштай сарғайып жанды ма күз
Сары шәйі жамылып алды ма түз?

Ақын қолданысындағы көркемдегіш құралдың бір түрі – риторикалық сұраулар. Риторикалық сұрау(лепті сұрау) шешендік тәсілге жататын айшықты сөз тіркесі, ойды, сезімді әсерлі ету үшін жауабы өзінен өзі-ақ айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Бұл күмәндану, шүбә келтіру мүмкін емес деген айрықша сенімділікті білдіреді.

Ақын өлеңінде өте ұтымды қолданған көркемдегіш тәсілдің бірі – кейіптеу. Кейіптеу – әр түрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Өлең жолдарынан мысал келтіретін болсақ:

Сағыныштай сарғайып жанды ма күз,
Сары шәйі жамылып алды ма түз?

Ақын өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, оның қалтарыссыз сүйген жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім жетегінде өтті. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз, ақжарқын көңіл мен сазды сыр төгіліп жатыр. Өлеңнің әуезінен де, ырғағынан да ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Ақиық ақынымыз өлеңге бар жан дүниесін ашты, осылайша өлеңнің сырлы құпияларын әлемге жария етті.

Г. АХМЕТОВА,
Қадырғали Қосымұлы Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНО

ПРОДОЛЖАЮТ ВЫЯВЛЯТЬ ЗАРАЖЕННЫХ КОРОНАВИРУСОМ

Общее количество заболевших COVID-19 среди школьников по республике не превышает 0,2% учащихся. Об этом сообщил на заседании правительства министр здравоохранения РК Алексей Цой.

«С учетом постепенного запуска обучения в оффлайн режиме мы проводим ежедневный мониторинг заболеваемости школьников. Продолжается регистрация случаев среди школьников. Общее количество заболевших по республике не превышает 0,2% учащихся. В настоящее время карантинные меры применяются дифференцировано с учетом заболеваемости в регионах и в отдельной взятой школе», - сказал Цой.

По его данным, для подготовки объектов образования к обучению в офлайн-режиме было проведено 3 266 проверок на предмет соблюдения требований режима карантина, в ходе которых выявлены нарушения в 282 школах или 8,6%. В настоящее время все выявленные нарушения устранены.

«Вместе с тем, в связи с увеличением числа обучающихся в офлайн-режиме акимам территорий необходимо обеспечить постоянный контроль за соблюдением санэпидтребований и исполнением основных мер профилактики коронавирусной инфекции в организациях образования, такие как проведение утреннего фильтра, соблюдение масочного режима персоналом, проведение влажной уборки и дезинфекции помещений и другие», - заключил министр.

«АЛАТАУ- АҚПАРАТ»

БРИФИНГ

ГОССЛУЖАЩИЕ ПО КОНТРАКТУ

На брифинге в Агентстве по делам госслужбы сообщили о планах введения института контрактных госслужащих – их будут нанимать на время реализации конкретных госпроектов и инициатив.

Глава агентства Анар Жаилганова сообщила, что план реализуют в рамках концепции развития госуправления, которую в конце февраля утвердил президент страны. «После оптимизации штата госаппарата будет введен институт контрактных госслужащих, что позволит привлекать профессионалов со специальными знаниями на период реализации государственных инициатив и отраслевых проектов», - заявила спикер.

Также она напомнила, что в 2021 году состоится второй набор в президентский резерв. «Будет продолжена работа по дальнейшей систематизации отбора в ПМКР для привлечения талантливой молодежи и повышения потенциала госаппарата. В частности, в текущем году состоится второй набор в президентский резерв», - сообщила Жаилганова.

СОБ.КОРР.

ЭКОЛОГИЯ

БУДУТ РАБОТАТЬ 19 ЭКОПОСТОВ

На въездах в Алматы начинают работу обновленные экопосты, сообщает газета «Алатау» со ссылкой на zakon.kz.

В своем аккаунте в Instagram аким Алматы Бакытжан Сагинтаев рассказал об установке на въездах в город 19 экопостов, два из которых начнут работу в эти дни.

Во время рабочего объезда посетил новый экологический пост, установленный на Кульджинском тракте. При помощи многокомпонентных газоанализаторов здесь будут проверять выхлопные газы бензиновых и газовых автомобилей на содержание углеводородов, оксида углерода, диоксида углерода, окислов азота, кислорода. Дизельные машины будут проверять на дымность выхлопных газов, — написал Сагинтаев.

По его данным, всего будут работать 19 экопостов на въездах в город. Первые два – на Кульджинском тракте и на ул. Бухтарминской запускаются в эти дни. При проверках в тестовом режиме выявлено порядка 5 тыс. легковых и более 1 тыс. грузовых автомобилей, превышающих нормы токсичности.

В ближайшее время начнут работу передвижные экологические патрули, оборудованные газоанализаторами и дымомерами. Кроме того, на всех экопостах устанавливаются станции измерения качества воздуха с выводом данных на онлайн-карте и LED-дисплеях.

Эти меры направлены на оздоровление экологии города и снижение доли автотранспорта, загрязняющего атмосферу, — подчеркнул аким.

Как сообщалось ранее, онлайн-карта мониторинга экологических показателей предоставит жителям мегаполиса расширенный доступ к данным о состоянии окружающей среды, в том числе качестве атмосферного воздуха.

Проект является динамической платформой, объединяющей все доступные данные о состоянии экологии Алматы. Каждые 20 минут в режиме онлайн мониторинговые станции передают в систему информацию о состоянии воздуха. Станции измеряют объем загрязняющих веществ в атмосфере, а также параметры влажности, температуру, давление, направление и скорость ветра. Отображаются средние значения за определенный период и среднесуточные показатели ПДК.

Целью проекта, реализованного по поручению акима Алматы Б. Сагинтаева, является предоставление рядовым горожанам, экспертам и специалистам данных в формате онлайн. Кроме того, будет сформирована база данных, которая позволит на основе их анализа прогнозировать изменения качества воздуха и другие параметры.

К. ПФАЙФЕР.

НОВОСТИ

ПОВЫСИТЬ ОХВАТ НАСЕЛЕНИЯ ВАКЦИНАЦИЕЙ

НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА РК АСКАРА МАМИНА РАССМОТРЕНА САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В СТРАНЕ.

В настоящее время в Казахстане наблюдается рост заболеваемости коронавирусом, особенно в Алматы, Нур-Султане и Западно-Казахстанской области, которые вошли в «красную зону». Растет число заболевших в Алматинской, Карагандинской, Акмолинской и Атырауской областях.

Показатель репродуктивности вируса по республике составляет 1,1. Загруженность инфекционных больниц — 24%, реанимационных коек — 16%. За прошедшие сутки зарегистрированы 954 случая КВИ+ и 7 случаев КВИ.

В стране налажен выпуск российской вакцины и ожидается регистрация отечественной вакцины. Вакцинация населения началась в феврале. К настоящему времени провакцинированы свыше 95 тыс. человек.

Первыми стали медицинские работники, затем педагоги, сотрудники силовых структур. Все получившие вакцину имеют хорошее самочувствие, показали нормальную переносимость препарата и отсутствие побочной реакции. В апреле будет значительно расширено количество вакцинируемых, в т.ч. среди представителей старшего поколения. Глава Правительства отметил, что обеспечение доступности и массовости вакцинации является первостепенной задачей в борьбе с пандемией.

Вакцинация позволит сформировать коллективный иммунитет у населения и ограничить дальнейшее распространение инфекции. Именно этот фактор является весьма важным в борьбе с пандемией, а также восстановлении экономического роста, — сказал Мамин.

В целях увеличения количества вакцинируемых премьер-министр поручил дополнительно развернуть прививочные кабинеты с необходимыми условиями для хранения и транспортировки вакцины, усилить информационно-разъяснительную работу с гражданами.

На сайтах акиматов нет подробной информации о вакцинации, ее пользе, адресах прививочных пунктов. Нужно организовать семинары среди общественности и медицинских работников для формирования среди населения правильного мнения о важности вакцинации, — сказал Мамин.

Министерству здравоохранения поручено до конца марта т.г. провести контроль готовности прививочных пунктов и решить все вопросы для своевременной доставки необходимого количества вакцины.

Акиматам регионов дано поручение обеспечить соблюдение населением ограничительных мер, особенно в массовых коллективах и организациях образования, не допускать проведения увеселительных мероприятий с большим скоплением людей, совместно с министерствами внутренних дел, здравоохранения — усилить работу мониторинговых групп и строго привлекать к ответственности нарушителей. Министерству здравоохранения совместно с акиматами поручено оперативно реагировать на очаги заболеваемости и корректировать ограничительные меры.

Все контактные лица с заболевшим должны находиться под контролем с обязательным проведением тестирования на коронавирус. При этом не снижать уровень проводимых ежедневных ПЦР - тестирований, — сказал Мамин.

«ALATAU-AQPARAT»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

БАҒЫНБАҒАН БАҒА, ТАРЫҚҚАН ХАЛЫҚ

Нарықтың заңы, бәсекелестік, бақталастық, балтырын байпақ қысқан байманаптардың дәуірі жүріп тұрған заман. Ал, кедей-кепшіктер қара нанын әрең тауып, көз жасына шылап жеп жүр. Басқа тартқан көрпесі аяғына, аяғына тартса, басына жетпейді.

Ең сорақысы, Қазақстан алтын сандықтың үстінде отырып қара халқын не мұнаймен, не көмірмен, не газбен, не азық-түлікпен толықтай қамти алмауда. Менделеев кестесіндегі бар байлықты ат төбеліндей топтар ғана бөліп алып, «сараңның берген садақасындай» елдің езуіне су тамызғандай болады. Оның өзінің де бағасы удай. Тіпті, жылдан-жылға бағынбаған баға, тарыққан халықтың қабырғасын қайыстырып жіберді. Үкімет те «жау кеткен соң қылышыңды қиға шап» дегендей, базардағы азық-түліктің бағасының 2,6%-ға қымбаттап кеткенінде атқа қонып, жергілікті әкім-қараларды қайда қарап отырсыңдар деп сілкілеп жатыр. Олардың да қалталарынан суырып бере салатын қырық сылтауы бар. Біздің жекеменшік иелеріне құзыретіміз жүрмейді дейді. Алайда, жоғарыдан бұйрық түссе, тауар өндірушілермен және тасмалдаушылармен келісімшартқа отырғандарын айтып, бағаны бақылауға алдық деп жар салып жататын әдеттері бар. Үкімет те, жергілікті билік органдары да болары болып, бояуы сіңгенде ғана неге атқа қонғанын «атам да, апам да аң-таң». Осыдан соң, «өзім өлейін деп жатсам, өлген әкем түсіме кіріпті» дегендей, Ковид пен пандемиядан есеңгіреп

жүрген бұқараның әлеуметін қорғай алмаған билікке халық ашынбағанда қайтеді. Басқаға тоқтау салса да кеңірдекке тоқтам жоқ. Азық-түліктің базардағы бағасынан ат үркетін болды.

Жетісу өңірі аграрлық сала бола тұра, халқын көкөніспен де қамтамасыз ете алмауда. Сенбі күні жәрмеңке ұйымдастырған болады. Ондағы саудагерлер де күнделікті базарда отырған тіс қаққандар. «Қосылғыштар өзгергенмен, қосынды мәні өзгермейді» дегендей, бес он теңге түсіріп сатқанмен, таразыдан тартып жеп, есесін жібермейтіндерін айтып жүргенін талай естігенбіз.

Үкімет отырысында Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов *«Азық-түлік бағасының қымбаттауына жол берген шенеуніктер, онда да әкім орынбасарлары жазалансын»* деп ұсыныс жасады. Қалың бұқараның зар-мұңы құлақтарына кештеу жеткен Үкімет басшысы Асқар Мамин де *«азық-түлік бағасының шарықтауына жол берген әкімдердің орынбасары емес енді тікелей әкімдердің өздері жауап беретін болады»* - деді.

«Қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса» дегендей, тауар өндірушілермен арадағы делдалдар бірлесіп көтеріп жіберген бағаны енді қайтып төмендетеміз дегенге қараша сенбейді. Бұл шаралар бұған дейін де айтып, сан мәрте талқыға түскен-ді. Себеп, жанар-жағармай, көгілдір отын мен энергия желісі қымбаттағанда оның бір ұшқыны базар нарығына келіп тиеді. Өйткені тауар өндірушілер мен базарға , сауда нүктелеріне жеткізгенге кеткен жанармай шығынын азық-түлік тасымалдаушылар өндіріп алады. Мұның сыртында ортада жүрген делдалдардың да көретін пайдасы бар. Күндері болар болмас зейнетақымен мардымсыз жалақыға қарап отырған отбасылар үшін бұл «жығылғанға жұдырық болып тиді. Қыл аяғы көкөніске дейін сырттан тасымалданады. Жергілікті жерде өндірілген өнімдер облыс халқының мұқтажын өтеуге толықтай жетпейді. Мәселен, Талдықорған қаласында сұйық майдың 5 литрі 3000-нан 3300-ге дейін барса, 1 литрі 680 теңгеден басталады. 25 килограмм бірінші сортты ұнның бағасы 4500 теңге болса, 50 келі ұнның бағасы 8500 теңге, 25 килограмм жоғарғы сортты ұнның бағасы 4800 теңге, 50 келінің бағасы 9500 теңгеге дейін шарықтаған. Күнделікті тұтынатын бұл тағамның бағасының аспандауы әлеуметтік тұрмысы төмен отбасылар мен зейнетақыға ғана қарап отырған отбасылар онсызда үнемдеп жүрген табыстарын қайда жеткізерлерін білмей дал. Бір нанның (булка) бағасы 100-110 теңге. Ал, оны өндіріп сатушылардың қойған бағасы мен сауда нүктелеріндегі сатушылардың бағалары екі бөлек. Бір жаңұяда 3-тен, 4-тен бала бар деп есептесең, күніне екіүш бөлке 330-теңгеден есептесеңіз бір айға 9900 теңге тек қана нанға кетеді екен. Ал, тамақтың макарон, күріш, вермишельдердің бағалары әртүрлі. Мәселен, «Сұлтан» деп аталатын макаронның жартысы 230 теңгеден. Бағалар әр дүкенде әртүрлі бағада. 25 килограмм мөшектегі құмшекердің бағасы 7000 теңге болса, қанттың жалпы 1 киллосы 330-дан жоғары. Күріште осы шамалас атауларына байланысты 300-бен 330-дан бастау алады. Басқа-басқа, жылдан жылға егістік көлемін ұлғайтып жатырмыз деген әкімдіктер жетісулықтарды не қантпен, не күрішпен, не ұнмен, не көкөніспен қамтамасыз ете алмай отыр. Бір емес екі бірдей қант зауытымыз бар деп бөрікті аспанға атамыз.

Қазекем «ет дегенде бет бар ма?» деуші еді. Енді, малдың еті түгіл құстың етіне қол жеткізу мұңға айналды. *«Жесең тісіңе, жемесең түсіңе кіретін»* жылқы мен сиырдың етінің бір киллосы 2500теңге, қазы-қарта 3000теңге, қой еті 1800-ден сатылуда. *«Ет-етке, сорпа-бетке, қойдың еті қорғасын»* деп таңдап жейтін қазақтың байбағландары болмаса, жарлы-жақыбайлары енді тісін шұқымайтын болды.

Өзімізде өндірген тауардың бағалары сырттан тасымалданатын бағалардан қымбат. Балқаш пен Қаратал аудандары күрштің отаны саналады. Алайда, өнім өндірушілер нарықтық бағаны сұрайды. Мұндайда Абайдың: «Бас-басына би болған өңкей қиқым» деген тәмсілі еріксіз ойға оралады. Басыңды шайқатып таңдайыңды қақтыратыны, нарықтық жүйеде еркіндік болуы керек дейді де, халыққа бағаны бақылап отырмыз деп Алдар көсенің рөлін айнытпай сомдап жүрген Үкімет пен жергілікті билікке таң қаласың. Нарықтық дәуірде өмір сүріп жатқан бұқараның әлеуетін көтеріп, зейнет ақыларын және еңбек еткен жандардың ақыларында нарықтық дәрежедегі жалақыға көтеруге биліктің құлқы жоқ. «Өз-күнінді өзің көр» деген қағиданы берік ұстанған. Алайда, жұмыс берушілер де, жұмыскерлердің еңбек ақыларын уақтылы бермей әуре-сарсаңға салып, шуылдатып жүргендерін ақпарат құралдары арқылы жар салуда. Батыс өңіріндегі мұнай салсындағы вахталық режімде жұмыс істейтін жұмысшылар қытай фирмасы басқарып отырған кәсіпорындарға жалақымызды көтерсін, күн көрісіміз қиындап кетті деп

ереуілге шыққан-ды. Бұдан бөлек құрылыс саласында жүрген құрылысшылар, Ақтөбе облысы мен Нұрсұлтан қаласында айлап жалақыларын ала алмай, «банктегі несиелерімізді төлей алмай қарызға белшеден баттық, бала-шағамыз тамақ ішпей ме, киім кимей ме, үйге баратын бетіміз жоқ» деп ереуілдеп даурыққан-ды. Күн көріс, әлеуметтік жағдайлары төмен отбасылар түгілі, аяқ-қолдары балғадай, аязды күнге қарамай құрылыс, басында жүрген жұмыскерлер маңдай терімен тапқан, еңбек ақыларын ала алмай жүргенде, азық-түліктің қымбаттауы «жылағанға өкірген жолыққандай» болды. Бірді айтып, бірге сырғығандай болмайық. Азық-түліктен бөлек, базардағы көкөністердің де бағасы көкке көтерілген. Біз Талдықорған қаласы мен көрші Көксу ауданындағы азық-түлікпен көкөністердің бағасын салыстырып көрдік.

Талдықорғанда картоптың 1кг 200 теңге, сәбіздің 1кг 190 теңге, алманың 1 кг 450 теңге, мандарин 1кг 460 теңге, қиярдың 1кг 750 теңге, қызанақтың 1кг 800 теңге, жұмыртқанын бір данасы көтерме сауда үйінде 46 теңге. Ал, көрші Көксу ауданындағы сауда нүктелерінде 1 литр сұйық майдың бағасы 450 теңгеден 750-ге дейін өскен. Демек, 5 литрі 3300-теңгеден айналады. Ұнның 25 кг бірінші сорты 4800 теңге, бұрынғы баға: 3500 теңге. 50 килограммы 8500 теңге, бұрынғы баға:7200 теңге. Жоғарғы сортты ұн 25кг – 5000 теңге бұрынғы баға:4200 теңге. 50 кг – 9500 теңге бұрынғы баға: 8500 теңге. Қант 25 кг – 7500теңге бұрынғы баға: 5200 теңге. 50 кг – 14800 теңге, бұрынғы баға:12500 теңге Жалпы баға күнделікті тұтынантын азық-түлікке екі жарым есе қосылған. Көкөністердің бағасы көктемге қарай жылма-жыл құбылып тұрады. Көтерілмесе төмендеген емес. Картоп – 1кг 250теңгеден басталады бұрынғы баға:150 теңге. Сәбіздің 1 кг 170 теңге бұрынғы баға:110 теңге, Алманың бағасы 1 кг 480теңге, бұрынғы баға:280 теңге. Ал, мандарин 1 кг – 450 теңге, бұрынғы баға 380 теңге.

Өнім өндірушілердің пайда табудың жолына түскенін Үкімет отырысында Асқар Маминнің өзі айтқан-ды. Алайда, олардың бір көтерген бағасы қайтып төмендемейтіні хақ! Басқа-басқа, Жетісуда көкөніс пен құстың етімен жұмыртқасына зәрулік туындағаны әрі бағасының балқантаудай дәрежеге жеткені көңілге кірбің ұялатып тұр. Облыс бойынша 10-ға жуық құс фабрикасы бар екен. Құс өнімдерінің көтеріліп кетуінің себебі Республика бойынша 33 құс фабрикасының қожайындары бір-бірімен сөз байласып, шарт жасасып, бағаны көтеріп жібергендерін билік органдары анықтап білген. Мәселен, Қостанайда құс фабрикалары құс өнімдерін 33 пайызға бірақ көтеріпті. Қылышын кеш сермеген Үкімет енді азық-түлік өнімдеріне де жол картасын әзірлеп, әлеуметтік бағаны тұрақтандыру үшін мониторинг орталығын құрып, сауда және интиграция құруды қолға алмақ. «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей дейтін заман көзден бұл-бұл ұшты. Майлы ас түгілі шөп-шалам мен көкөніске зарығып қалмасақ болғаны да. Жұлынға жұғын болмайды деген жұмыртқа мен құс етіне қол жетпеген соң, не шара?!

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАСҚАРА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ДЕ ЕТ ПЕН СҮЙЕКТЕН ЖАРАЛҒАН ЖҰМЫР БАСТЫ ПЕНДЕ. ОЛАРДЫҢ ДА ҚЫЗМЕТТЕН ТЫС, ДЕМАЛУҒА ҚҰҚЫ БАР. БІРАҚ, «ҮЙ АРТЫНДА КІСІ БАР, АБАЙ БОЛ» ДЕГЕН ТӘМСІЛДІ БҰЛАР ҰДАЙЫ ЖАДЫНДА ҰСТАУЫ ТИІС. СЕБЕБІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ХАЛЫҚТЫҢ БЕТ АЙНАСЫ. ОЛАРДЫҢ ЖҮРІС-ТҰРЫСЫ, КИІМ-КИІСІ, СӨЗ САПТАУЫ, БІЛІМІ-БІЛІКТІЛІГІ, ІСКЕРЛІГІ ХАЛЫҚТЫҢ ТАЛҚЫСЫНДА ТҰРАДЫ. ХАЛЫҚ ТА СОЛАРҒА ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙДІ.

ІШІМДІК ІШІП, іші күйген шенеуніктер

Алайда, «Сенген қойым сен болсаң, күйсеген аузыңды....» дегендей, көпке күлкі, журналистер мен блогерлерге түрпі болып жүрсе, кімге өкпелейді. Бұл бір ғана Жетісу өңірінде болып жатқан жағдай емес, Қазақстанда 14 облыспен, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларын қосқанда 17 аймақта, екі күннің бірінде мемлекеттік қызметкерлер туралы түрлі хикая еститін болдық. Бірі жемқорлықпен шатылып, енді біреулері жұдырығына сеніп, әріптесін ауруханаға түсірсе, тағы біреулері мемлекеттік қызметтік көлікті жеке пайдасына пайдаланып, ішімдікке сылқия тойып, не істеп не қойғанын білмей, «атам да аң таң, апам да аң таң» дегеннің керін жасап жүр.

Әлқиса, әңгімені әріден таратып көрелік. Ішіп алып концерт қойып жүрген шенеуніктерге қатысты 2016 жылы әдеп кодексіне, тойда ішімдік ішуге тыйым салынған болатын. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасының орынбасары болып тұрғанда Алик Шпекбаевтан, Қымбат

Белгібаева деген мемлекеттік қызметкер «Мен қызымды ұзатып, той жасамақпын, тойда мөлшермен ішімдік ішуге рұқсат берсеңіз» деген өтінішін айтып, өзінің өресін көрсеткен-ді. Ол, ол ма, анабір жылдары арақты асыра сілтеген Ақмола облысы, Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары әжетханаға жете алмай, қуығы сыздап, қала ішіндегі талдың түбіне кіші дәретін жіберіп тұрғанда видеоға түсіп, масқара болған. Бұл көрініс республикалық масштабқа шығып, үлкен додалы айтыста Ақмола облысының намысын қорғаған айтыскер Әлібек Серғалиевке, қарсылас болған қарғандылық Дидар Қамиев:

Өткенде Көкшетауда бір жай болды,
Соған менің көңілім налатұғын.
Қаланың зәм әкімі удай мас боп,
Дүрліктіріп кетті ғой қала түнін.
Тал түбіне кіші дәрет сындырғанын,
КТК-дан көрсеткен болатұғын.
Естімеген елде көп дегендейін,
Мұндайда түрі бар-ау сорақының.
Сол кезде барша қазақ жаға ұстады,
Басқа жер таппап па деп баратұғын.
Бүгінгі кей басшының ісі осындай,
Халықтың қақ жармаған қара қылын.
Әлібек осы жайға сен не дейсің,
Деп жүр ғой Көкше сені дара ақыным.
Ел-жұрттың айтуынша Көкше тауың,
Жасыл-желек жайқалған қалатұғын.
Неге сонша жасарып тұрад десем,
Суарып жүр екен ғой замәкімің - деп әжуалағаны бар.

Білдей бір шенеунік үшін елдің, жердің намысын қорғаған ақын жауап беруге тура келді. Жауабын тауып айтты:

Дидарда жыр-дастанды толғайды-кеп,
Басыңа қара бұлт орнайды деп.
Өзімде таңғалып тұрмын қазір,
Ойлама осы сөзден сорлайды деп.
Негізі ол әкімнің ондайы жоқ,
Жауабын қолма-қол жолдайды дәп.
Кім біледі ниеттеніп жүрген шығар,
Орман шаруашылығын қорғайын деп.
Бауырым енді маған неғыл дейсің,
Онсызда біздің елде зор қайғы көп.
Ойлашы зам әкімге қалай айтам,
Ағашты суғаруға болмайды, – деп

шенеунікті жаманатқа қимаған болатын. Міне, бүгінгі шенеуніктердің кескін келбетін, олардың мемлекетшілдігі қай дәрежеде екенін, жемқорларынан және ішімдік ішіп, көлік айдап, адам басып кеткендерінен көруге болады. Бәріне бірдей топырақ шаша алмаймыз. Арақ деген атаңа нәлет қазақты қай орға жықпады. Отбасын ойрандады. Сауды жынды қылды. Ақылдыны ақымаққа айналдырды. Ана бір погонды полицей ішіп алып поста тұрған әріптестерін көлікпен таптап өтті. Істі болды, сотталып кетті. Еңбекшіқазақта желкілдеп өсіп келетін төрт жас өркенді арақтың кесірінен біреуін өлім құштырды. Алла қалғанына ғұмыр бере ме, бермей ме, тағдырлары қыл үстінде тұр. Енді міне, Талдықорғанда шу шықты. Желіде видео авторы Қайрат Әбдірахмановтың Талдықорған әкімдігінің қызметкерлерінің «Караоке» барда көңіл көтеріп отырған видеосы жарияланды. Интернет пен көгілдір экранның бетін бермей тұрған бұл ақпарат өңір басшысы Амандық Баталовқа базарлық бола қоймасы анық.

Алдыңғы шенеуніктері жемқорлықпен шатылып, әкім «сенімімді ақтамады» деп журналиске сұхбат беріп еді. Қол астындағылар ізі суымай жатып, бірінен кейін-бірі дүрліктіріп жатыр. Әдеп кодексінің әліппесінен жаңылғандар мемлекеттік қызмет көліктерін жеке бастарына пайдаланып, арақ-шараптың арқасында абыройдан айырылды. Көшеде Құдай қосқан қосағын қорлады. Атағы шығып жер өртеп республикаға танымал болды. Әлемді жаулап, адам баласын тажал жұтып жатқанда, елді ұйыстырады, жұдырықтай жұмылдырады деген шенеуніктердің үлкені де кішісі де тәубелерінен жаңылып жүр. «Қазақта алдыңғы доңғалақ қайда жүрсе, соңғы доңғалақ солай жүреді» деген тәмсіл бар. Жыл басынан бері Алматы облысындағы мемлекеттік қызметкерлерді қырсық шалып тұр. Біреулері жемқорлық пен шатылып, енді біреулері ішіп алып, полициямен блогерлерге тұтылуда. Қаланың жаңадан тағайындалған әкімі Ержан Жасыбаевқа да бұл абырой әпермейді. Кінәлілер жазасын алар. Қызметінде қалатыны қалар, қалмағаны хош айтысар, мәселе мемлекеттік қызметкерлердің идеологиялық тәрбиеден жұрдай екенін, өңір, қала басшысы да білуі тиіс. Экономика-экономика деп жүріп, идеологиялық тәрбиенің іріп-шірігенін облыстағы болып жатқан жағдайлардан көруге болады. Кешегі кеңестік кезеңде «іс тетігін кадр шешетін». Қазір істі кадр емес, қалта шешетін дәуір. Оны елді дүрліктіріп жатқан шенеуніктерден көруге болады. Мақала басында мұндай жағдайлар тек қана Жетісу өңірінде болып жатпағанын айтқанбыз. Арақ ішіп, мемлекеттік көлікті жеке басына пайдаланған шенеуніктер туралы жүздеген факті келтіруге болады. Интернет желісін сүзгіден өткізсеңіз ауыл әкімінен бастап, прокурор, полиция тізбектеліп кете береді. Бұл ішімдікке қарсы, ал білегіне сеніп, қолайына жақпағанды жұдырықтап, ауруханға түсірген шекпенділер жайындада бір мағлұмат бере кетейік. 2011 жылы Шығыс Қазақстан облысының бас экологиялық инспекторы Эдуард Кимге қатысты қылмыстық іс қозғалған болатын. Ол жергілікті кәсіпкер Евгений Касаткиннен 1 млн. теңге ақша бопсалады деп айыпталған. Ең қызығы параның бір бөлігін ол бартер ретінде талап етіп, жарты тонна қарақұмық пен 200 келі асбұршақ экологиялық инспекторға тиесілі қаладағы мекемелердің бірінен табылған. Ең сорақсы Эдуард Ким аталмыш кәсіпкерді соққыға жығып, ауруханаға түсірген. Сондай-ақ, мейрамхананың әншісін және өзінің қол астындағы қызметкерін ұрып-соқты деген күдікке ілінген.

Қазақ мұндайды «өзің диюанасың кімге пір болғандайсың» дейді. Біз онсызда «қасықтап жыйған абыройларын шелектеп төккен» шенеуніктердің аттарын атап, қызметтерін түстемедік. Елдің алдында жүріп, елге қызмет жасағаннан кейін, мемлекеттік шенеунік, сауысқандай сақ болуы керек-ақ. Өкінішке орай, қадірін қашырып, қара бастарының қамын күйттейтіндер көбейіп барады. Не дейміз енді. «Арақ әкеңнен қалған ас емес, жемқорлық жеті атаңнан жалғасқан салт емес еді ғой, шенеуніктер!

P.S. Айтпақшы, індет өршігелі бері қазақстандықтардың көбі арақ пен есірткіге үйір болғаны және ішімдік өндірісінің күрт атқанын ақпараттар ағыны таратуда. Тіпті есірткінің жолын кеседі деген полицейлердің Қызылордада, батыс өңірлерінде есірткі тасымалдаушылармен ымыраласқанын ішкі істер министрлігі өздері әшкерлеген болатын. Ресми мәліметтер бойынша 2020 жылдың сәуірінде қазақстанда этиль спиртін өндіру көлемі 1миллион 987 мың литрді құраған.

Айтақын МҰХАМАДИ

ЕНПФ Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

О ПОРЯДКЕ ПЕРЕДАЧИ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ УПРАВЛЯЮЩИМ КОМПАНИЯМ

С января 2021 года вступили в силу законодательные нормы, предоставляющие гражданам право использования части своих пенсионных накоплений не только для улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, но и для передачи в инвестиционное управление управляющим компаниям (управляющим инвестиционным портфелем – УИП).

Согласно Закону о пенсионном обеспечении, Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка:

- разрабатывает и утверждает требования к УИП, которым могут быть переданы в доверительное управление пенсионные активы, а также перечень финансовых инструментов, разрешенных к приобретению за счет пенсионных активов;

- ежемесячно ведет и размещает на своем интернет-ресурсереестр УИП, соответствующих требованиям к деятельности по управлению пенсионными активами.

Вкладчик также сможет ознакомиться с перечнем действующих УИП и предлагаемыми ими инвестиционными декларациями на сайте ЕНПФ www.enpf.kz.

Для передачи пенсионных накоплений в доверительное управление необходимо:

со стороны УИП:

1) соответствие требованиям, установленным нормативным правовым актом уполномоченного органа - Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка;

2) внесениеУИП в реестр уполномоченного органа;

3) наличие договора о доверительном управлении пенсионными активами, заключенного между ЕНПФ и УИП;

4) наличиекастодиального договора, заключенного между ЕНПФ, УИП и банком-кастодианом.

со стороны вкладчика:

1) наличие письменного заявления вкладчика о выборе УИП, поданное в ЕНПФ;

2) наличие на индивидуальном пенсионном счете вкладчика в ЕНПФ средств, достаточных для передачи в УИП.

Пенсионные накопления вкладчика могут быть переданы в управление УИП:

- в размере, не превышающем разницы между фактической суммой пенсионных накоплений вкладчика в ЕНПФ и порогом минимальной достаточности пенсионных накоплений; либо

- в размере, не превышающем остатка пенсионных накоплений на счете вкладчика в ЕНПФ, в случае наличия заключенного договора пенсионного аннуитета со страховой организацией, предусматривающего пожизненные выплаты.

Для перевода пенсионных накоплений в одну или несколько УИП вкладчику необходимо обратиться в ЕНПФ с заявлением. Заявление может быть подано через личный кабинет на сайте enpf.kzлибо при личном обращении в любое региональное отделение ЕНПФ.

ЕНПФ осуществляет переводчасти пенсионных накоплений, превышающей сумму достаточности,в доверительное управление УИП в течение тридцати календарных дней после даты поступления заявления от вкладчика. Оставшаяся часть пенсионных накоплений вкладчика продолжит находиться под управлением Национального Банка.

Переданные в инвестиционное управление УИП пенсионные накопления не относятся к изъятиям единовременных пенсионных выплат (как в случае изъятий на цели улучшения жилищных условий и/или лечение) и не будут облагаться индивидуальным подоходным налогом в момент их перевода в УИП.

После получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилахосуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП.

Согласно Закону о пенсионном обеспечении, УИП имеют право на взимание комиссионного вознаграждения за инвестиционное управление. Предельная величина вознаграждения УИП не может превышать 7,5% от полученного инвестиционного дохода. Фактическая величина комиссионного вознаграждения будет ежегодно утверждаться органом управления УИП и может меняться не чаще одного раза в год.

После первоначальной передачи пенсионных активов в доверительное управление УИПвкладчик имеет право:

- не чаще одного раза в год предоставлять заявление в ЕНПФна передачу своих пенсионных накоплений в доверительное управление от одного УИП к другому УИП;

- представить в ЕНПФ заявление на возврат пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении УИП, в доверительное управление Национальному Банку(не ранее, чем через два года после первоначальной передачи пенсионных накоплений в доверительное управление УИП).

За 10 календарных дней до достижениявкладчиком пенсионного возраста пенсионные накопления вкладчика возвращаются под инвестиционное управление Национального Банка.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением Национального Банка до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений в управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов. Минимальный уровень доходности будет рассчитываться из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке. Информация о показателях минимальной доходности и средневзвешенной доходности по пенсионным активам будет ежемесячно публиковаться.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ ВКЛАДЧИКА ПРИ ПЕРЕДАЧЕ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ УПРАВЛЯЮЩИМ КОМПАНИЯМ

Решив перевести часть своих пенсионных накоплений одному или нескольким управляющим инвестиционным портфелем (УИП), для начала рекомендуем ознакомиться с перечнем действующих УИП и изучить их инвестиционные декларации на сайте enpf.kz в разделе «Услуги» - «Перевод части пенсионных накоплений в доверительное управление УИП».

Далее для перевода пенсионных накоплений вкладчику необходимо обратиться в ЕНПФ с заявлением, которое может быть подано через личный кабинет на сайте enpf.kzлибо при личном обращении в любое региональное отделение ЕНПФ.

При личном обращении необходимо предъявить удостоверение личности, затем заполнить необходимые документы, в чем при необходимости помогут менеджеры Фонда.

При подаче заявления на перевод в УИП через личный кабинет на сайте enpf.kz необходимо выполнить следующие действия.

Шаг первый. Авторизоваться в Личном кабинете на сайте enpf.kz с помощью электронной цифровой подписи (ЭЦП). Войти в личный кабинет можно с главной страницы сайта, либо в разделе «Электронные сервисы».

Шаг второй.На главной странице Личного кабинета проверить сумму пенсионных накоплений и убедиться в наличии суммы пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ, доступной для передачи в доверительное управление УИП.

Шаг третий. Перейти в подраздел Личного кабинета «Услуги».

Шаг четвертый. Выбрать услугу «Перевод пенсионных накоплений в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем». В окошке «Ввод реквизитов заявления» сведения о документе, удостоверяющем личность, адресе и контактных данных вкладчика появятся автоматически из базы данных автоматизированной информационной системы ЕНПФ. При этом сведения о документе, удостоверяющем личность, сверяются с Государственной базой данных «Физические лица» Министерства юстиции Республики Казахстан на их наличие и действительность. Если какие-то данные(к примеру, адрес или телефон) изменились, можно внести исправления.

Шаг пятый.В разделе «Заполните поля» в настоящее время по умолчанию проставлена опция «в связи с выбором управляющего инвестиционным портфелем». Здесь необходимо:

1) выбрать реквизиты договора о пенсионном обеспечении, с которого желаете перевести пенсионные накопления УИП (ОПВ или ОППВ);

2) выбрать из предлагаемого Справочника УИП наименование УИП, которому желаете перевести пенсионные накопления в доверительное управление;

3) указать сумму, подлежащую переводу в доверительное управление;

4) ознакомиться и выразить согласие/несогласие с предоставленной информацией.

Шаг шестой.Подписать заявление личнойЭЦП.

Шаг седьмой.Отслеживать статус исполнения заявления на Главной странице Личного кабинета в подразделе «Отслеживание статусов заявлений».

ЕНПФ осуществляет переводчасти пенсионных накоплений, превышающей сумму достаточности,в доверительное управление УИП в течение тридцати календарных дней после даты поступления заявления от вкладчика. Оставшаяся часть пенсионных накоплений вкладчика продолжит находиться под управлением Национального Банка.

Переданные в инвестиционное управление УИП пенсионные накопления не относятся к изъятиям единовременных пенсионных выплат (как в случае изъятий на цели улучшения жилищных условий и/или лечение) и не будут облагаться индивидуальным подоходным налогом в момент их перевода УИП.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

ОБРАЗОВАНИЕ

ЛАТИНИЦУ НАЧНУТ ВНЕДРЯТЬ В ШКОЛАХ

Казахстанские школы планируют с 2023 года одновременно перейти на 12-летнее образование, а также на казахскую латиницу, министр. Глава МОН также отметил, что уже полностью завершен переход на обновленное содержание.

- В целях развития среднего образования планируется с 2023 года постепенный переход на 12-летнее образование с внедрением латинской графики. Для этого нам нужно провести масштабную работу, - сказал АсхатАймагамбетов на расширенном заседании коллегии министерства. Министра цитирует Sputnik. – Надо обновить госстандарт, учебные программы и ТУПы (типовые учебные планы). Приоритетными предметами станут математика, информатика и языки. По истории Казахстана и всемирной истории будут введены единые учебники.

Согласно обнародованной на заседании презентации, внедрение латинской графики в среднем образовании также планируется начать с 2023 года.

Ранее министр сообщал, что переход на 12-летнее образование планируется с 2021 года. Также сообщалось, что переход синхронизируют с введением казахской латиницы.

Напомним, в январе этого года премьер-министру Аскару Мамину продемонстрировали усовершенствованный вариант казахского алфавита, основанный на латинской графике. В нем 31 буква, алфавит состоит только из символов базовой системы латинского алфавита. В данном алфавите полностью охвачено 28 звуков казахского языка.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

НОВОСТИ

СОЗДАН НОВЫЙ ТЕСТ НА COVID-19

Сотрудники ЦНИИ эпидемиологии Роспотребнадзора создали первый тест, который может определить не только наличие коронавируса в организме, но и его количество. Тест позволит медикам оценить степень заразности больного и предугадать тяжесть и исход болезни. Сейчас новая разработка ждет регистрации, передает газета «Алатау» со ссылкой на iz.ru.

Отмечается, что тест позволит врачам выявить коронавирус в любых биологических материалах: мазках из носа и ротоглотки, мокроте, фекалиях и плазме крови. По предварительным данным, стоить он будет столько же, сколько и ПЦР-тест.

«Эти сведения позволят врачам и эпидемиологам получить качественно новую информацию относительно степени заразности инфицированного, прогнозировать тяжесть и продолжительность заболевания, контролировать в динамике снижение вирусной нагрузки, иными словами, эффективность лечения», - рассказала руководитель научной группы разработки новых методов диагностики ОРЗ и референс-центра по мониторингу за возбудителями инфекций верхних и нижних дыхательных путей ЦНИИ эпидемиологии Роспотребнадзора Светлана Яцышина.

СОБ.КОРР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН

АТАДАН БАЛАҒА ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕТІН ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ӨТКЕН ҒАСЫРДА ЖОҒАЛТЫП АЛА ЖАЗДАП, ЕГЕМЕНДІ ЕЛ БОЛҒАЛЫ ӨЗ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ, САЛТ - ДӘСТҮРІМІЗДІ, РУХАНИ СӘН - САЛТАНАТЫМЫЗДЫ, ЫРЫМ - НАНЫМ, ӘДЕТ - ҒҰРЫП, ТҰРМЫС - ТІРШІЛІК БОЛМЫСЫМЫЗДЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРЫП, ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІ ҚАЙТАДАН ЕЛ АРАСЫНДА ДАМЫП КЕЛЕДІ. БҮГІНГІ ТАҢДА ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ КӘСІП ЕТІП, НӘСІП ҚЫЛҒАН ЖАНДАР ЖЕТЕРЛІК. МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА СОЛАРДЫҢ БІРНЕШЕУІМЕН ТІЛДЕСКЕН ЕДІК.

Тілеш Рымжанұлы, шебер:

«Ұлттық саз аспаптарын жасаушы шебер, Назарбаев Зияткерлік мектебінің өнер пәнінің мұғалімімін. Домбыра жасауды бастағаныма биыл тура отыз жыл болады екен. 1992-96 жылдары өткен «Үкілі домбыра» Республикалық домбыра жасаушы шеберлер байқауында лауреат атандым. Жаса5ан домбыраларым алыс жақын шетел азаматтарының жеке қорында сақтаулы.

Домбыраны жасау үшін бірінші кезекте материал таңдау қажет. Мысалы, оның шанағы да, мойны да кепкен ағаштан жасалады. Оларды арнайы әдістермен оны ең аз дегенде 5-6 жыл уақыт кептіру керек. Ал ылғалдылығы ең кем дегенде 8-12 пайыздан аспауы тиіс. Сол кезде ғана ағаш өз функциясын атқарады, яғни, майысып кетпей, бастапқы қалпын сақтап, жақсы қасиеттерін бере алады. Қазіргі таңда осының бәрін ұлым Төлегенге үйрете отырып, жаныма көмекші қылып алдым. Ол аспап жасауды жақсы меңгеріп алды, болашағынан үлкен үміт күтемін».

Аня Жайлау, қымыз даярлаушы:

«Қымыз – адам баласы үшін пайдалы болғандықтан, оны дайындау әдісін қолға алғаныма төрт жылдан асты. Даярлау әдісін әжемнен үйрендім. Өзімнің құпияммен бөліскім келеді. Қымыздың дәмді болуы жылқының жеген шөбі мен күбінің ағашына байланысты. Егер күбі қарағай немесе теректен болса, дәмі қымызға сіңіп кетеді. Сондықтан, аршадан не болмаса еменнен жасау керек. Күбінің тазалығы да ерекше рөл атқарады. Дайын күбіге қымыз ашытқысымен жаңа сауылған бие сүтін құямыз. Қымызды бабына қарай пісеміз. Қымызды неғұрлым көп піссеңіз, соғұрлым дәмді болады. Ұзақ піскен қымызды 2-3 сағат күбіде қалдырған жөн. Қымызды даярлау әдісін жақсы меңгергендіктен, бүгінгі таңда кәсібіме айналды».

Мария Мунайтбасова, қолөнер шебері:

«Қолөнер иесі болу кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Оған қолдың асқан ептілігі мен ерекше төзім керек. Өзімнің қызығушылығыммен қазақтың қолөнерін дамыту, ұлттық мәдениетін жалғастыру барысында қолөнерді қолға алдым. Басында қолымның ебі келмей, көп уақыт жоғалттым. Тіпті «қолөнер шебері бола алмаймын» деп қолымды сермеген сәтім де болды. Бірақ, «еңбек бәрін жеңбек» демекші, еңбектену мен төзімділіктің арқасында осындай нәтижеге қол жеткіздім. Еңбегім бағаланып, тапсырыстар түсіп отырады. Жұмысымның басты құпиясы, бірінші, түстердің үйлесім табуына мән беремін. Әрбір туындымды жасау барысында, көңіл-күйімнің жақсы болуына назар аударамын».

Әзірлеген: Ардагүл ӘСКЕРБЕК

ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ

КІТАП ОҚИТЫН ЖАСТАР АЗАЙДЫ

Ғаламтордың шырмауына шырмалған олардың санасын түрлі ақпарат көздері еріксіз жаулап, рухани жұтаңдыққа ұшыратып отырған жоқ па деген сауал санадан әшер емес. Бірақ оған бас қатырып,

Бүгінгі нарық билеген заманда дүйім жұрт рухани қажеттіліктен гөрі, тән қажеттілігін өтеу үшін материалдық дүниеге көбірек көңіл бөліп жүргені анық. Ұлттық құндылықтарымыздың құлдырап бара жатқанын көріп, жүрегімізге біраз салмақ түскені анық. тіпті, жастарымыз қарапайым ғана кітап оқу дағдысынан айырылып бара жатқаны жаныма батады. Нәтижесінде елдің ертеңгі тізгінін қолға ұстайтын олар еркін ойлауға, ауызекі тілде көркем сөйлеуге қабілетсіз болып барады.

уайымдаған жастар қатары тым аз.

Қазір техниканың дамыған заманы. Бірақ барлық жүйе автоматтандырылған жүйеге көшсе де біздің қоғамның жастары ол көштің басын бастамауы керек деп ойлаймын. Оларды – отбасында ата-ана, мектепте ұстаздар қадағалауы тиіс. Алайда ара-тұра ата-аналар «Баламның тамағы тоқ, көйлегі көк, қалғанын өзі оқып алады», деген жаңсақ пікірді көп айтатынын естіп қаламыз. Дұрыс-ақ, баланың қарны тоқ, көйлегі көк болуы тиіс. Бірақ, оны білім алуға, оқуға, жаңа дүниені үйренуі үшін әке-шеше қадағалауы тиіс емес пе? Ал мектеп табалдырығын аттаған оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін ұстаздар қауымы өз жауапкершілігіне алады. Егер де «балам өзі біледі» деп қолды бір сілтеп, жауапкершілік жүгін арқалауға ерінсек, ұрпағымыздың болашағы не болмақ? Осы тұрғыда да ойланғанымыз жөн. Балаларға арналған әдебиетті басып шығаруға аса ерекше көңіл бөлінсе деген ойым да жоқ емес. Кітаптар балаларды жан-жақты, интеллектуалды, эмоционалды дамыту мақсатында құрастырылуы қажет. Мәселен, біздің кезімізде том-том кітаптарды мектеп табалдырығында-ақ жүргенде оқитынбыз. Л. Толстойдың «Война и мир» шығармасын оқып, сол туындыны көз алдымызға елестетіп, автормен бірге қуанып, бірге мұңаятынбыз. Шыңғыс Айтматовтың шығармаларының өзі адам психологиясына ерекше әсер ететін. Ал осыны бүгінгі ұрпақ қабылдай ала ма? Әрине жоқ. Ол үшін мектеп оқулықтарына көлемді дүниелер ұсынылса деймін. Сонда оқуға қысқа-қысқа дүниелерден қарағанда көркем әдебиетті оқуға машықтанар еді. Төл әдебиетімізді оқу арқылы жас ұрпақ қазақтың тарихын, ұлттық болмысын, ұлттық құндылығын бойына сіңіретіні анық. Бұл кемшілік алдағы уақытта түзеледі деген ойдамыз.

Еуропаның дамыған елдерінде, оның ішінде Ресей, Латвия, Бельгияда кітаптарға салынатын қосымша құн салығы 5 пайыздан аспайды. Ал Ұлыбритания, Ирландия, Норвегия, Польша, Украина елдерінде кітапқа салық мүлдем салынбайды. Қазақстанда да солай болуы тиіс. Балаларға арналған кітаптардың мазмұнына, көркемделуіне ерекше көңіл аудару қажет. Кішкентай баланың зейіні әлі ырықсыз, толық қалыптаспағандықтан, кітаптағы суреттер әсем, нақты тартымды, түсінікті, айғаққа сай болуы керек. Егер балаларға арналған кітап жас ерекшеліктеріне, психологиясына сай құрастырылса, олардың сол кітапты оқуға деген ниеті артары сөзсіз.

Жастарымыздың кітап оқымауына бірден-бір себеп – жаһандану заманындағы әлеуметтік желілер екені рас. «Артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге» деп ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы жырлағандай, ерінбей білім алуға асығайық. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық, жастар!

**Шолпан ЖАНПЕИСОВА,
Талдықорған қаласы
бойынша білім бөлімі №2 орта
мектеп коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
орыс тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕСКЕ АЛУ

МАҢҒАЗ ЕДІ, БАУЫРЫМ!

«БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ, ЖАЗУШЫ - БАСПАГЕР ЫРЫМ СУАНБАЙҰЛЫ КЕНЕНБАЙ ӨМІРДЕН ОЗДЫ» ДЕП СУЫҚ ХАБАР ЖЕТКІЗГЕН ТАНЫМАЛ АЙТЫСКЕР АҚЫН АЙТАҚЫН БҰЛҒАҚОВТЫҢ ДАУЫСЫН ТЕЛЕФОННАН ЕСТІГЕНІМДЕ «НЕ ДЕЙДІ» ДЕППІН.

Сахнада жер тепкілеп, қарсыласының зәре-құтын қашырып отыратын арқалы ақынның:

– Иә, солай болды, ағасы, – деген мұңды үні қайталанғанда «О жалған, дүние-ай! – деп күрсіндім.

Бұл қалай? Ауа райы күрт өзгеріп, бұлқан-талқан боран тұрып, елдің апшысын қуырып, жолды қар басып, арты дауылға айналып жатқан шағында да сабырлық сақтап, еш уақытта саспайтын, тіпті, оңайшылықпен қозғала қоймайтын тау тұлғалы, маңғаз жанды тығырыққа тіреген не болды екен? – дей бердім өзіме-өзім күбірлеп.

2020 жылдан бері әлемді дүрліктірген індеттен қазақ елі әлі де болса арыла алмай келеді. Алматы бірде қызыл, бірде сары аймақта қалып, қанша тырысса да жасыл алаңға шыға алмай жанталасуда. Көзге көрінбейтін, қолға ілінбейтін вирусқа медицина саласы да тойтарыс бере алмай әуре-сарсаңға түсіп жатқаны мынау. «Сақтансаң, сақтаймын» қағидасы іске аспай жатқан жоқ. Мыңдаған адам «ковид-19» құрған өрмектен аман шықты. Дәрменсіздіктен талай адам өмірімен қоштасты. Сақ жүретін Ырым бауырым да қапысызда вирустың құрсауынан шыға алмай бақилыққа аттанды. Ажал арсыз деген осы болар. Марқұмның жаназасында жақсы адам деп үш қайтара үн қатып, соңғы сапарына шығарып салудан басқа қолымыздан ештеңе келмегеніне өкіндік.

Ырыммен бала кезімде таныстым. Қаратал ауданы, Жаңаталап ауылында туған мен жазғы каникулда Талдықорған қаласының іргесіндегі Сарыбұлақ ауылында тұратын Мәмилә, Еркінде тұратын Бибі апаларымның үйіне қонаққа келгенмін. Бұл сапарым бір айға созылды. Ырыммен таныстым. Ұзын бойлы, шымыр денелі балаң жігітті өзімнен үлкен болар деп ұққам. Сөйтсем ол менен алты жас кіші болып шықты. Екеуміз бір-бірімізді жақын тартып жүрдік. Ауыл балаларымен бірге түс ауа Балықтының суына шомыламыз. Бұл мұның кішігірім мерекеге ұқсап кететіні бар. Мені шеттеткісі келген балаларға ауылға келген қонақты сыйлаңдар деп қамқорлық танытқанына қарағанда ауылдың атаманы деп ойлаймын. Ол жылдары әр көшенің, әр ауылдың атаманы болатын. Бүгінгі заманда оларды «авторитет» деп атайды. Ырымға ілесіп ауыл жастарының бастаңғысына қатысып, қыздарға көз тастаған күндеріміз де болған. Сонда оның атаман екеніне көзім жетті. Мен елге оралып ара қатынасымыз үзіліп қалды. Көп жылдан кейін комсомол мектебінің түлегі ретінде табыстық. Мен Қаратал аудандық комсомол комитетінің хатшысы, ол «Лениншіл жас» газетінің тілшісі. «Комсомолдар жас қайраты елімнің» дегендей, оның "Лениншіл жас" дәстүрінде үрдіс болған келелі ой, толғақты мәселе көтерген тұтас бір беттік, қосар беттік көптеген көлемді очерк, проблемалық мақалалары жастарды жігерлендіріп отыратын. 1969 жылы Баймолда Мусин, Рәш Рахымбеков бастаған «Лениншіл жастың» насихат тобы ауданға келді. Құрамында талаптың мініп тұлпарын өнер жолына түскен Жәнібек Кәрменов, Қапаш Құлышева бар насихатшылар тобының қатысуымен Абай атындағы кеңшар комсомол ұйымының ұйымдастыруымен «Сен Ильичтің сұрақтарына қалай жауап берер едің?» деген тақырып аясында ауыл жастарының пікір сайысы (диспуты) өтті. Осы топтың құрамында Ырым да болмақшы екен, дәл шығар кезінде оны Қостанай облысына баратын топқа қосыпты. Өз заманына сай өткен мәнді де мағыналы сайыстың мазмұны «Лениншіл жас» газетінің қос бетіне жарияланды. Ертеңіне Алматыдан Ырым телефон шалды. Пікір сайыс туралы репортажды редакция алқасының мүшелері ғана емес, Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің ризашылығын жеткізді. Бес жүз мың данамен шығатын мәртебелі газет Лениннің туғанына жүз жыл толуына орай «бүкілодақтық лениндік зачет» қабылдауды ұйымдастырудағы біздің жұмысымызды насихаттады. Жарты жылдан кейін мен Талдықорған облыстық комсомол комитетінің хатшысы болып сайландым.

Орталық комитеттің Пленумында, «әкелер даңқы жолымен» және тағы басқадай жиындарда кездескен сайын пікір алмасып, облысқа іс-сапармен келіп, екпінді комсомол құрылысы» айдарымен салынып жатқан аккумулятор зауытында, комсомол жастар комплекстерін, пионер лагерлерін аралап бірнеше көлемді мақалаларын жариялаумен болды. Солардың көпшілігі «Лениншіл жас» газетінде жарияланды, ал студент кезінде жазылған «Алғашқы ұстаз», «Тәрбиеші», «Класс жетекші» атты туындылары «Жыр атасы – Қабан жырау» атты кітабына енген. «Алғашқы ұстаздағы» мұғалім Бұқарбек Рақымов, мектеп директоры Абдрахман Төлешов; «Тәрбиешідегі» Шұбар интернет-пансионатының меңгерушісі Қажеке Наурызбаев, «Класс жетекшідегі» Өмірзақ Молбаев сынды адамдардың алдын көріп, ақыл-кеңесін тыңдаған Ырым өскен ортасында өз қатарының алды болды. Жоғары оқу орындарында дәріс қазақ тілінде жүріп, ана тіліндегі оқулықтарға зәрулік туғанда Үкімет шешіміне сәйкес Білім баспасын ұйымдастырып (1994-1995ж.ж) оған басшылық етті. «Айтушысы мықты болса, тыңдаушысы дана болады» деген сөз осындайда айтылатын болар. Мен білетін Ырым оқу орындары мен ұстаздарға ерекше ілтипатпен қарайтын, жетістіктеріне қуанып, орын алған олқылықтарына қатты қынжылып, кезінде талай мәрте сұхбат алған Балахметов, Нәрібаев сынды қайраткерлердің жауапкершілігіне, пәрменді қаракетіне сүйсініп, Министр болса осылардай өзінің емес, елінің жарқын болашағын ойлайтын дана болуы керек деп отыратын.

Оның бір ерекшелігі туған ауылына, өлкесіне деген сүйіспеншілігі, адалдығы. Атам қазақ: қамшы, сақина, жүзік сияқты құнды бұйымдардың ішкі жағын бауырдағы деп атайды. Жерлестерінің бірін аға, бірін інім деп барлығын іш тартып жүретін. Ініміздің құшағы да кең еді. Оның мектептен кейінгі барлық саналы ғұмыры Алматыда өтті ғой. Алатаудың бауырын паналағандай, алып тұлғалы Ырым студент достарын, қызмет бабында табысқан достарын бауыр тұтты, қимас туысқандай көрді. Бастары қосыла қалғанда бірге туған қандас, ағайынды адамдар сырласып таңды-таңға атыратын. Бауырын бауыр етіне теңейтін ұғым бар емес пе? Бауыры бүтін, басы есен достарының аман-саулығын, кездесуге келе алмағандарының сау-саламаттығын сұрастырып жүрегін елжірете түсетін-ді. «Бауыр деген қаны бір деген сөз ғой, қанына тартпай қалу бауырға айып» дегендей, әңгіме қыза келе бауырын жазып, еркін шапқан тұлпардай, жүрісін үдеткен жорғадай, емін-еркін сөйлеп, шабыттана қимылдап, шалқая шаттанып отыру қарымды қаламгер, жасампаз журналист, арқалы ақын, жампоз жазушыға қашанда жарасымды. Ырым бауырым осындай ортада шыңдалды, шынықты, қызмет бабында сатылай өсті. Еңбегі еленді. Алуан түрлі Мемлекеттік марпаттардың иесі атанды. «Замандастар лебізі» атты кітабынан Нұрлан Оразалин, Бақыт Сарбалаұлы, Мақсұт Нәрікбаев, Серік Әбдірайымұлы, Қаржаубай Омарұлы, Орысбай Әбділдаұлы, Қазбек Иса, Жақау Дәуренбеков, Кәдірбек Құнпияұлы, Қызжібек Бәкір сынды майталман қаламгерлердің бауырым Ырым туралы жүрек жарды лебіздерімен танысып, жақсы адамның өмірі ұзақтығымен емес, мазмұнымен өлшенетіне көз жеткізгендеймін. Осындайда қытай елінің ақылманы Конфуцийдің «Адамның пейілі қандай болса, өмірі де сондай» деген тұжырымымен де келісесіз. «Адамдықтың асыл тіні – адалдық болса» Ырым өзінің адалдығын мазмұнды да, мағыналы өмірімен дәлелдеген азамат.

Туған жері, өскен өңірі, жер ұйығы Жетісудың орталығы Талдықорған қаласына келіп, күнделікті өзінің назарында ұстап отырған «Алатау» газетінің редакциясында, осы өңірге танымал ғалым тарихшылар, қоғам қайраткерлері, жазушы, журналист бауырларымен «Жетісу жеріндегі Қазақ хандығы» деген тақырыпта сыр сұхбат өткізген Ырым Кененбай кіріспе сөзінде: «Біз бүгін сонау Алтын Орда, Ақ ордаға бармай-ақ осыдан 550 жыл бұрын Шу бойында ту тіккен Қазақ хандығының Жетісу өңіріне ықпалын, онан кейінгі өрісті кезеңдерін сөз етсек.

Тарихта «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген атпен есте қалған Қазақ хандығының айтулы кезеңдері Жетісу өңірінде қалай жаңғырды? Сондай-ақ Жәңгір хан мен Абылай тұсында ел ерлігін сақтауға, алғашқы қазақ мемлекетін қалыптастыруға белсене атсалысқан бабалар есімдерін атай аламыз ба? – деп келелі әңгімеге жол ашты.

Бұл тақырыпты жан-жақты ашуға қатысқан Ілияс Жансүгіров атындағы «Жетісу» Мемлекеттік университетінің тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Ержан Бұланов, профессор Зарықбек Сламбеков, «Жетісу» газетінің журналистері Қажет Андас, Ришад Тұрғанбаев, Талдықорған өңіріне танымал азаматтар Бақберген Түкібаев, Наурыз Қылышбаев өз пікірлерімен ой бөліскен еді. Олардың айтқаны елеусіз қалмай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрген Ырым Кененбайдың «Алпыстағы алма ағаш» атты кітабына еніпті. Екі мың данамен басылып шыққан бұл туынды жастарды елжандылыққа тәрбиелеуге өз үлесін қосатынына бек үміттенейік.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан арна тартқан бағдарлама аясында Алматы облысы әкімдігі басшылығының қолдауымен құрылған халықаралық «Мұқалы» тарихи-танымдық экспедиция құрамында болған Ырым екеуміз делегация мүшелерімен бірге Бейжіндегі қытай қорғаны, Сиянь қаласындағы «теракоття армия», жабық қала сынды орындарды аралап үлкен әсерге бөлендік. Алайда алты жүз мыңнан астам тұрғыны бар Юлинь шаһарынан қырық шақырымдай жердегі Мұқалы бабамыздың зиратына келіп, құран оқытып, құрбан шалып, кесенесіне кіріп, тағзым етуден кейінгі алған әсеріміз әрқайсымызды тарихтың тамырына бойлатты.

«Бес атамнан бермен шырақшымын» деген Жауо Зі Шіннің әңгімесін ұйып тыңдадық.

– Жиырмасыншы ғасырдың басында Мұқалы ұрпақтары биліктің келісімімен бабамыздың денесін бұрынғы зиратынан осы араға қайта жерлепті. Содан бері Мұқалыны өзіміздің батырымызға, әулиемізге балаймыз, – дейді шырақшы.

– Мұқалының қазақ батыры, Қытай елінің Гоуаңы, әрі ол мәртебе үрім-бұтағына дейін жалғассын, замана бойы өзгермесін, деген Шыңғыс қаанның жарлығын жақсы білеміз. Ал сіздер оны неге әулиеге балайсыздар? – дедік жапа тармағай.

– Бұрын бұл арада үнемі қуаңшылық болушы еді. Мұқалы қайта жерленгелі бері жауын-шашын көбейді. Аузымыз

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕН БІЗДІҢ ЖҮРЕГІМІЗДЕСІҢ!

ЗЫМЫРАП ЖАТҚАН УАҚЫТ-АЙ! ҚАС ПЕН КӨЗДІҢ АРАСЫ СИЯҚТЫ. КЕШЕ ҒАНА ЖҮРГЕН АТПАЛДАЙ АЗАМАТЫМЫЗДАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛАМЫЗ ДЕП КІМ ОЙЛАҒАН? ТӘҢІРДІҢ ЖАЗУЫНА ШАРА БАР МА? БӘРІНЕ КӨНЕСІҢ. МАРҚАСҚАЛАРДЫҢ БІРІ, ТІПТІ БІРЕГЕЙІ, АҚ ПЕЙІЛДІ, АҚ ЖАРҚЫН, САБЫРЛЫ ДА САЛМАҚТЫ БАУЫРЫМ, ТУҒАН ІНІМДЕЙ БОЛЫП КЕТКЕН ЫРЫМ ЕДІ ҒОЙ!

Өмірден озарынан бірнеше күн бұрын ғана Академиямыздың жайылған дастарханында бірге дәм татып, әңгіме дүкен құрысып едік. Сол отырыста Нұржұман Ықтымбаев, ақын ініміз Сайлаубай Тойлыбаев, қарындасымыз Құралай Кәрібаева және бірнеше адам болған еді. Сонда да Ырым сабырлы да салмақты қалпынан өзгерген жоқ. Сөзге араласса да терең ойланып, артық-ауыз сөзге бармай ғана отыратын. Не деген сабырлылық!

Ырыммен біздің отбасымыз ертеректен таныс болдық десем артық айтқандық емес. Әрі жерлестігіміз де бар. Бір ауылдың, бір бұлақтың суын ішкен ағалы-інілі жандар едік. Оның үстіне менің жарым Кәшипа мен оның зайыбы Науат қарындасымыз бір ауылдас, бір рулас адамдар. Бір-бірінің ата-аналарын өте жақсы білгендіктен құрбы-құрдастай болып кеткен еді.

Ырымды бозбалалық кезінен таныдым. Себебі Ырым мектеп қабырғасында жүріп, республикалық, облыстық, аудандық газеттермен тығыз байланыс жасап, газеттерде мақалалары шығып тұратын. Тіптен ұмытпасам «Жас тілші» ретінде елге таныла бастаған кезі еді. Сол кездерде Ырыммен жасы кіші болса да танысып-білісуге құмарттым. Кейін келе «Лениншіл жас» газетінде белді журналист болып, көлемді мақалаларымен көріне бастады. Бұл да болса Ырымның қаламының ұшқырлығы мен талантының бір қырын аша түскендігі шығар. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқи жүріп, «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеп, онда 11 жыл мінсіз қызмет атқарды. Бұл дегеніміз екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа. Өзінің журналистік қызметіне деген адалдығы, кәсіби шеберлігі дер едім.

Тәжірибелі қаламгер ретінде «Ана тілі» және «Білім» баспаларының алғашқы директоры қызметін атқарды. Бұл жылдары да Ырым баспа жұмысына бел шешіп бекем кірісті. 1995 жылдан бастап, өзінің баспагерлік біліктілігінің арқасында «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясын ашып, кейін келе «Алматы-Болашақ» Акционерлік Қоғамның Президенті болды. Бұл қызметті соңғы күніне дейін адал атқарып, ұжымының құрметіне бөленді десем артық айтқандық емес.

Ырым Д.Қонаев атындағы Заң университетінің, қазіргі Еуразиялық заң академиясының алғашқы құрылған күнінен бастап ғұмырының соңғы күндеріне шейін бізбен бірге қоян-қолтық араласып, барлық шараларымыздың төрінде отырып, ақ тілегін аяған емес. Қашан болсын қасымыздан табылушы еді. Мені ағасы ретінде қатты сыйлайтын. Айтқан тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысатын.

Ырымның тағы бір ерекшелігі баспагер бола жүріп те өзінің шығармашылық өнерін сырт қалдырған емес. Соның бір айғағы Өмірәлі ағасы – менімен бірігіп жазған «Жыр атасы – Қабан жырау» (2011ж.),«Ата заң – мемлекет дамуының іргетасы » (2012ж), «Елбасы – біреу. Біз оған тіреу» атты кітаптарды, сондай-ақ Қадырғали би Қосымұлы Жалаири халықаралық қоғамдық қоры атынан шығарған «Мұқали», «Иранда билік құрған қазақтар», т.б.кітаптарды өз баспасынан шығарып, үлкен қол ұшын бергенін айтпай кетуге болмайды. Бұл да Ырымның адамгершілігінің бір қыры.

Көп уақыт түрлі шараларға бірге қатысып, бірге жүрдік. Сонда артық мінез танытқан жері жоқ. Оларды тізіп айта берсек біраз әңгіме болар еді. Тек бір ғана оқиға есіме түсіп отыр. 2001 жыл болу керек, ұмытпасам. Ырымның өзінің басшылығымен шығып жүрген «Алатау» газетінің тиражын көтеру үшін Алматыдан мен, Ырым, ақын ініміз Сайлаубай Тойлыбаев үшеуміз бір машинамен Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзекке келіп, аудан еңбекшілерімен кездесу жасадық. Талдықорғаннан газеттің бас редакторы Айтақын Бұлғақов келді. Кездесу аудан орталығының Мәдениет үйінде болды. Халық көп жиналды. Әңгіме арқауы газеттің тиражын көбейту, соған үгіт-насихат жұмысын жүргізу. Сол кездегі аудан әкімі (есімі есімде жоқ) жиналысты өзі жүргізіп, кездесу ойдағыдай өткені бар. Одан кейін Көксу ауданына бет алдық. Ол кездесу Жаңа Талап (Бұрынғы Ленин колхозы) ауылындағы Мәдениет үйінде өтті. Жиналған халық алдында «Алатау» газетінің тарихынан бастап, газеттің ерекшелігіне тоқталып , газеттің тиражын көбейтуге ат салысыңыздар деп тілегімізді айттық. Сол кездесуде Ырымның журналистік қабілетінің ерекшелігі әңгіме болып, сол өңір туралы «Лабасы етегінде» деген кітабы жайлы жылы лебіздер ортаға салынды. Сонда Ырымның жазушылық қаламының ұшқырлығын жерлестерінің мақтанышпен айтқанын байқадым. Біз сол жолы газеттің тиражын көтеруге айтарлықтай өз үлесімізді қосқанымызды еске аламын.

Бұл өмірде мәңгілік еш нәрсе жоқ. Бәрінен де өмірге адам болып келіп, өмірден адам болып өту ғана пендесіне жарасады. Ырымды мен сол қатардан көремін. Өйткені оның адамгершілігі өте жоғары болатын. Адам баласына үлкен демей, кіші демей, жақсылығын аямайтын аяулы азамат-інім еді-ау! Тіптен, қашан болсын маңайына шуағын шашып та жүретін еді.

Тағы бір еске түсетін ерекше жағдай 2019 жылдың 27-қыркүйек айында жарым Кашипа Рақымбекқызымен қосылып үйленгенімізге 50 – жыл толған алтын тойымыз еді. Осыған орай қасиет дарыған Жетісу өңіріне қарасты Қарабұлақ пен Текелі күре жолының бойында орын тепкен «Өмір бұлақ» мемориалдық кешенінің салтанатты ашылуы болатын. Бұл мемориалдық кешеннің осы жерден орын алуына қарындасымыз Науат пен Ырымның тікелей қатысы болды. Солардың ұсыныстарымен қолға алынып, іске асты. Бүгінгі күні болашақ жас ұрпақ үшін, әсіресе жас отау құратын жастар үшін үлкені тәрбиелік мәні бар екені сөзсіз. Сылдырап аққан оның таза бұлағынан ары-бері өткен жолаушылар тоқтап, нәр татпай кете алмайды.

Ырымның «Алпыстағы алма ағашы» (2015ж), «Жетпістегі жиде ағашы» (2018ж.) атты жарық көрген тамаша кітаптарында талай сыр жатыр. Оқыған адамға рухани азық болар дүниелер өте көп. Әкесі, анасы туралы қалай сыр толғайды. Жары Науатына жазған хаттары да жастық кездің толғанысын білдіреді. «Айтқұл бұлағы» мен «Кененбай арығы», «Сырымбет көтерілісі» сияқты тарихи мәселелерге терең барып, оқырманға ой салады. «Аққулы мекен» көлемді хикаясы неге тұрады. Бұл жазушылықтың бір белесі, асар асуы дер едім. Соның бір парасын былай деп жазып кетіпті: «Бұл орайда менің арқа сүйер, ақылдасар ағаларым да бар екен. Солардың бірі, бірі емес-ау бірегейі, ел үшін күн-түн демей тер төгіп, алыс-жақын шет елдерді аралап, құнды материалдарды жинап, небір өнегелі істердің ұйытқысы болып жүрген Өмірәлі ағаның өзі не тұрады» депті. («Алпыстағы алмаағашы», 5-бет) Осы бағаның өзі мен үшін үлкен мәртебе емес пе? Оны қалай ұмытуға болады?

Айналайын, Ырым інім-ай! Ақ жүректі, ақ пейілді, адам баласына жамандығы жоқ, сабырлы да салмақты азамат еді-ау! Адам баласына тек жақсылық ойлап, сол үшін күресе білетін, жан еді!

Бір күні телефон соқсам басындағы қайғыны білдіре бермейтін Ырым ауруханада жатқанын жасыра алмай әрі біздің барғанымызды қаламайтындай мәнерде, зайыбы Науат екеуінің «короновирусқа» ұшырап, ауруханада жатқанын айтты. Талай рет мен де ол қиналғанда көмегімді аямаған едім, мынадай жағдайда не дерсің, қандай жәрдем бере алатынымды сұрадым. «Түрксіб ауданындағы ауруханадамын. Маған барлық жағдайды жасап жатыр. Көмек керек емес» деді.

Бұл соңғы тілдесуіміз екен. Бір күні Кәшипа Науатпен сөйлескенде ол Ырымның жансақтау бөліміне түскенін естіртті, көп ұзамай «қайтыс болды» деген суық хабар жетті.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»,

- деп Ұлы Абай айтқандай, Ырым Кененбай бауырымыздың артында өшпейтін ұрпақ пен мұра қалды. Әрине, жазары мен алға бастар армандары әлі қаншама еді. Қарындасымыз Науатқа, ұлдары мен қыздарына қайғыра көңіл айтамыз. Осы бір қайғыны қайыспай, сабырмен көтерулеріне, болаттай берік болуларына тілектеспіз. Заңғар ұлы әкесі Ырымның баспасын әрі қарай жалғастырушы, ісін алға жүргізушісі деп білеміз. Отбасына амандық пен саулық тілейміз!

Ырым ініміздің жатқан жері жайлы болып, топырағы торқа болсын!

Жаны жәннаттың төрінен орын алғай!
Сен біздің жүрегіміздесің!

Өмірәлі ЖАЛАИРИ,
Қадырғали би Қосымұлы Жалаири халықаралық қоғамдық қорының президенті,
Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры,
з.ғ.д., профессор.

аққа, қамбамыз нанға нанға толды, өміріміз сәнге бөленді. Өңіріміз өрледі. Біз осыған қатты қуанамыз. Мұқалыны пір тұтамыз! – дейді шырақшы шаттана түсіп.

Шырақшы Жауо Зі Шің өзі жазған кітапшасын тәбәрік ретінде сыйға тартты. Ырым да қарап қалмады. «Батыр бабалар ізімен» атты тарихи-танымдық жинақ кітабын шығарды. Таралымы бес жүз дана.

Баспагер Ырым жайында бір ауыз сөз. Озық ойлы азаматпен сапарлас болған Қызжібек Бәкір сөз орайында:

– Күлшелі баланың күйін кешіп кеткен жоқсыз ба? – дейді.

– Қойып отырған сауалыңның жаны бар. Ертеректе жазушының да, журналистің де қоғамдағы статусы биік болатын. Халықтың да оларға деген көзқарасы айрықша болды. Мен сол тұста үш баспада қызмет істедім. Жоғары жақтың қолы қойылған дүниелерді ғана басатынбыз. Бүгінгі көзқараспен қарап отырсам, шеберлікпен шыңдала жазылған жаңашыл қаламгерлердің туындылары сол екшеуден өтпей қалды-ау деп ойлап қоямын.

– Қазіргі жағдайды қалай сипаттайсыз?

– Қалам ұстағандар көбейіп кетті деп жатады қайбір ағайындар. Мынадай кең байтақ қазақ елінде жазушының көп болғанына қуанамын. Олардың туындыларын жоғарыдағылар емес, оқырманның өзі електен өткізіп алады. Кітап шығаруда баспагерлер арасында бәсекелестік неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы дүниелер туады. Тек кітап таралымының жүйеге түспегені өкініштің үлкені болып тұр, – деп өткенге құрметпен қарайтынын аңғартады.

Омырауына Алтын Жұлдыз жарқыратқан диқан Ыбырай Жақаев, шопан Жазылбек Қуанышбаев, ел басқару ісінің көсемі Нұрмолда Алдабергенов, атақты ақын-әнші, сазгер Кенен ата Әзірбаевтың алдын көріп, батасын алғанын перзенттік сезіммен айтып отыратынына мен де куәгермін. Кезекті бір кездесуде:

Туған жер, тауың да ыстық,
тасың да ыстық,
Туған ел көрің де ыстық,
жасың да ыстық.
Жүрсең де бөтен елде, бөртіп майға,
Ел мен жер естен кетпес
бұл-бұл ұшып, –

деп әуендеткен Кенен атасына ұқсап кетуші еді бойы сұғақ, түсі жылы маңғаз інім. Осы кездесуімізде Мұқалыны дүйім қазаққа кеңінен таныстыру жұмысын жандандыру туралы пікір алмасып ек. Әңгімеміз қызу өтті білем. Әлден уақытта: тарих деген не? – деп сауал тастады. Мен өз көзқарасымды білдірдім. Ол өз ұстамын айтты. Айтып қана қойған жоқ, «Тәттібай мерген» деген ой-толғауымның екінші басылымын өз баспасынан шығарды. Онымен қоймай «Батыр бабалар ізімен» жинағына да кіргізіпті. Ал, «Алпыстағы алма ағашының» соңында тарих тақырыбына қайта оралған ол мынандай түйін түйіпті:

«Тарих деп осы жаратылған дүние-де өмір сүрген 90 млрд. әрбір пенденің ғұмырын, патшалардың, ел билеуші әмірлердің мінген тұғырын, қолбасшылардың қанды жорықтарындағы бағын, ғалымдардың, әулиелердің жаққан шырағын айтады.

Иә, тарих – ол Сіз бен Біз. Күнделікті тіршіліктен негізі қаланып, келер ұрпаққа жалғасады. Ал осы жалғасты өмірде не істеп, не бітіріп жүрміз. Ойлаған ойымызды жүзеге асыра алып, діттеген мүддемізге жете алып жүрміз бе? Тарихтың кірпіші дұрыс қалануы үшін қолдан келген үлесімізді қоса алдық па? Бабалар аманатына адалдық танытып, рухына лайық іс тындырсақ, Сіз бен Біздің көздеген Ұлы мұратымыз осы емес пе!»

Мұндай келісті пікірімен қалайша келіспессіз. Келісеміз. Бес күн жалғандағы арқалаған аманаты да осы еді-ау!

Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ

Дүйсенбі - Понедельник, 22 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05 «Қош келдің, әз Наурыз!». Мерекелік концерт
07.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 “Ұлыстың ұлы күні. Ән мен әнші». Мерекелік концерт
13.00 “ҰЛЫ ДАЛА КОМЕДИЯСЫ”. Комедия
14.40 «Мен қазақпын!». Қуандық Рахымның концерті
16.40 Мультфильм “СПИРИТ: ДАЛА РУХЫ»
18.00 Телехикая “БІЗДІҢ ӘПКЕ»
20.00 «ҰЛТТЫҚ АРНАДА - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!». МЕРЕКЕЛІК ЖОБА
00.10 «Егіз лебіз» Мерекелік шығарылым
01.40 “ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА”. Көркем фильм

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚРӘнұраны
06.00 Концерт «Наурызкелді, құт келді»
07.00Тұсаукесер! Тікелейэфирде “Таңғыхабар»
0.00Тұсаукесер! “Алтыбақан»
11.15 Телехикая “ЕГІЗ ЖҮРЕК»
12.45 д/ф «Наурыз”
13.30 Концерт «Наурыз»
15.00 Кино. “БАЛУАН ШОЛАҚ»
17.00 «Наурызнақыштары». «Ұлы дала - ұлыққүн»
18.30 Кино. “ТОМИРИС».
21.15Тұсаукесер! “Музарт 20 жыл» концерті
23.30 Концерт «Ночь в опере, или Наурызқұттыболсын!»
01.00 Телехикая “ӘН-АҒА»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдірген» әзіл-сықақ
07.00 «Союзмультфильм»
08.00 Мультфильм «Машаи медведь»
10.00, 22.00 “КЕКЕШ КЕЛІН» үндітелехикаясы
10.30, 22.25 “ТҰМАРЫМ» үндітелехикаясы
11.30, 21.00 “ҚЫЗЫМ» түріктелехикаясы
12.30, 23.10 “АЙДАҢАРЛАР ШАЙҚАСЫ” корейтелехикаясы
14.00 Худ. фильм“БАНДИТКИ»
16.00 “Алдараспан» мерекелік концерт
20.00, 01.10 “Ақ мол болсын!»концерт
00.20 «Қошкелдіңіз»
02.00 “Біреудіңесебінен» деректідрама
02.45 «KazNet» ғаламторғашолу
03.05 “Үздікәзілдер»
03.50 Сериал «ВОПРЕКИВСЕМУ»
04.35 «Қарлығашкүзетагенттігі»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА-2» телехикаясы
06.40 “ӘН ДАРИЯ” бағдарламасы
07.25 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ТИНТИНА:ТАЙНА ЕДИНОРОГА»
09.00 «ANGRI BIRDS В КИНО»
11.00 Многосерийный фильм“ГЮЛЬЧАТАЙ. РАДИ-ЛЮБВИ»
14.30 “QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 “БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Многосерийный фильм“УГРЮМ-РЕКА»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Многосерийный фильм “ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО»
0.30 Ночной кинотеатр. “МЕНТОВСКИЕВОИНЫ-6»
01.15 «ЗИМНЯЯ СКАЗКА». Документальный фильм
01.25 “П@УТИНА» бағдарламасы
02.10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.40 “ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
03.25 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА-2» телехикаясы
04.10 «П@УТИНА» бағдарламасы

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 “АРМЫСЫҢ ӘЗ НАУРЫЗ!»,Мақпал Жүнісова менҚайрат Нұртастың концерті
09.30 “БАЗАР ЖОҚ, МЕКСИКА», комедия (повтор)
11.30 “БУДЬ ЧТО БУДЕТ»,мелодрама (повтор)
15.10 “АЛДАРАСПАН», әзіл-сықақтеатрыныңНаурызмерекесінеарналғақойылымы
18.20 “ӘН МЕН ӘНШІ». ҰЛЫС ОҢБОЛСЫН!!!
21.00 “АНЖЕЛИКА»,мелодрама
22.45 “ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив
00.50 “ИСЧЕЗАЮЩИЕСЛЕДЫ», детективная мелодрама (повтор)
02.15 «ТОЙ BESTSTAR», ойынсауықбағдарламасы
03.20 «АРМЫСЫҢ ӘЗНАУРЫЗ!»
05.00-05.20 «МӘССАҒАН»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.00 «Таңжарық»
10.15 «Қазақтың қара жорғасы» концерті
12.00 «ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН» мерекелік шығарылым/тікелей эфир/
15.10 «Единый народ»
15.30 «Екі жүрек» концерті А.Рақымқызы
17.00 «Ұлт құндылығы»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Ұлыс оң болсын!
20.00 «Әсем әуен»
22.35 «Ұлт құндылығы»
23.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 1001 анекдот (каз.)
06.40 «Неге?» (каз.) (повтор)
08.00 Сериал “КҮН САҚШЫЛАРЫ»
11.00 «What'sUp?” (каз.)
11.20 Мультфильм «Приключения мышонка
13.20 Худ.фильм “КАПИТАН САБЛЁЗУБ И СОКРОВИЩА ЛАМА РАМА»
15.40 Худ.фильм “МОЙ ДОМАШНИЙДИНОЗАВР»
18.20 Худ.фильм “ЛЕГЕНДА-ЗОРРО»
21.00 Премьера! «ЧЁРНЫЙ-ДРОЗД»
23.00 «Келтатуласайык» (каз.) (повтор)
01.50 Алдараспан, Нысана, Шаншарәзілдері (каз.)
03.30 Ризамын (каз.)
05.00 Әзілстудио (каз.)

7 КАНАЛ

06.00, 23.20, 02.30 Скетчком“Q-ЕЛІ»
08.00 «Наурыздабастықболамын»
09.00 Мультфильм «Норм и несокрушимые: ключиот королевства»
10.30 Детский фильм “Чародейка»
12.30, 20.30 Телехикая “ЕРКЕМҰҢ»
13.30 Концерт “Аналарғаәзілімдіарнаймын»
15.40 Худ.фильм “ЗАМУЖВ30»
17.40 Худ.фильм “ГОЛОДНЫЕ ИГРЫ»
21.30 Телехикая “ЗЫН-ЗЫҢҚҮЛПӘШ»
22.20, 03.20 Телехикая “ЖАЛДАМАЛЫҚАЛЫҢДЫҚ»
23.40 Худ. Фильм “ГОЛОДНЫЕ ИГРЫ: И ВСПЫХНЕТ ПЛАМЯ»
04.20 «Гу-гулет»
04.50 «Қуырдақ»
05.10 Телехикая «ЖЕҢІПКӨР»

Сейсенбі - Вторник, 23 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.40 Әнұран
06.05 «Наурыз-думан». Мерекелік арнайы жоба
07.30 “ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА”. Көркем фильм
10.00, 18.00 Телехикая “БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00 «Ұлттық арнада - Ұлыстың Ұлы күні!». Мерекелік жоба
15.20, 02.25 “Қызғалдақ ғұмыр». Арнайы жоба
15.40 «Әзіл әлемі». Мерекелік жоба
16.40 Мультфильм «ПОКАХОНТАС»
20.00 “Arnau tour». Димаш Құдайбергеннің Киевтегі Концерті
22.30 Телехикая “ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ»
23.20 “БАЛУАН ШОЛАҚ». Көркем фильм
01.10 “Наурыз хикаясы». Театрландырылған шоу-концерт
02.10 “Аударыспақ». Арнайы жоба
02.45 «Наурыз-думан». Мерекелік арнайы жоба (2018 ж.)

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Наурызтойыкелгенде» концерті
07.00Тұсаукесер! Тікелейэфирде “Таңғы хабар»
10.00 “Наурызнақыштары». «Ұлы дала - ұлыққүн»
11.15, 00.30 Телехикая “ЕГІЗ ЖҮРЕК»
13.00, 21.30Тұсаукесер! “Қолда яжолда»
15.00 Мега жоба “Өнербарысы». Тікелей эфир
20.00 Қорытындыжаңалықтар
20.30 “Баспанағабағыт». Прямой эфир
21.00 Итоги дня
23.30 «Әсемәуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдірген» әзіл-сықақ
07.00 «Союзмультфильм»
08.00 Мультфильм «Маша и медведь»
10.00, 22.00 “КЕКЕШ КЕЛІН» үнді телехикаясы
10.30 “ТҰМАРЫМ” үнді телехикаясы
11.30, 21.00 “ҚЫЗЫМ” түрік телехикаясы
12.30, 23.10 “АЙДАҢАРЛАР ШАЙҚАСЫ” корей телехикаясы
14.00, 03.05 “Үздік әзілдер»
15.10 Қайрат Нұртастың Инновациялық шоу концерті
18.00 “ҰРЛАНҒАН ТАҒДЫР» түрік телехикаясы
20.00, 01.10 “Ақ мол болсын!» Концерт
20.55 Loto 5/36. Прямой эфир
22.25 “ТҰМАРЫМ” үнді телехикаясы
00.20 «Қош келдіңіз
02.00 “Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet» ғаламторға шолу
03.50 Сериал “ТАҒДЫР»
04.35 «Қарлығаш күзет агенттігі»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА-2» телехикаясы
06.40 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
07.25 «СМУРФИКИ»
09.20 «КАРЛИК НОС»
11.00 Многосерийный фильм “ГЮЛЬЧАТАЙ. РАДИ ЛЮБВИ»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Многосерийный фильм “УГРЮМ-РЕКА»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Многосерийный фильм “ТАКАЯ РАБОТА-2»
00.00 Ночной кинотеатр. “МЕНТОВСКИЕВОЙНЫ -6»
00.50 “СПЕЦНАЗ”. Многосерийный фильм
01.40 “П@УТИНА» бағдарламасы
02.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.55 “ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
03.40 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА”телехикаясы
04.10 «П@УТИНА» бағдарламасы

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «БӘРЕКЕЛДІ» әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған Қойылымы
09.00 “РАСПЛАТА”, драма
10.50 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив (повтор)
13.00 “АНЖЕЛИКА”, мелодрама (повтор)
14.40 “ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ”, детективная мелодрама
16.30 “МНОГОДЕДНЫЙ». Казахстанское кино!
18.00 “АЛДАРАСПАН», әзіл-сықақ театрыныңНаурызмерекесінеарналған қойылымы
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңамаусым!
21.00 “АНЖЕЛИКА», мелодрама
22.45 “ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив
00.50 “ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ”, детективная мелодрама (повтор)
02.15 «ТОЙ BESTSTAR», ойынсауықбағдарламасы
03.20-05.20 «БӘРЕКЕЛДІ» (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.10 «Әсем әуен»
09.00 «Ұлт ұлағаты»
9.30 «Зейнеп апаның әңгімелері»
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Қазақ үні»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Зерде» Д/ф «Мәдени қазыналар»
13.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
14.00 «Золушка» ертегісі
15.00 Естай Аликеевтың концерті
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Спорт»
18.15 «Әсем әуен»
18.35 Гүлмира Саринаның концерті
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
22.00 «Ескерту» үнді фильмі
00.15 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 1001 анекдот (каз.)
07.10 Концерт «Өнерқырандары. Наурызкөше
10.20 Концерт “Уақыт», 1 часть
12.00 Мультфильм “Playmobil фильм: Через вселенные»
14.10 Мультфильм «Капитан Саблезуб и волшебный бриллиант»
16.10 Худ.фильм “ОХОТНИКИЗА ПРИВИДЕНИЯМИ»
18.40 Худ. Фильм“БЛАДШОТ»
21.00 Худ.фильм “ПАТРУЛЬ ВРЕМЕНИ»
23.10 Худ. Фильм“СКАЙЛАЙН-2»
01.40 “Музыкалықсағат» (каз.)
02.40 Алдараспан, Нысана,Шаншарәзілдері (каз.)
04.30 Ризамын
05.00 Әзілстудио (каз.)

7 КАНАЛ

06.00 Концерт «Аналарға әзілімді арнаймын»
08.00 «Наурызда бастық боламын»
09.00 Мультфильм «Норм и несокрушимые: большое путешествие»
10.30 Худ. фильм “ЭСПЕН В КОРОЛЕВСТВЕ ТРОЛЛЕЙ»
12.30, 20.30 Телехикая “ЕРКЕ МҰҢ»
13.30 Телехикая “ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР»
15.40 Худ. фильм “КЕЛИНКА ТОЖЕ ЧЕЛОВЕК-2»
17.40 Худ. фильм “ГОЛОДНЫЕ ИГРЫ: И ВСПЫХНЕТ ПЛАМЯ»
21.30 Телехикая “ЗЫҢ-ЗЫҢ ҚҮЛПӘШ»
22.20, 03.20 Телехикая “ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ»
23.20, 02.10 Скетчком «Q-ЕЛІ»
23.40 Худ. фильм “ГОЛОДНЫЕ ИГРЫ: СОЙКА-ПЕРЕСМЕШНИЦА”. ЧАСТЬ 1
04.50 «Қуырдақ»
05.10 Телехикая “ЖЕҢІП КӨР”

Открылось наследство после смерти гр. Зенчук Виталия Юрьевича, умершего 27 ноября 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С.,город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, в срок до 27.05.2021 года.

Сәрсенбі - Среда, 24 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.40 Әнұран
06.05 «Наурыз хикаясы». Театрлан-дырылған шоу-концерт
07.00 «Ұлттық арнада - Ұлыстың Ұлы күні!». Мерекелік жоба
10.00, 18.00 Телехикая “БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00 “КӨКПАР” Көркем фильм
13.50 “Menin Qazaqstanym». Қош келдің, Әз-Наурыз!
14.30 Концерт «Ұлы дала баласы»
16.40 Мультфильм “СУ ПЕРІСІ»
20.00 «NAURYZ - 2021». ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ ПРЕМИЯСЫ
21.30 Телехикая “МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР”.
22.30 Телехикая “ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ»
23.20 Телехикая “ТӘУІП ХО ЖУН”
00.20 “Бәйшешек ерте гүлдейді». Арнайы жоба
00.45 “Қымбат жандар»
01.35 ФУТБОЛ. 2022 г. жылғы Әлем чемпионатына іріктеу матчы. БЕЛЬГИЯ - УЭЛЬС. Тікелей эфир

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Наурыз шашу» концерті
07.00 Тусаукесер! Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 «Наурыз» деректі фильмі
10.45 «Ән әлемі»
11.15, 00.30 Телехикая “ЕГІЗ ЖҮРЕК»
13.00, 21.30 Тұсаукесер! “Қолда я жолда»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Тұсаукесер! “Музарт 20 жыл» концерті
18.15 Тұсаукесер! Кино. “БАТЫРЛАР»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 “Баспанаға бағыт». Прямой эфир
21.00 Итоги дня
23.30 “Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдірген» әзіл-сықақ
07.00 «Союзмультфильм
08.00 Мультфильм «Маша и медведь»
10.00, 22.00 “КЕКЕШ КЕЛІН» үнді телехикаясы
10.30, 22.25 “ТҰМАРЫМ” үнді телехикаясы
11.30, 21.00 “ҚЫЗЫМ” түрік телехикаясы
12.30, 23.10 “АЙДАҢАРЛАР ШАЙҚАСЫ” корей телехикаясы
14.00 “ӨКІНІШ” к/ф
16.00, 03.05 “Үздік әзілдер»
16.20 “ХАНЗАДА ЖУМОНГ» корей телехикаясы
18.00 “ҰРЛАНҒАН ТАҒДЫР» түрік телехикаясы
20.00, 01.10 “Ақ мол болсын!» Концерт
20.55 Loto 6/49. Прямой эфир
00.20 «Қош келдіңіз
02.00 “Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet» ғаламторға шолу
03.50 Сериал “ТАҒДЫР»
04.35 «Қарлығаш күзет агенттігі»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА-2» телехикаясы
06.40 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
07.35 «ОПАСНЫЕ КАНИКУЛЫ»
09.10 «КРОЛИК ПИТЕР»
11.00 “ГЮЛЬЧАТАЙ. РАДИ ЛЮБВИ». Заключительные серии
14.30 “QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 “БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Многосерийный фильм “УГРЮМ-РЕКА»
20.00 “ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Многосерийный фильм “ТАКАЯ РАБОТА-2»
00.00 Ночной кинотеатр. “МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ-6»
00.50 “СПЕЦНАЗ». Многосерийный фильм
01.40 “П@УТИНА» бағдарламасы
02.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.55 “ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
03.40 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА” телехикаясы
04.10 «П@УТИНА» бағдарламасы

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МАФИЯ МЕН ТАҚИЯ», әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған қойылымы
09.00 “Многодедный», комедия (повтор)
10.20 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив (повтор)
12.30 “АНЖЕЛИКА”, мелодрама (повтор)
14.20 “ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ”, детективная мелодрама
16.10 “ВА-БАНК». Казахстанское кино!
18.00 “АЛДАРАСПАН», әзіл-сықақ театрының Наурыз мерекесіне арналған қойылымы
20.00 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 “ВРЕМЯ УХОДИТЬ, ВРЕМЯ ВОЗВРАЩАТЬСЯ», мелодрама
22.45 “ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив
00.50 “ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ», детективная мелодрама (повтор)
02.20 «ТОЙ BESTSTAR», ойынсауық бағдарламасы
03.20-05.20 «МАФИЯ МЕН ТАҚИЯ» (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.10 «Әсем әуен»
09.00 «Спорт-тайм»
9.30 «Тәуелсіздік тұлғалары»
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Арнайы репортаж»
11.00 «Олжа»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Әкелердің әңгімесі»
12.45 Д/ф «Мәдени қазыналар»
13.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
14.00 «Гензель и гретель» ертегісі
15.00 К/ф «Сезіммен қадам»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Спорт»
18.15 «Әсем әуен»
18.35 Шәмшия Ахметованың концерті
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
21.00 «Экорейд»
21.20 «Спорт»
21.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
22.00 «Той шашуы» үнді фильмі
00.20 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 1001 анекдот (каз.)
07.10 Концерт «Онтустык әзілдеры»
10.20 Концерт “Уақыт», 2 часть
12.00 Мультфильм “Приключения Мышонка»
14.00 Худ. фильм “ОХОТНИКИ ЗА ПРИВИДЕНИЯМИ»
16.40 Худ. фильм “ОХОТНИКИ ЗА ПРИВИДЕНИЯМИ-2»
19.00 КИНО. Чарли Ханном криминальном фильме «ЧЁРНЫЙ ДРОЗД» (повтор)
21.00 Премьера! КИНО. Мэгги Грэйс в боевик “ОГРАБЛЕНИЕ В УРАГАН»
23.10 Концерт «Уақыт», 1 часть
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз.)
03.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио (каз.)

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
06.50 «Айна-online»
07.15, 13.30 Телехикая «ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР
09.00 Мультфильм «Норм и несокрушимые: семейные каникулы»
10.30 Худ. фильм “ЭСПЕН В ПОИСКАХ ЗОЛОТОГО ЗАМКА»
12.30, 20.30 Телехикая “ЕРКЕ МҰҢ”
15.40 “KZландия”
16.25 Худ. фильм «КЛАССТА-СТАР»
18.00 Худ. фильм “ГОЛОДНЫЕ ИГРЫ: СОЙКА-ПЕРЕСМЕШНИЦА”. ЧАСТЬ 1
21.30 Телехикая “ЗЫҢ ЗЫҢ ҚҮЛПӘШ»
22.20, 03.20 Телехикая “ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ»
23.20 Скетчком «Q-ЕЛІ»
23.40 Худ. фильм “ЭСПЕН В КОРОЛЕВСТВЕ ТРОЛЛЕЙ»
01.40 Худ. фильм “ИНСТАГРАМЩИЦА»
04.20 «Гу-гулет»
05.10 Телехикая “ЖЕҢІП КӨР”

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРАЗДНИК

НАУРЫЗ – ПРАЗДНИК ВЕСЕННЕГО ОБНОВЛЕНИЯ

В Казахстане весна теснит зиму и полноценно вступает в свои права 21 марта – именно в этот особенный день отмечается светлый праздник Наурыз, знаменующий собой не только весеннее равноденствие, но и обновление природы. Наурыз в Казахстане символизирует плодородие, дружбу и любовь. В этот день люди одеваются нарядно, ходят в гости к родным и близким и не смолкают добрые пожелания. Для восточных народов Наурыз всё равно, что Новый Год, ведь оба праздника считаются вестниками новой жизни. Праздник Наурыз на персидском языке означает не что иное как «новый день».

К слову, Наурыз возник приблизительно 5000 лет назад, задолго до принятия народами Востока мусульманства и потому не привязан к религиозным таинствам. Благодаря этому его с удовольствием празднует все население Казахстана вне зависимости от национальности, цвета кожи, расы и воззрений.

Само же происхождение праздника Наурыз уходит в глубокую древность, согласно мнению некоторых учёных, связано оно с древнеиранским культом Солнца и именем легендарного пророка Заратуштры. Впрочем, все праздники солнцестояния самые древние на планете, которые были понятны как кочевым, так и оседлым народам. Тогда люди были ближе к природе, наблюдали за ней, понимали солярно-лунные ритмы. Позже празднование прихода весны упоминается в исторических летописях о калмыках, саках и гуннах. В эру Золотой Орды Наурыз, как и сегодня, обладал статусом государственного праздника.

Наурыз – праздник, который начали отмечать до появления ислама, он достался восточным народам в память о языческих верованиях, когда в почете у предков были природные культы. Так в Северной Индии отмечают Лори – день окончания суровой зимы, в Египте начало весны называют Жам эн-Нессим; в Израиле чествуют Ту бишват– конец сезона дождей, в Исландии есть Сумарсдаг – день прихода лета. Наурыз не относится к религии, в этот день по всему Казахстану люди поют и танцуют, а также участвуют в народных играх и праздничных гуляниях.

Для казахского народа Наурыз, так же как и для многих других, издревле считался началом перемен, к празднику готовились за несколько недель. В честь праздника люди заранее готовили яркие наряды или костюмы сказочных героев. Народ собирался на центральной площади селения и пускался в пляс. Празднование всегда сопровождалось массовыми играми, традиционными скачками, развлечениями. В аулах ставили качели «Алтыбакан».

Самыми известными и любимыми в народе были игры «Айкыш-уйкыш» («Навстречу друг другу») и «Аудары-спек», во время которой джигиты перетягивали друг друга из седла. Праздник Наурыз не обходился без состязаний в национальных видах спорта — казахшакурес, тогузкумалак, лошадиные скачки (байга). И не только юноши, но и девушки участвовали в играх. В народной забаве «Кыз-Куу» девушка вызывала джигита на состязание с условием, что если он победит, то приобретет право на ее руку и сердце, а если победит она, то джигит должен повиноваться ей и выполнять любые ее желания. В таких случаях Наурыз превращался в свадебное торжество.

Как и на любой большой праздник, на Наурыз было принято накрывать богатый дастархан.

До и после трапезы читались молитвы во имя предков. На праздничном столе обязательно должно быть Наурыз коже (мясной бульон с молочной и растительной составляющей).

Непременным в Наурыз считается наличие на каждом праздничном столе традиционного блюда наурыз-коже. Казахи считают, что в праздник Наурыз нужно досыта наесться этим блюдом, и тогда год пройдет в достатке. Наурыз-коже - это сытный наваристый суп, который готовится из семи ингредиентов: мяса, воды, муки, масла, пшена (можно заменить рисом или кукурузой), соли и молока.Каждый компонент блюда символизирует одно из семи жизненных начал: рост, удачу, счастье, богатство, здоровье, мудрость и покровительство небес. Наурыз вообще полон символов. Так особое значение в праздновании Наурыза имеет число семь - семь ингредиентов в наурыз-коже, который потом разливают в семь чаш и ставят перед мудрыми старцами-аксакалами. Семь гостей в свой дом должен пригласить каждый, а также обязательно самому побывать в семи домах.

День заканчивался айтысом — представлением, где два акына в стихотворной форме состязались в песнях. Их состязания прекращались с заходом солнца за горизонт, когда добро побеждает зло. Затем разжигали костер, и люди с зажженными от него факелами обходили все окрестности селения, пели и плясали, тем самым завершая праздник весеннего обновления и равноденствия

Современные очертания праздника существенно отличаются от их прежнего содержания. Это не только театрализованные представления и богато убранные юрты, вкусно приготовленный Наурыз-коже, но и проведение благотворительных акций, народно-спортивных игр, уход за зелеными насаждениями, посадка деревьев, очистка парковых и других зон отдыха, улиц и площадей.

Сегодня «Наурыз мейрамы» стал общенародным праздником весны, труда и единства. Наурыз одинаково дорог всем народам, живущим в многонациональном Казахстане. Древний праздник Наурыз гармонично трансформировался в современную жизнь, сохранив преемственность традиций древности.

К. ПФАЙФЕР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕСКЕ АЛУ

БЕЛГІЛІ ЖАЗУШЫ-ЖУРНАЛИСТ, БЕДЕЛДІ БАСПАГЕР ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ АҒАНЫҢ ҚАЗАСЫ ҚАБЫРҒАМЫЗДЫ ҚАТТЫ ҚАЙЫСТЫРЫП КЕТТІ... ЫРЫМ АҒАМЕН БАЙЛАНЫСЫМЫЗ 2000 ЖЫЛДАН БАСТАЛҒАН ЕДІ... НЕ АЙТСА ДА, ТАУЫП АЙТАТЫН ДАНА ҚАЗАҚТЫҢ «ТҮСІ ИГІДЕН ТҮҢІЛМЕ», – ДЕГЕН МАҚАЛЫ ЫРЫМ АҒАНЫ КӨРГЕН САЙЫН ЕСІМЕ ТҮСЕТІН.

Жақсы жазушы, жайсаң жан еді...

Иә, келісті келген, кең иықты кемел пішімді осы бір нар қазақты ең алдымен жазушы ретінде сыртынан біліп жүретін едім. Журналист ретінде де ойлы да орамды мақалаларын көзіміз шалып қалушы еді бұрыныракта. Ал жақын танысуым – жазушы-журналист Ырым Кененбаевтың Қазақстанның ірі баспаларында істеп, кейінірек «Алатау» мемлекеттік баспа полигирафия корпорациясын басқарып жүрген кезіне тура келді.

Республикалық «Қазақ үні» газетін (ол кезде «Жас Қазақ үні») шығаруға бел байлап, баспаханаларды шолып шыққанда таңдауымыз осы аталмыш «Алматы-Болашақ» баспаханасына тоқтаған еді. Әлі есімде, газетіміздің алғашқы нөмірі 2000 жылы 11-тамызда осы баспаханадан 15 000 данамен шыққан болатын. Содан бері Ырым аға әр кезде ақылын аямай, кәсіби баспагер, әрі тәжірибелі журналист ретінде кеңесін беріп жүрді.

2003 жылы сол кездегі Мәдениет, ақпарат және спорт министрі, руханиятқа қамқор, рухы биік қайраткер Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қабылдауында болғанымда мемлекеттік тапсырыс алуға тендерге қатысуымызды қалады.

«*Бір тиын алмасаңдар да, мемлекеттік мүддені қорғап, ұлттық мүддені ұлықтап келесіңдер. Қазір қаншама миллиондап, алып жатқан кейбір басылымдар қара бастарының есебін түгендеп, жеке адамдардың соңынан шам алып түсіп жүр. Сондықтан сендер мемлекеттің қолдауына ие болуға толық хақыларың бар деп білемін*», – деді Мұхтар Абраұлы.

Өз күнін өзі көріп, қиналып келе жатқан жас басылымға мемлекеттік қолдау үлкен күш берді. Осы тұста Ырым аға: «*Сендер енді түрлі-түспен шықсаңдар, тіпті қатып кетер еді. Қазақ газеттері заман талабына сай әлі осыған көше бастайды*», – деп кеңес берді. Өзіміздің де ойымыз осы еді.

Сөйтіп, 2003 жылы біз тәуелсіз қазақ газеттерінің ішінде алғашқы болып, түрлі-түсті болып шыға бастадық. Оқырман тартуда оның артықшылығы да айқын көрінді. Сол кезде Ырым ағаның ырза көңілімен қатты қуанып жүргені көз алдымда, әлі есімнен кетпейді. Өзгенің қуанышына бұлай кең пейілді, кемел ойлы, ақ жүрек азаматтар ғана қуана алатын шығар деп ойлайсың. Шынында да Ырым аға көрегендікпен дәл болжағандай, бізден кейін басқа газеттер де түрлі-түспен шыға бастады.

Содан бері, құдайға шүкір, газеттің көркемдігі мен сапа салмағы артуымен келе жатса, мұнда Ырым ағаның үлесі де мол болды.

Жақсы адамдар өмірден өткенде олардың жақсылықтары көз алдыңа тізбектеліп келе қалады.

Осындайда еске түседі. Алғашқы бір-екі жылдың ішінде баспаханаға біраз қарыз боп қалдық. Ағамыздан қатты ұялып жүрдік. Бір реті келгенде жиналып қалған қарызымызды түгел төлеп тастаған соң, басқа баспаханаға ауысып кеттік. Ондағы ойымыз тағы да қарызданып қалсақ, сыйлайтын ағамыздың алдында жүзіміз төменшіктеп, жүніміз жығыла бергенінен ұялғанымыз еді.

Бір жыл өтер-өтпес уақыт ішінде Ырым ағамен бір жиында кездесіп қалдық. «*Неге үн-түнсіз кетіп қалдыңдар?»* – деген ағаға жауабымыз әлгіндей болып еді. *«Бір ауыз сөз айту керек еді ғой, ертеңнен бастап бізге келіңдер. Төлем кейде кешігіп жатса, кеңшілік жасаймыз ғой. Тәуелсіз қазақ газеттерінің қайсысына оңай дейсің. Оны өзіміз қалам ұстап жүрген біз түсінбесек, кім түсінеді*?» – деді. Сонымен «Алматы-Болашақ» баспаханасына қайтып келіп, күні бүгінге дейін, осында шығып келеміз.

Әрине, тірлік болған соң, әлі де кейде қарызымыз көбейіп қалады. Мұндайда баспа менеджерлері сәлемнен бұрын қадалып тұрып қарызды айтады. Есепшілер Қазақстанның қай түкпірінде жүрсең де телефон арқылы тауып алып, жақсысын айтып, жаманын тақап қояды. «Қарыздарың көбейіп қалған ба?» – деп баспа басшылары да салмақты сұрақтарын қойып та қалатын кезі жоқ емес. Бұндайда біздің барып жүгінетініміз – корпорация президенті Ырым ағаның алды. Содан біраз кеңшілік, біршама кеңестерді алып шығамыз да қайрат жинап, қарызымызды жабу үшін қарқын танытуға кірісіп кетеміз.

Жалғыз «Қазақ үні» емес, «Алматы – Болашақ» баспаханасынан қаншама басылымдар жарық көріп жатыр. Әрине, солардың бәрін қолынан өткізіп, ақыл кеңесін беріп отыратын Ырым ағаға елдің ықыласы ерекше еді...

Естен кетпейтін бір жағдай, 2010 жылдары мемлекеттік тілге байланысты мемлекет, үкімет, билік басындағы басшылардан бастап, ешкімді аямай сынап жүргенбіз. Ақыры соңымызға шырақ алып түскен тексеру басталды.

«Қазақ үні» газетінің артында кімдер тұр, қандай олигарх қолдап жүр?» –деген сұрақтар қойылды. Сонда ең алдымен осы біздің газет шығып келе жатқан «Болашақ-Алматы» баспаханасына келіпті тексерушілер. Қараса, «артында қандай олигарх тұр?» деген газеттің қарызы жетіп артылады екен. «*Неге газеттің қарызы көп болса да, шығара бересіңдер?»* – деген сұраққа баспахананың аққөңіл бухгалтері: *«Біздің басшымыз Ырым ағай бұл газетті де, бас редакторын да жақсы көреді. Әйтпесе өзінің ұлы ашқан газет қарыз болып қалғанда, шығармай қойған»* деп жауап беріпті...

Ол тексерудің арты біздің Үкімет пен Ақордадан бір-ақ шығып, жауап беруімізбен, әйтеуір қасиетті ораза айында болғасын болуы керек, соңы дұрыс аяқталды...

2007 жылы Ырым аға асулы алпысқа толғанда қос томдық шығармалары шығып, құтты болсын айтқанымызда – «*Етікші етікке жарымайды» дегендей, баспа ісіне ауысқалы бері бір кітабым шықпапты. Алпысымызда ел алдында есеп беріп қойғанымыз дұрыс шығар деген ойдамыз*», – деп әдеттегідей жылы жымиып қойған еді.

Ырым ағаның ауыл иісі бұрқыраған шығармаларынан өзі туып өскен Жоңғар Алатауының жәннатты табиғаты мен қарапайым еңбек адамының ерен бейнесі айқын көрінетін, терең ойы мен нәзік иірімі тартып тұратын...

2017 жылы Ырым аға жемісті жетпіске толып, Талдықорғанда мерейтойы дүрілдеп өтті. Алматыдан қалам ұстағандардың бәрі арнайы бардық. Облыстық «Жетісу» телеарнасында Ырым ағаға арнап хабар өтті. Оны әйгілі тележурналист, марқұм Бейсен Құранбек бауырымыз әдемі жүргізді. Сол жолы ардақты ағамызға арнап, «Қазақ үні» газетінде көлемді мақала жазып, «Ақ жол» партиясының «Қазақ хандығына 550 жыл» мерекелік медалын тағып, «Жаны жайсаң жақсы аға» атты арнау жырымызды оқып, құттықтап қайтқан едік.

Болған кезде қажеті,
Көмегі көп молынан.
Қаншама ел газеті,
Өтіп жатыр қолынан.
Ұлағат көп ұға алар,
Күмбірлейді күйі шын.
Шығармасы шығарар,
Шырайлы өлке иісін…
Тұлғаңызға қарасақ, –
Туы биік батырсыз.
Пайым менен парасат
Сыйлап келе жатырсыз.
«Қызғалдақты кешкен қыз»
Қыр астында қалды ма?
Қалмай жүрген көштен біз
Талай келдік алдыңа…
Құтты болсын жетпісің!
Тарлансыз ғой текті шын..
Екі отыз бес қуаты –
Арта берсін көп күшің.
Бар газетті жинап ап,
«Алатау» боп қорғашы,
Хан сарайдай ғимарат,
Болсын табыс ордасы!
Ардақтыға арнайды,
Ақын біткен жырды ұзын.
Жарқыратқан маңдайды,
«Құрмет» – болсын Жұлдызың!
Күтуде ел, дала да,
Асулар да бар асар…
Парасатты ағаға
«Парасаты» жарасар!
Келе берсін іздеп ел,
Келешекті баспаға…
Жайсаңдықпен Жүзге кел,
Жасай бергін, жақсы аға!-

деп жырлап, шынайы көңілімізді жеткізген едік сонда. Адамның дегені бола ма, Алланың үкімімен 74-ке қараған шағында өмірден өтіп кете барды ардақты ағамыз...

2012 жылы мен елуге толғанда Ырым ағамыз Алматыда өткен жыр кешіме Науат жеңгемізді алып келіп, қатысып отырды. «Жеңгең поэзияны жақсы көреді, сенің жырларыңды тыңдау үшін келдік» деп, ризашылығын білдіріп, ақ тілегін айтқан еді ақеділ ағамыз.

Алла алдынан жарылқасын дейміз. Алды пейіш, арты кеніш болғай.

Белгілі қаламгер, беделді баспагер, ең бастысы нарқасқа азамат, жаны жайсаң, жақсы аға Ырым ағамыздың жарқын жүзі ұмытылмайды.

Отбасына, Науат жеңгемізге, Заңғар бауырымызға, туған-туыстары мен ұжымының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Жатқан жері жайлы болып, пейіште нұры шалқи бергей.

Иманы саламат болсын!

Қазыбек ИСА,
«Қазақ үні» газеті.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕСКЕ АЛУ

ОРНЫ ТОЛМАС ӨКІНІШ...

Ақпанның ақ бораны дәл сол күні өз-өзінен ұйытқып, Алматы қаласы мен жұртын да әбігерге салды. Қар аралас жаңбыр таң атқанша тоқтаусыз жауды. Біртүрлі сүреңсіз ауа райынан ба көңілім де ала-құйын. Автобустан Мұқанов аялдамасынан түсіп, жұмысқа қарай бет алғанымда алдыға басқан қадамым кері кетіп, жүк арқалағандай әзер жүрдім.

Есіктен кірген бетте вахтада отырған жігіттің: «Көкеміздің айырылып қалдық» деп өкіре жылағанынан денем тіксініп, тұрған орнымда қаттым да қалдым. «Кім» деп сұрауға дәтім бармай екінші қабатқа көтеріліп, Ырым ағаның кабинетіне келгенімде үнемі ашық тұратын есігі жабық екен. Осы сәтте ағаның оң қолдары болып саналатын Рамазан мен Азаттың: «Ырым ағамыз дүниеден өтті» деп өзімді құшақтай жылағандарында барып, санама саңлау барғандай болды. Мүмкін емес деуге шара қалмады. Екі құлағым шуылдап, көзім қарауытып, басым айналды. Таяу тұрған орындыққа отыра кетіп, екі көзден тамған жасқа мен де ерік бердім...

Жастайымнан жақсы адамдардың жандарында жүрдім. Оған да тәубе. Мектеп бітірген 1970 жылы Алматыдағы «Лениншіл жас» газетіне келіп, Оралхан, Сағат, Әшірбек, Рза сынды ақын, жазушы ағалармен таныстым. Ақылдарын тыңдадым. Ырым ағаның есімін сол кезден білсемде көзбе-көз тілдесуге мүмкіндік болмады. Есесіне 2001 жылы «Алатау» газетіне редактор болып қызметке орналасқанымда өте жақын араластық десем артық айтқандығым емес. Жұмыста өте талапшыл еді. Барынша ой-пікірін тереңнен қозғап, сыни мақалаларды жазғанда бағыт-бағдар беретін. Ар-намысқа тимеуді қатаң бақылайтын. Басылым аз уақытта-ақ көпшіліктің көңілінен шыға білді. Газетіміз бес жылдың ішінде 19 мың тиражды еңсергенін сол кездегі азаматтардың бәрі де біледі. Ырым ағамыз қуанып, Қапшағай қаласында өткен «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясының мерейлі мерекесінде өзімді арнайы марапаттап, құрметтегені де күні кешегідей есімде. Сонан соң,«Талдықорған» газетіне редактор болып ауысқанымда да ағамен байланысымыз үзілген жоқ. Түрлі мерейлі тойлар мен кездесулерде жанында жүрдім.

Уақыттың жылдамдығында шек бар ма?! Зейнеткерлікке 2017 жылы шығып, күздің қара суығында Ырым ағаның жанына келіп, жан жылуын тағы сезіндім. Ақ жүректі, кеңпейіл, адамгершілігі мол азамат екенін сол жолы көрдім. Ағаның нұсқауымен республикалық «Қазақ спорты» газетіне тілші болып орналастым. Редакторы - Дүрәлі Дүйсебай. Кезінде ҚазГУ-де бірге оқығанбыз. Ол сол кездің өзінде-ақ талғамы жоғары, талантты жігіт болатын. Оның да мені қуана қарсы алғанына іштей риза болдым. Содан бергі кезең де бес жылға аяқ басыпты-ау. Ырым ағаның қамқорлығының арқасында самолетпен ұшып, поезға отырып дегендей еліміздің кең байтақ даласын екі рет айналып шыққан екенмін. Тәуелсіз елімнің соңғы 30 жылда дамыған, көркейген облыс орталықтарында болып, көңілімнің марқайып қалғаны да рас. Мүмкіндігінше барлық облыстарды қамтып, спорттағы жетістіктерін «Қазақ спортында» жариялап отырғанымды көзі ашық азаматтардың бәрі де жақсы біледі деген сенімдемін. Ия, айта берсек бес жыл ішінде біраз жұмыстар атқарылды. Олардың бәрін тізбектеп айтып шығу да мүмкін емес. Десекте, өткен жылы Ырым ағаның басшылығымен үлкен шаруаның беті қайырылғаны анық. «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясынан жаңылмасам 2020 жылы мемлекеттік тапсырыспен 30-ға жуық кітап жарыққа шықты. Осы кітаптардың негізгісіне редакторлық қызмет атқардым. Барлығына да менің аты-жөнім жазылды. Бұл баспа жұмысына да Ырым ағамыз баулып, әбден шыңдап шығарды. Бұл кәсіптің де жауапкершілігі өте жоғары, төзімділік пен табандылықтың нағыз төресі екенін кітап маңында жүрген журналист әріптестердің барлығы да түсінер деген үміттемін.

Бірде ағамыз өзіне шақырып; *«Баспадан шығатын кітаптардың дені ретке келіп қалған сияқты. Енді Әл-Фараби бабамыз туралы кітапты қолға алсақ қайтеді деп маған сынай қарады. Биыл Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы жер-жерде өтіп жатыр. Жылдың аяқталуына да төрт-бес ай қалды. Біздің үнсіз отырғанымыз дұрыс болмас. Міне мынау академик, ұлы тұлға Ақжан Машанидың 16 томдық еңбектері. Кезінде бұл томдарды да мен шығарғанмын. Осы кітаптардың дені Әл-Фарабидің өмірі мен ғылыми даналығын жан-жақты қамтиды. Сен осы кітаптарды пайдалана отырып, 1 мың беттік 80 баспа табаққа сай келетін үлкен кітапты құрастыратын боласың. Ал іске кіріс»* деп әлгі кітаптарды арқалатты да жіберді. Бұл ай қыркүйектің басы болатын. Өзі басшы, мен қосшы демекші бұл шаруаны да айтылған мерзімде аяқтадық-ау. Кітап түрлі-түсті бояумен қоса, Әл-Фараби бабамыздың бүкіл өмірін қамтитын тарихи ескерткіштер мен суреттері де кеңінен қамтылды. «Әл-Фараби көпірі» деп аталатын кітаптың авторы ұлы ғалым Ақжан Машани болса да тың деректермен кітапты құрастырушы ретінде менің есімім тасқа басылды. Сөйтіп Ырым ағаның қолдауымен «Әл-Фараби танушы» атандым.

Желтоқсан айының 15-нде баспадағы 100-ге жуық қыз-жігіттерді жинап, көпшілікті Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады. Дастархан жайып, олардың әрқайсысына қаржылай сыйақы үлестірді.Төр басында өзіде көңілді отырды. Жылды ойдағыдай өткізгенін айта келіп, мені де ел алдында мақтап кетуді ұмытпады. Келер жылға да құрған жоспарымыз биылғыдан да өте жоғары. *"Құдай қаласа алдағы желтоқсанның 18-ы күні жұбайыммен Астанаға барып, біраз шаруаны бітіріп келемін"* деп еді...Енді міне ай өтпей жатып, нар тұлғалы ағамыздан айырылып, төмен қарап отырған жайымыз бар. Ағамыздың болашақта атқарар жұмысы да өте көп еді. Жаугершілік заманында еліне пана болған Батыр бабасы Есперлі туралы жинаған тарихи деректерің өзі де бір төбе болатын. Жұмыс барысында ол кісі өзін де өзгені де аямады. Осының бәрі де жүрекке салмақ салары анық қой. Бақұл болыңыз Ырым аға! Сізді өлімге қимаймыз! Жаныңыз жәннатта болсын!

Мәулетхан АҚСАНОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
«Қазақ Спорты» газетінің өз тілшісі.

ОСЫНАУ ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАЙ ҚЫСҚА ӨМІРДЕ АЙНАЛАМЫЗДАҒЫ ЖАҚСЫ АДАМДАР ЖАЙЫНДА ОЛАРДЫҢ ҚУАНЫШТАРЫНДА КӨСІЛІП СӨЙЛЕУ БІР БАСҚА ДА, ДҮНИЕДЕН ӨТКЕН КӨЗ КӨРГЕНДЕР ХАҚЫНДА ОЙ ТОЛҒАП, ЕСТЕЛІК АЙТУ ҚИЫННЫҢ ҚИЫНЫ.

БОЛМЫСЫ ЕРЕК нар тұлға

Ырым ағаның есімін «Лениншіл жастан» оқып өстім. Ол кезде біз де әдебиет әлемі еліктірген өрен жас едік. Сезім күйін шертетін нәзік бір лирика тұнған очерктерімен, әңгімелерімен жастарды баурап алған Ырым Кененбаев бірте-бірте іздеп жүріп оқитын қаламгерімізге айналды. Кейіннен студенттік шақта газет редакцияларынан, баспадан ағамызды көргенде құрақ ұша амандасып жүретінбіз. Ішімізді жара әңгімелесуге, әрине, ұяңдығымыз жол бермейтін. Ағамыздың жаңа туындылары қолға түсе қалса болашақта қайтсек мықты қаламгер боламыз деп жүрген біздер таласа-тармаса бас алмай оқитын едік.

Тәуелсіздік қарсаңында Ырым аға баспагерлікке түбегейлі бет бұрды. Иесіз қалған, тоқырап тұрып қалған жергілікті баспаханаларды меншіктеп алып, олардың өн бойына қан жүгіртті. Сарқан аудандық баспаханасы да осы кепті құшып еді. Ағамыз қолға алғалы бүкіл бітім-болмысы өзгерді, күрделі жөндеуден өтті, заманауи баспа жабдықтары әкелінді. Осы өңірдегі үш ауданның газеттері «алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалауға» мүмкіндік тапты.

2006 жылдың кешеу күзі. Талдықорғандағы баспа басшылары хабарласып, «Ырым аға шақырады» деген соң офсет баспаханасына айтылған мерзімде бардым.

– Жомарт, сыртыңнан білемін. Жазғансызғандарыңды көрсетші, – деді амандықсаулықтан соң пішіміне сай кеңқолтық қалыпта.

Баспа бетін көрген бір-ер кітаптарымды саралап шығып өз ұсынысын айтты. Осында шығатын аймақтық «Алатау» газетіне бас редакторлыққа келісімімді сұрады. Баспана мәселесі оң шешімін тапса облыс орталығына ауысуға, әрине, менің тарапымнан қарсылық болған жоқ.

Жаңа жылдан бастап газетке келуге бел байлап, Сарқанға бара салысымен аудан басшылығының алдынан өттім де «Алатаудың» тізгінін қолға алдым. Шағын болғанмен ұжым құрамы да көңілімнен шықты. Бір-біріміздің айтпақ ойымызды қабағымыздан танып, мүмкіндігінше оқылымды газет шығаруға ден қойдық. Сол деңгейден табылдық па, жоқ па деген сауалға жауапты Алматыдағы Ырым ағадан күтетінбіз.

Ырым аға аптасына бір рет хабарласады. Газеттің мазмұнын байытуға ақыл қосады, бағыт-бағдар береді. Бауыржан Момышұлының *«Мен істедім дегенше, мың істеді десеңші»* деген ұлағаты аға бастап, біз қостаған, газет ұжымы дайындаған басылымның бет-бейнесінен айқын көрінетін. Арада бес ай өткенде отбасыммен қалаға қоныстану арманым алыстай түскендіктен Сарқандағы жылы орнымды суытпай еліме қайта оралдым. Үйреншікті аудандық газетке басшылық жасадым, өмір өз арнасымен ағып жатты.

Араға бір жыл салып Ырым ағамен Сарқанда жолықтым.

– Редакторлығыңды бағалаймын, енді қосымша аудандық баспахананы басқару жауапкершілігін өз мойыныңа ал,-дейді ағамыз қамқор пейілмен.

– Рахмет, аға, – деймін мен, – табиғатымнан шаруашылық жұмысына қырым жоқ. Сол газетіммен болайын, қажет деп тапсаңыз басшылыққа бір жас жігіт қарастырайық.

Ойласа келе аға Талдықорғандағы баспагер бауырларының біріне тоқталды. Содан бері Ербол Ғалымұлымен аға-інідей бауырласып жұмыс атқарып келеміз.

Баршамыз да қанатымыз қайырылғанша бұл фәниге қонақпыз. Жазмышқа бағынамыз. Ағамыздың жаны жәннатта, топырағы торқа болсын!

Ағамыз бар ғой деуші ек нар тұлғалы,
Жайсаңның бірегейі жарқын жаны.
Үзілді, үрейлі дерт алып тынды,
Ұрпағы қалды жылап артындағы.

Бақ қарап ғұмыр кешті, ырыс қонып,
Қалды аға санамызда биік болып.
Жымиып көрік берді ол ортамызға,
Сыйластық сезімді біз ірікпедік.

Бақидан қоныс тапты таудай тұлға,
Бауыр бар ауқымды ісін жалғайтын да.
Артында қалды том-том еңбектері,
Ұрпағы, өнегесі қалды артында.

Тұлға еді болмысы ерек асқар, абыз,
Айтады әлі ол жайлы жастар аңыз.
Амал не қимай-қимай қоштастық біз,
Бақұл бол, жайсаң жанды жақсы ағамыз!

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі.

БАҚҰЛ БОЛ, ЫРЫМ АҒА!

Көңілім енді қайтіп толармысың,
Көкейге жырым болып қонармысың.
Пендеңнің бір басына беретұғын,
Өмір-ай,
сонша қысқа болармысың!

Еркін мен Жетісудың арасында,
Жүруші ең сырбаз мінез жарасымда.
Сарқырап таудан аққан Қараталдың,
Өтті ғой балалығың жағасында.

Арқалап еңбегіңмен дала жүгін,
Үзбедің үмітпенен сана жібін.
Баспагер, журналист боп ғұмыр кештің,
Аттамай адамдардың ала жібін.

Тусаңда Жетісудай өр елінде,
Жүруші еді сан ойлардың тереңінде.
Тарықпас желдей ұшқан қаламыңмен,
Әлі де көп еді ғой берерің де.

Жарқ етіп өте шыққан бір жасындай,
Көңілім саған деген тұр басылмай.
Сіз аға,
Мен іні боп жүрген кезде,
Менімен сырласушы ең сыр жасырмай.

Жақсыға жаның таза сенетұғын,
Көп еді қызықтарың көретұғын.
Мен қайтіп ұмытайын бүгін енді,
Ағалық ақылыңды беретұғын.

Таусылмас айта берсем сырың аға,
Төгіліп тұрушы еді нұрың аға!
Бақұл бол!
Жатқан жерің жайлы болсын,
Қадірлі, досқа сыйлы Ырым аға!

Сайлаубай Тойлыбаев,
ақын інісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ВЫПУСКАЕТ РАЗВИВАЮЩИЕ КОВРИКИ

Молодая бизнесвумен Мереке Рамазан из города Капшагай-Алматинской области исполнила свою студенческую мечту, открыв цех по производству развивающих ковриков и мягких игрушек для детей.

28-летняя Мереке Рамазан родом из маленького села Береке в Балхашском районе. Успешно окончив ВУЗ по it направлению, несколько лет работала инженером связи. Но со студенческих лет мечтала открыть свое дело. Последние два года горела идеей создания детскихигрушек и ковриков, делится Мереке.

Чтобы осуществить свою давнюю мечту в 2019 году она записалась на месячный курс обучающего проекта «Бастау Бизнес» по программе «Енбек». Получила консультацию и наставления отбизнес-тренера в Палате предпринимателей.

«В студенческое время всегда думала открыть свое маленькое дело. И в последние два года я мечтала о производстве детских игрушек и ковриков. Я проанализировала и изучила рынок. По стране и в нашей областиотсутствовали такие

изделия, которые я хотела выпускать. Навыки программиста также помогли реализовать идею», - рассказывает молодая предпринимательница.

После обучения она защита свой бизнес-план и в том же году по программе «Енбек» получила грант в размере 505 тысяч тенге. В 2020 году Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства выдал Мерекекредит на 6 млн тенге, а также по программе «Дорожная карта бизнеса -2025» получила безвозвратный грант в размере 2 млн тенге.

Эти средства бизнесвуменнаправила на открытие цеха по производству развивающих ковриков в городе Капшагай. Закупила необходимое оборудование - режущий плоттер, прямострочную машинку, распошивальную и вышивальную машинки, принтер МФУ. Сейчас в цехе работают две швеи и один программист.

«С февраля этого года мы начали выпуск развивающих ковриков, мягких игрушек, книжек и игрушек антистресс. Ежемесячно планируем производить по 50 изделий. Например, коврики мы делаем из экологически чистого материала. Игровые коврики очень прочные, не содержат токсичной краски, гипоаллергенны и подходят для малышей с первых дней жизни», - отметила Мереке.

Сейчас Мерекев поиске крупных клиентов, чтобы заняться массовым выпуском развивающих ковриков.

ПРАЗДНИКИ

КАК ОТДЫХАЕМ НА НАУРЫЗ В 2021 ГОДУ

Как отдыхаем на Наурыз в 2021 году — пять дней или десять? В прошлом году казахстанцы узнали о новой концепции организации весеннего праздника, однако она так и не была окончательно утверждена. Уточним новые предложения правительства и официальные выходные дни на Наурыз, сообщает Nur.kz.

Что знаменует Наурыз и откуда берет свои корни? Международный день Навруз — это праздник тюркских и иранских народов, который приходится на день весеннего равноденствия. Наурыз — это национальная традиция, которая уходит корнями в эпоху Ахеменидской империи. В этот день далекие предки прославляли приход весны.

Пышно празднуется это торжество и в настоящее время. Сколько отдыхаем на Наурыз в этом году? Разобраться в этом поможет производственный календарь 2021 (Казахстан) с точными датами выходных и рабочих дней. Выходные в марте для рабочих пятидневной и шестидневной недели будут разными. Это связано с тем, что официальные праздники в Казахстане (2021 год) приходятся в марте на выходные — субботу и воскресенье. Поэтому дни отдыха, согласно информации egov.kz, переносятся на рабочие дни.

Для тех, у кого шестидневная рабочая неделя, выходные в марте будут продолжаться четыре дня — 21—24 марта. Выходной 21 марта, который пришелся на праздничный день, переносится на 24 марта, а 25 марта трудящиеся выйдут на работу. При пятидневной рабочей неделе выходные на Наурыз продлятся пять дней — 20—24 марта. Такими будут официальные выходные дни, связанные с любимым и значимым для народа праздником.

ЭКОНОМИКА

ХОТЯТ ВВЕСТИ «СОЦИАЛЬНЫЙ КОШЕЛЕК»: ЧТО ЭТО ТАКОЕ?

Нацбанк совместно с заинтересованными ведомствами прорабатывает вопрос внедрения в Казахстане социального кошелька, передает 365info.kz.

Помимо Нацбанка, в проекте участвуют Министерство торговли и интеграции, Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, а также Министерство труда и социальной защиты населения. В пресс-службе минтруда рассказали, что из себя будет представлять упомянутый "кошелек". "Внедрение социального кошелька предоставит казахстанцам альтернативу использованию банковских карт и позволит защитить начисленные на него средства от взысканий со стороны банков, коллекторов и налоговых органов", — сказано в сообщении минтруда..

- Социальный кошелек — это альтернатива банковской карте, и он будет иметь все её возможности Преимущество социального кошелька в том, что он будет открыт по ИИН каждому казахстанцу в системе Национального банка. Отпадет необходимость постоянно посещать банки второго уровня для открытия счета или обновления банковской карты (каждые 3 года). Это также позволит проактивно начислять социальные выплаты на кошелек. Гражданам будет предоставлена возможность выбора, куда им начислять социальные выплаты и пособия: на социальный кошелек электронными деньгами или обычным способом на банковскую карту. С социального кошелька можно будет перевести свои средства на банковскую карту и пользоваться ей как обычно, либо обналичить Средства, начисленные на социальный кошелек, будут защищены от взысканий со стороны банков, коллекторов и налоговых органов в соответствии с законом “О платежах и платежных системах”. Социальный кошелек как банковский платежный инструмент будет соответствовать всем требованиям безопасности..

В первую очередь, со стороны пользователя будет производится двухфакторная аутентификация. Защита персональных данных будет обеспечиваться на уровне хранения, обработки. Все имеющиеся действующие требования к банкам второго уровня и электронным платежным системам будут обеспечиваться социальным кошельком..

С кошелька можно будет производить оплату онлайн (к примеру, за коммунальные услуги, телефон и др.), а можно привязать его к банковской карте и пользоваться картой. Гражданин не почувствует никаких барьеров при использовании социального кошелька, в том числе по обналичиванию средств.

НОВОСТИ

АЛМАТИНЦЫ ОСТАНУТСЯ БЕЗ ОБЩЕСТВЕННОГО ТРАНСПОРТА НА НАУРЫЗ

Главный санврач города Жандарбек Бекшин сообщил, что в предстоящие праздничные дни горожанам снова придется передвигаться пешком, передает ИА «NewTimes.kz».

По его словам, автобусы и метро являются одним из источников заражения коронавируса.

«17,5% заболевших связывают свое состояние именно с общественным транспортом. Сейчас нам нужно добиться снижения заболеваемости и прервать цепочку», — заявил Бекшин в ходе онлайн-брифинга.

Он добавил, что принимаемые меры уже показали свою эффективность и именно поэтому ограничения снимать не будут.

Санврач дополнил, что в выходные и праздничные дни транспорт будет остановлен. Карантин продлится до тех пор, пока Алматы не выйдет из красной зоны.

Ранее Жандарбек Бекшин сказал, что в городе могут ввести локдаун, если распространение COVID-19 будет продолжаться в том же темпе.

«Так дальше продолжаться не может. На сегодня мы имеем 3,4 тыс. коек, загруженность которых не превышает 40%. При этом мы имеем 7 тыс. резервных коек, но, как говорится, резервы тоже могут исчерпаться. Если мы будем иметь госпитализацию 5 тыс. случаев в сутки, то буквально в пределах одного инкубационного периода мы полностью займем все койки. Этого мы не должны допустить. И если даже вот будет 300 госпитализаций в сутки, то, конечно же, город будет закрываться на локдаун. Если не принять превентивные своевременные меры, то, конечно, придется полностью закрываться, то есть даже уже не ограничивать, а останавливать целые отрасли. Наша задача — это не допустить. Сейчас еще не поздно, иначе если мы сейчас упустим время, то тогда действительно будет поздно», — сказал Бекшин на брифинге в понедельник.

При этом он пояснил, что при 300 заболевших в сутки будет вводиться внутренний локдаун, а при 500 город может быть закрыт.

«300 — это будет внутренний локдаун, а если 500 и более, то уже будет полностью закрываться город. (Внутренний локдаун — это) мы сейчас закрываем общественный транспорт, закрываем отдельные виды деятельности, полностью, как говорится, не перекрывается движение населения. Вот если 100% будет, тогда внутри города межрайонные блокпосты как, помните, это было. Но такого не должно быть. Мы сейчас включаем ограничительные мероприятия, как видите. Я думаю, что на данном этапе мы сможем удержать ситуацию не полным закрытием всех видов деятельности, а достаточно будет ограничительных мероприятий, приостанавливать в выходные дни, праздничные дни, по времени ограничивать деятельность», — пояснил он.

В свою очередь заместитель акима Алматы Ержан Бабакумаров пояснил, что пока закрытие города не планируется.

САЙТ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА ЗАПУСТИЛИ В НОВОМ ФОРМАТЕ

Официальный сайт Президента Казахстана Akorda.kz запущен в новом формате. Об этом сообщил пресс-секретарь Главы государства Берик Уали, передает Tengrinews.kz.

Обновлены дизайн и структура официального сайта Президента страны, появилась возможность проводить онлайн-трансляции, что особенно актуально в условиях пандемии. На главной странице сайта размещены ссылки на официальный аккаунт Главы государства Касым-Жомарта Токаева в социальной сети Twitter, а также на страницу пресс-службы Президента в сети Facebook.

«Значительно модернизированы технические характеристики сайта: обновлена платформа, в результате повышена производительность веб-сайта, ускорилось время генерации страницы для показа конечному пользователю, выполнен переход на современные фреймворки, что позволило обеспечить гибкость и скорость работы внутренних компонентов сайта, баз данных и программных кластеров. Новости Совета безопасности будут публиковаться в новом разделе, также улучшен механизм предоставления архивной информации», — написал Берик Уали в Facebook.

Ранее сайт Президента Казахстана обновлялся в 2015 году.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Бейсенбі - Четверг, 25 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Бәйге» Арнайы жоба.
06.25, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00, 21.30 Т/х «Махаббат, қызық мол жылдар»
13.15 «Күміс көмей»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Қымбат жандар»
16.00 Т/ф «Жарланған жүректер»
17.15 Концерт Ұлттық арнада – Ұлыстың Ұлы күні!»
20.35, 00.45 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
01.35 Футбол 2022 г. Германия – Исландия.

ХАБАР

06.00«Менің әнім» концерті
07.00«Таңғы хабар»
10.00 «Няня-аға»
10.45 Д/ф «Өрекет ету уақыты»
11.15, 00.30Т/х «Егіз жүрек»
13.00, 21.30 «Қолдая жолда»
15.00 «Бүгін»
16.00 Т/х «Бәсеке»
17.00 «Qalamaimyn»
18.00«Левша»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
23.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Суюзмультфильм»
08.00, 14.05М/с «Маша и Медведь»
10.00, 22.00Т/х «Кекеш келін»
10.30, 22.25 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/х «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасы»
14.00 «30 лет Независимости»
14.50 «Интерны»
15.50, 04.35 «Қарлығаш күзет агенттігі»
16.20 Т/Х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10«Astana times»
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 Д/ф «Біреудің есебінен»
02.45 «KazNet»
03.05 «Үздік әзілдер»
03.50 Сериал «Тағдыр»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірігей»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.40Т/х «Қарлығаш үя салғанда-2»
06.45 «Той заказ»
07.15, 02.55 «Ән Дария»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Угрюм-река»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Такая работа-2»
00.00 Сериал «Ментовские войны-6»
00.50 «Спецназ»
01.40, 04.10 «П@утина»

КТК

07.05 «КТК» Қоржынынан»
07.30, 04.00Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.30Т/х «Қара теңіз»
09.45 «Ва-банк»
11.40, 23.40 «Лесник. Своя земля»
13.50 «Время уходить, время возвращаться»
15.40 «Исчезающие следы»
17.30 «72 сағатта үйлену»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15 «Астарлы ақиқат» ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Время уходить, время возвращаться»
23.40 «Лесник. Своя земля»
01.30 «Исчезающие следы»
03.00 «Той Beststar»
04.50, 05.20 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 «Қазақстанда жасалған»
9.30 «Сильные духом»
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Экорейд»
10.45 «Спорт»
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Зерде»
12.45 Д/ф «Мәдени қазыналар»
13.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
14.00 «Красная шапочка» ертегісі
15.00 К/ф «Той көйлегі»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Жетісу адалдық алаңы»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 «1001 анекдот»
07.00, 01.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.50 Концерт «Махаббат әлемі»
11.00 М/ф «Через вселенные»
13.20 М/ф «Капитан Саблезуб и волшебный бриллиант»
15.20 Х/ф «Капитан Саблезуб и сокровища Лама Рама»
17.40 Х/ф «Патруль времени»
19.50 «Сөздің шыны керек»
20.00 «Информбюро»
21.00 Х/ф «Первый рыцарь»
00.00 Концерт «Ұақыт»
03.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
06.50 «Айна-Online»
07.15, 13.30 Т/х «Тек қана қыздар»
09.00 Х/ф «Семьянин»
10.30 Х/ф «Замуж в 30»
12.30, 20.30 Т/х «Ерке мұн»
15.40 Х/ф «Бизнесмены»
17.40 Х/ф «Младенец на 30 000 000$»
21.30 Т/х «Зың-зың күлпәш»
22.20, 03.30 Т/х «Жалдамалы қалындық»
23.20 Скетчком «Q-eli»
23.40 Х/ф «Эспен в поисках золотого замка»
01.40 Х/ф «Класстастар»
04.20 Гу-гулет»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 26 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Көкпаршы» Арнайы жоба
06.25, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00, 21.30 Т/х «Махаббат, қызық мол жылдар»
13.15 «Айтыс»
13.30 Д/ф «Бірегей»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Әлем айнасы»
15.20 «Алтын бесік»
15.40 Д/ф «Тәуелсіздік тарландары»
16.00 Т/х «Жараланған жүректер»
17.15 Концерт «Ұлттық арнада – Ұлыстың Ұлы күні!»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.10 «Parasat maidany»
01.20 «Ashyq alan»
02.10 «Теледәрігер»
03.00 «Жамбы» Арнайы жоба
03.20 Аулдастар

ХАБАР

06.00 «Бірінші концерт»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Няня-аға»
10.45 Д/ф «Өрекет ету ауқыты»
11.15, 00.30 Т/х «Егіз жүрек»
13.00, 21.30 «Қолда я жолда»
15.00 «Бүгін»
16.00 Т/х «Бәсеке»
17.00 «Qalamaimyn»
18.00 «Мои черничные ночи»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
23.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»концерттік
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.05 М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
10.30, 22.25 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/х «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасыз»
14.00 «30 лет Независимости»
14.50 «Интерны»
15.50, 04.35 «Қарлығаш күзет агеттігі»
16.20 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 Д/ф «Біреудің есебінен»
02.45 «KazNet»
03.05 «Үздік әзілдер»
03.50 Сериал «Тағдыр»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Қарлығаш үя салғанда-2»
06.45 «Той заказ»
07.15, 03.50 «Ән Дария»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Жди меня» Казахстан»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.00 «112»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Заң сөйлесін»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Поле чудес»
21.50«Такая работа-2»
01.00 Концерт группы «Рондо»
02.40 «П@утина+»
04.35 «Той заказ»

КТК

07.05, 19.30, 04.40, 05.20Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.35 «Мерекелік концерт»
10.10 Новости
10.50 «Было дело»
12.00«Лесник. Своя земля»
14.10«Время уходить, время возвращаться»
16.00 «Кривое зеркало»
18.00 «Гарантия»
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Борец»
01.30 «Исчезающие следы»
02.15 «Дау-дамайсыз»
02.40 «КТКweb»
03.00 «Той Beststar»
04.10 Т/х «Жимаудың жетістігі»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Единый народ»
11.00 «Қателік»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Әкелердің әңгімесі»
12.45 Д/ф «Мәдени қазыналар»
13.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
14.00 «Беляночка и розочка» ертегісі
15.00 К/ф «Бас аспаз»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 Ковид-шолу
20.20 Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Болмыс» ток-шоуы
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 «1001 анекдот»
07.00 «Сөздің шыны керек»
07.10, 20.00 Информбюро
08.20 Концерт «Өнер Қырандары – Берекелі мереке-4»
10.50 М/ф «Пираты! Банда неудачников»
12.50 М/ф «Спарк. Герой вселенной»
15.00 Х/ф «Охотники за приведениями-2»
17.40 «Ограбление в ураган»
19.50 «Оқиға орны»
21.00 Х/ф «Большой солдат»
23.10 Х/ф «8 лучших свиданий»
01.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.00 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00«Қуырдақ»
06.50«Айна-online»
07.15 ,13.30 Т/х «Тек қана қыздар»
09.00 Х/ф «Келинка тоже человек-2»
10.30 Сериал «Бизнесмены»
12.30Т/х «Ерке мұн»
15.30 Х/ф «Инстаграмщица»
17.00 Шоу «Маска»
20.30 К/ф «Стамбулдың қызыл реңі»
22.50, 03.20 Т/х «Жалдамалы қалындық»
00.50 Х/ф «Гороскоп на удачу»
02.50Скетчком«Q-eli»
23.40 Х/ф «Марафон желаний»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 27 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жамбы» Арнайы жоба
06.30«Ғасырлар үні»
07.00 Aqparat
07.35Д/ф «Өзгерткен ойлар»
08.35 М/ф «Қадырдың бақыты», «Алпамыс», «Кенже батыр»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
12.40 К/ф «Дала дауысы»
14.40 «Бақыттымын өзіңмен» мерекелік концерт
17.00 «Әзіл әлемі»
20.00, 01.05 «Masele»
20.30, 23.00 «Егіз лебіз» талант-шоу
22.30, 23.20 Т/х «Елшінің қызы»
23.50 «Ұлттық арнада ө Ұлыстың Ұлы күні!»
01.50 Д/ф «Тәуелсіздік тарландары»
01.35 Футбол 2022 г. Чехия – Бельгия.

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30 «Әсем әуен»
07.00 «Ай-хай.25»
08.45 «Әзіл кеші»
09.50 «Өзін-өзі тану»
10.00 «Tangy fresh»
11.00 «Қым мықты?»
12.00 «Дельфин Берни»
13.30 «Ән әлемі»
14.15 Шоу «Маска»
16.00 Т/х«Құстар әні»
18.00, 01.15 «Алтыбақан»
19.00 «Хит жазамыз»
20.15 «Отдел журналистких расследований»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 Ток-шоу «Хабарлас»
23.00 «Легенда»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 04.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 Т/х «Кекеш келін»
10.30, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/х «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасыз»
14.00Х/ф «Родной ребенок»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 «Үздік әзілдер»
20.55 «Loto 6/49»
00.20 Х/ф «поцелуй дракона»
02.20 «Bas times»
03.20 Той жыры
03.50 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Вне времени»
06.45 «Ән Дария»
07.30 «Тамада Battle»
08.30 «Любовь вне конкурса»
12.05 «Фабрика грез»
12.30 «Отпуск по собственному желанию»
16.20 «Лучше всех!»
18.00, 04.15«Сенбілік жаналықтар»
18.35 «Ең алғашқы...»
20.00 «Главная тема»
20.30 «Парламент online»
20.55«Ты моя любимая»
00.35 «День, когда земля замерзла»
03.30 «П@утина+»

КТК

07.05, 05.00, 05.30 «КТК» Қоржынынан»
08.00, 03.45 Т/х «Үлкен үй»
08.45 «Қыз қылығы»
09.00 «Басты рөлде»
09.30 «КТКweb»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.00 «Борец»
16.00 «Аталар сөзі»
17.30 «Мерекелік концерт»
18.30 «Ән мен әнші»
21.00 «Успеть все исправить»
00.40 «Исчезающие следы»
01.30 К/ф «Жүрегінді бір тыңдашы-2»
02.35 «Аталар сөзі»
04.15 «Басты рөлде»
04.40 «Қыз қылығы»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Спорт тайм»
11.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
11.30 «Экорейд»
11.45 «Спорт»
12.00 «Әкелердің әңгімесі»
12.35 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.00 «Арнайы репортаж»
13.30 Д/ф «Кең ауқымда»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлт ұлағаты»
15.00 «Аю терісіндегі ханзада» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Мәдени қазыналар»
16.45 «Саулықтың сыры»
17.00 «Зерде»
17.35 «Полиция қызметі»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.15 «Әсем әуен»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 «1001анекдот»
06.20, 01.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.00 «Оқиға орны»
07.10 Информбюро
08.20 «Экстрасенсы-детективы»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 М/с «Тимон и Пумба»
11.00 М/ф «Пираты! Банда неудачников»
13.00 Х/ф «Первый рыцарь»
16.20 Х/ф «Рыцарь Камелота»
18.30 Х/ф «Робин Гуд. Принц воров»
22.00 «Неге?»
23.30 Концерт «Өнер Қырандары. Берекелі мереке-4»
03.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.10 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.10 Т/х «Тек қана қыздар»
09.00 М/ф «Ворона-проказница»
10.20 Х/ф «Гороскоп на удачу»
12.20 Х/ф «Младенец на 30 000 000$»
15.00, 02.20 Сериал «Минус 760»
17.00 Т/х «Зың-зың күлпәш»
18.45 «Jaidarmancup»
20.45 Шоу «Маска»
00.00 Х/ф «Малавита»
02.30 Т/х «Тракторшы»
05.30 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 28 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Көшпенділер»
06.30 «Теңгеші»
06.50 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
07.30 «Атамекен»
08.00 «Aqsayyt»
08.20 Д/ф «Әлемді өзгерткен ойлар»
09.20 «Masele»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 «Егіз лебіз»
14.00 К/ф «Кек алушылар: шексіздік Соғысы»
16.30 Нұрболат абдуллиннің концерті
17.10 «Қымбат жандар»
20.00, 02.40 «Apta»
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 «Konildy tapqyrlar alany»
00.35 Футбол 2022 г. Болгария – Италия.
02.40 Д/ф «Жер төресі»

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30«Арқада салған ән қандай...»
08.45, 00.30 «Әзіл кеші»
09.50 «Самопознание»
10.00 «Про спорт»
10.30 «Сенат аксакалов»
11.00 «Тайны. Судьбы. Имена»
12.00 «Дельфин Берни-2»
13.45 «Хит жазамыз»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 Т/х «Құстар әні»
17.30 «Ән әлемі»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.15 «Маска»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.00 «Khabar boxing»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30, 05.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Тұмарым»
12.00, 21.00 Т/х «Қызым»
13.10, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасыз»
14.30 Х/ф «Поцелуй дракона»
16.30 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.20 «Azil keshi»
01.30 «Астана кеші көнілді»
03.30 «KazNet»
03.50 «Әзілстан» жасарын камера
04.10 «Ән мен әзіл» концерттік

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Вне времени»
06.55, 03.45 «Ән Дария»
07.45 «Тамада Battle»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00Д/ф «Мой флаг»
09.10 «Я сражаюсь с великанами»
11.20 «Отпуск по собственному желанию»
15.20 «Точь-в-точь»
18.00, 03.15 «Basty bagdarlama»
18.35 «Три аккорда»
20.00 «Аналитика»
20.55 «Сердце не обманит, сердце не предаст»
01.00 «Я почти знаменит»
02.30 «П@ytina+»
04.30 «Той заказ»

КТК

07.05, 04.30, 05.30 «Өнерлі отбасы»
08.00 «Ән мен әнші»
10.00 «Смеяться разрешается»
11.50 «Успеть все исправить»
15.30 «Аталар сөзі»
17.00 «Клуб обманутых жен»
21.00 «Смертельный тренинг»
00.30 «Исчезающие следы»
02.00 К/ф «Көкжалдар»
03.30 «Аталар сөзі»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Зерде»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Жүрек сөзі»
12.35 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.00 «Қателік»
13.40 «Единый народ»
14.05 «Әсем әуен»
14.30 «Қазақстанда жасалған»
15.00 «Майлейн ханшайым» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Мәдени қазыналар»
16.45 «Саулықтың сыры»
17.00 «Қазақ үні»
17.35 «Полицейская служба»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Әкелердің әңгімесі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 К/ф «Бас аспаз 2»
00.20 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 «1001 анекдот»
07.30, 02.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
08.30 «What's up?»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 М/с «Тимон и Пумба»
11.00 М/ф «Спарк. Герой Вселенной»
13.10 Х/ф «Робин Гуд. Принц воров»
17.00 Х/ф «Большой солдат»
19.20 Х/ф «Запретное царство»
21.30 Х/ф «Охота на монстра»
01.10«Музықалық сағат»
03.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.10 Т/х «Тек қана қыздар»
09.00, 01.30 «Юмор!Юмор!Юмор!»
11.10 Сериал «Я тебя никому не отдам»
15.00 «Jaidarman cup»
16.50 Т/х «Зың-зың күлпәш»
18.40 К/ф «Стамбулдың қызыл реңі»
21.00 Х/ф «Малавита»
23.20Х/ф «Эффект колибри»
02.30 «Тамаша 7 км»
05.30 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОЙ-ТҰЖЫРЫМ

«АДАМ ДАҒДАРЫСЫ» деген не?

Біздің көбіміз, жоқ, ой-санамыздағы дағдарыс деген сөзді көбіне қоғамдағы немесе саяси-экономикалық, рухани саладағы болатын дағдарыстармен салыстырамыз. Басқа дағдарысты қабылдап сараламаппыз. Бірақ, жақында академик Ғарифолла Есімнің жазушы Шыңғыс Айтматовтың шығармалары негізінде «Адам дағдарысы» жайлы ой-толғаулары және осы тақырыпта ZOOM платформасында өткізген семинары тыңдаушыны елең еткізді. Оқырмандар назарына академиктің семинарында айтылған адам дағдарысы жайлы тақырыптың қысқартылған нұсқасын ұсынып отырмыз.

Адам дағдарысы деген не? Адам дағдарысы қай кезден басталады? Дағдарысқа түспейтін адам бар ма? Адам дүниеге келгеннен кейін тек қана жоқ әлде басқа да жағдайлар бола ма?

Осы жасқа келгенде мендегі қалыптасқан түсінік, адам дағдарыстан ешқашан, ешқайда құтыла алмақ емес. Дағдарыс адаммен үнемі бірге. Адам есі дұрыс болып өмір сүремін десе, дағдарысқа түспеуі екі талай іс. Дағдарыстан шығу жолдары ол екінші мәселе. Тәрбие, білім алу, ғылым жолына түсу және т.б. қарекеттер жасау, өзін-өзі меңгеру. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке тақырып, дүниетанымдық ағымдарға бағыт болған нәрселер. Адам өмірін бір ғана өлшеммен қалай анықтамақпыз? Адам бір өлшемге сыймайды. Оны қанша өлшеммен анықтаймын деп айту тағы да болмас.

Дағдарыстың үш деңгейі бар:

1. Тұрмыстық деңгейдегі дағдарыс
2. Көркем санадағы дағдарыс
3. Діни дағдарыс

Осы үш сала дағдарыстың негізгі арналары. Өмір болғаннан кейін, адам осы деңгейлерден өтеді.

Жапондық ойшыл Дайсаку Икэда Шыңғыс Айтматовпен «Ода величию духа» деген сұхбат жасаған. Бірнеше рет оқыдым. Олар өмір сүрудің мәні деген мәселемен ертеден ұшқылданып еді дейді. XVIII ғасырларда өмір сүрудің мәнімен философтар араласа бастады. Философтар бұл мәселені аша алмады, түсінбеді. Өмір сүру мәселесін әдебиет, проза алып кетті. Мен олардың бұл пікірімен толығымен келісемін.

Еуропада XVIII ғасырда секуляризация деген басталды. Секуляризация – діннен қоғамды бөлу. Сол кезде француз, ағылшын, неміс т.б. ағартушылары пайда болды. Өмір сүру мәселесін дін қараса, енді ағартушылар қарастыра бастады. Одан кейін бұл мәселеге гуманистер араласты.

Ағартушылар да, гуманистер де адамның дағдарысын ашып бере алмады дейді Дайсаку Икэда және Шыңғыс Айтматов. Адам дағдарысы мен әдебиет, проза айналысып кетті. Қарсы сөз айтудың қажеті жоқ - шындық. Федор Достоевский, Лев Толстой, Антон Чехов, Александр Пушкин, Михаил Лермонтов, т.б. адам дағдарысымен мықтап айналысқан қаламгерлер.

Кеңес үкіметі кезінде философтар диалектика, метафизика, таным, логика мен шұғылданып кетті де, адам дағдарысы жайымен қалды. Таза ғылыми тұрғыда, адамның кім екенін және оның дағдарысының мәнін ашу мүмкін емес-ті. Ағартушылар да, гуманистер де, философтар да адам дағдарысына терең бара алмады. Осы тақырыпты «Кеңес заманында» негізге алған жазушылар – Алексей Толстой «Хождение по мукам», Борис Пастернак «Доктор Живаго», Леонид Леонов «Вор», Шыңғыс Айтматов және Валентин Распутиндер, тіпті Максим Горькийдің өзі адам дағдарысына жазушы ретінде біршама айналысты.

Адам дағдарысына терең деп барған өзімізге жақын – Шыңғыс Айтматов. Ол «Тау мен дала хикаясы» топтамалары үшін Мұхтар Әуезовтың көмегімен Лениндік сыйлық алды. Одан бергіде «Жер ана», «Жәмила», «Бетпе бет», «Ерте қайтқан тырналар» т.б. шығармалары болды, бірақ «Ақ кеме» дүниеге келгеннен кейін, ол жұртшылықты терең ойға қалдырды.

«Ақ кеме» шығармасы – метафора. Басты кейіпкер – бала. Бала дағдарысын адам дағдарысы деп айтуға бола ма? Болады. Бала дағдарысы – адам дағдарысынан биік. Бала дағдарысқа түсетін болса, ол қандай қоғам, қандай орта, қандай заман? Шыңғыс Айтматов бала дағдарысын «Ақ кемеде» тамаша бейнелеп берген. Ол аңызға, ертегіге сенуге шақырады.

Өзім ертегімен өстім. Аудандық кітапханада ертегілер бітіп қалып, қиналысқа түскенім есімде. Кітапханашы ертегіге ұқсас Тихон Семушкиннің «Алитет уходит в горы» деген шығармасын берді. Қазақшасы «Аласталған Алитет». Сөйтіп, ертегіден метафоралық дүниеге өттім. Ертегіде бәрі бар.

«Ақ кемедегі» баланың өз ертегісі бар. Ол ертегі өмірден шыққан кезде тоңды, дағдарысқа түсті. Оны дағдарысқа түсірген – әділетсіздік. Ол өзінің дағдарысының себебін «Ақ кемедегі» әкесіне айтпақшы. Бала үшін аңыз – шындық.

Аңыз бойынша қырғыздар Ана бұғыдан өсіп-өнген. Бала аңызға қалтықсыз сенеді. Оразқұл сияқтылар бұғыны атып алып, оның етін жеп, арақ ішіп отырған кезде, бала бұрын соңды болмаған дағдарысқа түседі. Оның түсінігінде бұлар өз анасын жеп отыр, оны қалай түзету керек, қалай әділеттік орнату керек деген баланың негізгі мәселесіне айналады.

Сондағы оның ойлап тапқаны Ыстықкөл бетіндегі тұрған «Ақ кемеге» барып, Оразқұл сияқты адамдарды жөнге салу. Ол үшін, яғни «Ақ кемеге» жету үшін балыққа айналу керек.

Кезінде басылым беттерінде, әсіресе«Литературная газета»бетінде Шыңғыс Айтматовқа «баланы неге өлтірдің?» деген айып та тағылды. Жазушы - бала өлген жоқ, олар манына кетті -деді. Ойлаймын, Шыңғыс Айтматов көреген қаламгер. Тәуелсіздік жылдарында қырғыз елінде орын алған кейбір әрекеттер Ораз құлдың әрекеттеріне ұқсайды. Сондай әрекеттердің болуын Шыңғыс Айтматов «Ақ кемеде» көре білген сияқты.

Кеме – тұрақтылық. Жерде тұрақтылық болмағанда, оны су бетіндегі кеме деніз дейміз. Ертегіден шығып, Ораз құлдарға қосылып кетсе, бала дағдарысқа түсе ме? Дағдарыстың негізінде: ниет, ізгілік, адамшылық. Осы асыл қасиеттер қоғамда, заманда, нақтылы ортада көрініс табуына мүмкіндік болмағанда, адам дағдарысқа ұшырайды.

«Ақ кеме» үшін Шыңғыс Айтматов Мемлекеттік сыйлық алды. Шығарма соңында: «Адамшылықтың өлшемі – балалық сәбидің ары» – деген сөз бар. Балалығын жоғалтпаған адам дағдарысқа төтеп бере алатын, дағдарысты игере алатын мүмкіндігі бар жан деп ойлаймын.

Шәкірттерімнің зерттеу тақырыптарында міндетті түрде мәселе ретінде адам дағдарысы бар. Құт – адам дағдарысына тікелей қатысты. Жерұйық – адам дағдарыстан шығудың шешімінің бір көрінісі. Сан, сапа адам дағдарысының өлшемдері.

Кеңес заманында, біз негізінен қоғамдық дағдарыс туралы айтып келдік. Күн тәртібіне адам дағдарысын қойған жоқпыз. Адам – социализм жағдайында бақытты деп саналды. Қоғамда экономикалық, рухани, саяси дағдарыс дегендер үздіксіз көріністе болды. Бірақ олардың негізінде адам дағдарысы жатқанын жүйелі түрде зерттеу болмады.

Шетелдерге барғанда біраз экономистерді тыңдадым. Олар экономика – адамшылық категориясы дегенді жиі айтатын. Экономика – адамшылық категориясы болмаса, адамшылық өлшеммен өлшенбесе, оның пайдасы бар ма, жоқ па? Қазір экологияны шешімі жоқ деуге де болады. Себебі, экологияны пайда жеңіп кетуде. Айталық, Павлодар, Өскемен қалаларында түтіннен көз ашпайсың. Экономикалық мүдде бірінші орында. Экология адамдарды дағдарысқа түсіруде. Экономика адамшылық өлшемге жұмыс жасамауда.

Әлемде адам дағдарысы бар ма? Әр елде, аймақта адам дағдарысы бар ма? Болса, сол елдерде, мемлекеттерде, өңірлерде адам дағдарысы қалай шешілуде?

Сенім – адамның дағдарыстан шығу жолы

Адам дағдарысын күн тәртібіне қойылған ба? Адам дағдарысы деп аталатын арнайы пән бар ма?

Адам дағдарысына қатысты әдебиеттер көп. Нағыз ақын, жазушы, суретші, композитор бәрі-бәрі адам дағдарысына қатысты жазады. Адам дағдарысы өнердің, әдебиеттің негізгі тақырыбы.

Кейбір кісілер бақытты адаммын, балашағам бар деп айтып жатады. Ол адамның сезінуі және берілген сұраққа жауап беруі. Бақыттымын деп тұрған кісі дағдарыста болғаннан кейін, қиналып шыққан сөз емес пе? Мен дағдарысты жеңдім немесе болашақта дағдарыстарды жеңемін деген үміті емес пе? Әрине, адам бақыттымын деуден гөрі, Иассауи айтқандай шаттануы керек. Әр адамның адал, берік досы бар, ол – Алла тағала. Дағдарыстан шығудың бір тәсілі – сенім. Сенім болмаса, аяқ тірейтін мүмкіндік бар ма, сеніп барып сөздер айтып, сеніп барып қимыл жасаймыз. Сенімнен айырылсақ, тайғақтай бермейміз бе? Дағдарыспен өмір сүрудің тәсілі сенім шығар.

Дағдарыссыз өмір сүріп жатқан адамды мен білмеймін. Кейбір адамдар мен бақыттымын, ешқандай дағдарыс жоқ деп айтады. Бұл олардың өз сенімі. Қате айтып тұрсың деп айта алмаймыз. Адам дағдарыспен ғана өмір сүреді. Дағдарыспен өмір сүрудің тәсілдерін ойлап табу керек. Сенім – Алла тағала. Шыңғыс Айтматов шығармаларында дінді ашық мойындамайды.

Гете: *Тот, кто талантлив и учен,*
Тот набожен и так
Но набожность возводит в культ
Бездарный и дурак – деген.

Талантты адам – діншіл адам. Осы формуланы Шыңғыс Айтматовқа қолданғым келеді. Дін туралы ашып айтпағанымен, шығармаларында дін мәселесі бой көрсетеді. «Ақ кемедегі» бала түсінігі – діни түсінік. Лев Толстой: *«Мені дінге қарсы дейді. Мен православие дініне қарсымын, бірақ діншіл адаммын. Адамның діни сенімі болмаса, рухани мүгедек адам»* – дейді.

Ақ кемедегі бала – сенімнің адамы. Сенімнің адамы – діннің адамы. Сенімді алып тастасақ, қалай өмір сүре аламыз? Сенімсіз өмір сүру мүмкін бе?

Баян ТАҢАТАРОВА

ҚОҒАМНЫҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫ

ҚОҒАМНЫҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫНА АЙНАЛҒАН ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТАМЫРЫНА БАЛТА ШАБУ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ. СОНДЫҚТАН ДА ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ АЛАСТАУ ҮШІН ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КҮШ БІРІКТІРІП, ҰЙЫМДАСҚАН ТҮРДЕ КҮРЕС ЖҮРГІЗУІ ТИІС.

Бүгінгі таңда Қазақстан – Орталық Азия өңірінде ғана емес, тұтастай алғанда ТМД бойынша да жемқорлыққа қарсы неғұрлым мықты дамыған заңнамасы бар ел болып табылады. Қазіргі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған қауіпті кесел. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізі – азаматтардың арызы. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті.

Негізінен, бұл кеселді жоюға бағытталған заңымыз 1998 жылдан бері қолданылып келеді. Одан бөлек, жемқорлыққа тыйым салатын кешенді бағдарламалар да жүйелі жасалуда. Әсіресе, бұл күресте күштік құрылымдарға ерекше салмақ жүктелген.

Жемқорлық – іштен шалатын, елді дамытпайтын, қоғамды өсірмейтін дерт. Сондықтан, бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу барша қазақстандықтар үшін ортақ міндет болып табылады. Ол үшін аталған дертке қоғам болып ат салысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Қазіргі таңда мемлекетімізде бағыныштыларының сыбайластық әрекет жасағандары үшін басшының жауаптылығы туралы мәселе қойылып отыр. Мұның өзі, сөз жоқ, сыбайластық пен күресте қолданылып жүрген мемлекеттік механизмдегі маңызды да басты элементтерінің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, бұл тұрғыда сыбайластықпен күресте бірқатар сапалық жаңа шаралар қарастырылған. Мемлекеттік қызметкердің өзіне белгілі болған сыбайластық құқық бұзушылық оқиғалары туралы хабарлау міндеті енгізіліп, сыбайластыққа қарсы әрекет шаралары жасалған.

Жадыра ЗАРЫҚПАЕВА,
Ақсу аудандық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗҒА ҚАМҚОРЛЫҚТЫ КҮШЕЙТЕ ТҮССЕК...

БҮГІНГІ КҮНІ ЕГЕМЕН ЕЛ РЕТІНДЕ ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТЫП, ӨРКЕНИЕТТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ҒАНА ЕМЕС, РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ДА ТАНЫП-БІЛУГЕ ДЕГЕН ЫНТА-ЫҚЫЛАСЫ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСУДЕ.

Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, айымыз оңынан, жұлдызымыз солынан туып тұрған шақта біз осы рухани құндылықтарымыздың қайнар бұлағы – асыл қазынамыз қазақ тілінің қадір-қасиетін өзгеден бұрын өзіміз жете түсінуіміз қажет. Қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биіктігіне көтерген жөн.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолында республикамызда қыруар жұмыстар атқарылып жатқаны да баршаға аян. Соның арқасында қазақ тілінің қолдану аясы арта түскені де аян. Осы орайда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: *«Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді. Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты»* деп өзінің *«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»* деген мақаласында да атап көрсетті.

Сондықтан осы тұрғыдағы жұмысты бұдан бұлай да бәсеңдетпей, мемлекеттік тілдің қолдану аясын барынша кеңейте түсуге әркім өз үлесін қоса берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Сара ҚАЛИБЕК,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ТАРИХИ ДЕРЕК

ЖЕТІСУДЫҢ КӨНЕ КӨЗІ

Іле бойындағы ірі ортағасырлық қалалардың бірі Антоновка (Қойлық) қаласы Ащыбұлақ өзенінің жағасында Антоновка селосының шығыс бөлігінде орналасқан. Көлемі жағынан оңтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 1,2км, солтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 1 км қашықтықта созылып жатыр.

Қала қабырғасының солтүстік-шығыс жақтарында 20-25м-де бір мұнарасы жақсы сақталған. Қаялық қаласы туралы монах Вильгельм Рубруктың 1253-1256жж. Моңғолияға жасаған сапары кезінде жазба деректерінде Жетісудың жаңданған сауда байланыстары туралы жазба деректер кездеседі. В.Рубрук Эквиус және Қойлық қалаларын сипаттай келе, бұнда сарацин халқының тұратындығын және сауда торабы болғандығын айтады.

Осы кезеңде Жетісуда ислам діні, араб тілінің әліпбиі мен жазуы кең таралады. Қаладағы халықтың сауаттылығы жайлы қарапайым қыш ыдыстағы арабша жазулардың табылуымен құжатталады. Қойлық қаласында отырықшылық пен қала мәдениетінің даму кезеңі XI-XШғғ. сәйкес келеді.

Археолог ғалым Карл Молдахмедұлы Байпақовтың 1964-2009 жж. зерттеулері нәтижесінде будда және манихей храмы, христиан шіркеуі, кесенелер, жұма мешітінің орындары анықталып, көптеген археологиялық артефактілер шырағдан, су құбыры, хумдар,күйдірілген кірпіш, қола айналар, құмыралар табылған болатын. Ортағасырлық Жетісу тарихында моңғол дәуіріне дейін аса бір маңызды кезең найман және қарақытайлардың арасындағы күрес болды. Найман ханы Күшлік қарақытайларды жеңгеннен кейін, Шығыс Түркістан, Қойлық жерлерін басып алады. Осы жердің автохтонды халқына ислам діннен бас тартып, буддизм дінін қабылдауды талап етеді. Гильом Рубуруктың жазуы бойынша "осы сәттен бастап XIII ғ. II жартысында Қаялықта буддалық храм салына бастады" – деп жазып кетеді. Моңғол шапқыншылығы салдарынан Жетісудағы отырықшылық мәдениетін дамуына кері әсері тиген болатын. Іле алқабындағы отырықшы мәдениет пен қалалардың жойылуы туралы Гильом Рубруктың жазба деректерінде былай делінген: "Жоғарғы Іле мен Қаратал жазықтарында көптеген қалашықтар, жайылымдық жерлер бола тұғын, бірақ татарлардың шапқыншылығы нәтижесінде көптеген қалалар қирады" – деп жазған. Жетісудың ортағасырлық қалалары жайлы Плано Карпини деректер келтірмеседе, мұнда Алакөлдің шығыс жағында қарақытайлардың қиранды қалалары туралы жазып кеткен. Плано Карпини жазбасында: «Қарақытайлардың жерінде татарлар жаңадан Омыл қаласын тұрғызды» – деп атаған. XIII ғ. II жартысында Плано Карпини және Гильом Рубрук, I Гетум жазба деректерінде Екіоғыз (Эквиус), Қойлық (Кайлак), «облыс астанасы» - Көктума қалашығы, Алматы – Алматы 1 қалашығы, Талхир (Талғар) – Талғар қалашығы, Ілебалық ірі қалалар мен сауда орталықтары ретінде айтылады. Моңғол шапқыншылығы салдарынан Жетісудың Іле алқабы бойындағы қарлұқтар астанасы Антоновка-Қойлық қалашығы құлдырап, ортағасырлық қала XIV ғасырда өмір сүруін тоқтатады.

Дарын ҚАСЕНОВ,
Алматы облыстық М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

БІЛІМ

Метапән – бұл дәстүрлі түрдегі пәндерден өзгеше пәндер. Олар өзіне пәндік идеяны және пәннен тыс идеяны бір мезгілде біріктіреді. Метапәндік нәтижелер – оқу үдерісінде қолданылатындай, сол сияқты шынайы өмірлік жағдайларда қолданатын оқушылардың барлық оқу пәндерін немесе бірнеше базалық пәндерді меңгерудегі біріккен іс-әрекеттер жиынтығы.

МЕТАПӘНДІК НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Метапәндік іс-әрекет – оқыту пәндерінен тыс іс-әрекеттер, кез-келген өмірмен байланысты пәндік терминдермен, кестелермен, модельдермен жұмыс жасау әдістерін жалпы оқытуға бағытталған. Метапәндік қорытынды оқушылардың универсалды оқу-әрекетін меңгеруін ескереді, (танымдық, регулятивті және коммуникативті), кілттік компетенцияларды меңгеруі, оқуға деген ынтасының негізін құрайды.

Білім беру жүйесінің қазіргі басты міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін дамыту болып табылады. Жалпы шығармашылық деп – интеллектуалдық іс-әрекеттер арқылы объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау процесі. Шығармашылық тапсырмалар – оқушының өз бетінше жасайтын, белсенділігінің дамуына ықпал ететін жұмыстар. Өз ізденісінің және шығармашылық жұмысының жемісін сезінген оқушы оқуға деген ынтасы артып, мұғалімнің еңбегін бағалай біледі. Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың танымдық және эстетикалық қажеттіліктерін бір мезгілде қанағаттандыруға септігін тигізеді. Ал шығармашылық қабілетпен, оқушының өз бетінше жұмыс істей алуы бірден қалыптаспайтыны белгілі. Бұл мәселе әрдайым мұғалімнің назарында болуы тиіс. Мектеп курсындағы әрбір пән оқушылардың шығармашылық дағдыларының қалыптасуы мен өз бетінше жұмыс істеуге үйретуіне үлес қоса алады. Оқушыларды зерттеушілікке тартатын сабақтар бір қатар белгілермен сипатталады. Ол: проблемалық жағдайлар жасау, оқушылардың ғылыми-зерттеу әдістерін (теориялық талдау, эксперимент) қолдануы, жаңа білім алуда немесе өтілген материалды қайталауда оқушының өз бетінше жұмыс істеуі. Алайда қарастырылып елеулі өзгешеліктер де пайда болады. Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде мұғалім алға қойған мәселені анықтауға және зерттеудің мақсатына қарай оқушыларды бағыттап отырады. Содан соң алынған нәтижелерді талдауға және қорытынды тұжырымдауға тікелей де, жанама түрде де басшылық жасайды. Оқушылардың зерттеу жүргізуге біліктілігі артқан сайын, мұғалім көбірек жанамалай басшылыққа көңіл бөледі де оқушылардың дербестігі мен сабаққа деген ынтасы арта түседі. Ал ол, өз кезегінде оқушылардың зерттеушілік қабілетінің қалыптасуына, дамуына ықпал етеді.

Т. АЙДАРХАНОВ,
№2 орта мектеп КММ география пәнінің мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ПЕДАГОГИКА

ВИРТУАЛДЫ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Қазіргі таңда әрбір ұстаздың мақсаты – білім сапасын көтеру, әдіс-тәсіл түрлерін жетілдіру, сабаққа деген оқушының қызығушылығын арттыру. Сондықтан еліміздің білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігінде біртіндеп өтуі жағдайында шетел тілдерін оқытудың рөлі артатыны анық. Сол себепті қашықтан оқытуда озық, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып келеміз.

Сондай әдістің бірі – «Ойын арқылы» оқыту. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін, ынтасын арттыру. Оқушы ойын арқылы тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне, тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады. Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері екені анық. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсатта қолдануға болады. Атап айтар болсақ, алфавитті дұрыс меңгерту, орфографияны дұрыс оқыту, дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру, лексиканы меңгерту, тілдерін жаттықтыру, ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру. Сонымен бірге мұғалімге ойынға қойылатын әдістемелік талаптарды да біліп орындаған оң нәтиже береді. Ойынның өтілетін сабақтарының мазмұны мен тақырыбына сай болуы; Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу; Ойынның ойналу түрі топ болып ойнау; Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы; Қолданылған сөздер, сөз тіркестері, өлең таңдау; Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Мұғалім алдымен оқушының оқуға қызығушылығын ояту қажет. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Қазіргі таңда қашықтан оқытуда виртуалды ойын түрлері оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі және олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Виртуалды ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау және тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Осындай мақсатта шығармашыл тұрғыдан виртуалды өз ойыныңды дамыту немесе өз ойын ережесін құрауда мына ойын түрлерін атап өтсек болады. Олар: https://quizizz.com/, https://kahoot.com/, https://www.baamboozle.com/, https://jeopardylabs.com/, https://wordwall.net/. Қашықтан оқытуда оқу тапсырмаларын құрауда тиімді ойын түрлері жылдам әрі оңай жүктеледі және сақталады. Бұл виртуалды ойын түрлерінің оқу тапсырмаларын оңайдан қиынға, қиыннан күрделіге және саралау тапсырмаларын дайындауда өте тиімді әрі оңай құрастырылып, басқа да әріптестерімен және сыныптармен қолданып бөлісуге ыңғайлы. Ойын түрлерін пайдалану әр оқушының шығармашылығы артады, жылдам жұмыс істеуге дағдыланады, оқушының жеке қабілеті анықталады, оқушы топ жаруға ұмтылады, оқушының ойлау қабілеті дамиды, әр оқушы өз деңгейімен бағаланады, қашықтан оқытуда оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Иә, виртуалды ойын түрлерін орынды, шеберлікпен қолдана білсек, үлкен нәтижеге жетуге болады.

Г. МЫРЗАНОВА,
А. САҒЫМБАЕВА,
Б. Сырттанұлы атындағы №25 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері.

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

ПҰШПАҚ ІШІК ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Пұшпақ. Он томдық түсіндірме сөздігімізде аталған сөздің бірінші мағынасының түсінігі — малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісі.

Ішік – тек мал пұшпақтарынан ғана емес, терісі бағалы – түлкі, қарсақ, қасқыр сияқты аңдардың пұшпақтарынан да құрастырып тігіледі. Дәл осындай сырт киім қазақтарда «пұшпақ ішік» деп атау қалыптастырып, дәстүрге айналғалы қай заман. Алайда дәл осы тұрақты тіркеске түсіндірме сөздіктен орын тимегеніне таңбыз. Оның есесіне, орфографиялық сөздікте ұмытылмаған. Зер сала қарасақ, «пұшпақ» сөзінің қазақ тіліндегі бірінші мағынасы деп танылып жүргенінің өзі кейінгі дәуірдің туындысы екендігін аңғарамыз. Түркі тілдері ішінде өте көне саналатын якут тілінде «быстах» сөзі біздің тіліміздегі «кесінді, үзінді, сынық белік» іспеттес мағыналар орнына жұмсалады. Дәл осындай мағыналарды білдіруде тува тілінде «быжынды» сөзі қолданылады. Сөз төркініне дұрыс жол табу үшін, осы сөздердің түбіріне үңілсек – «быс» екенін байқаймыз. Якут тілінде быс – кесу, кесіп алу ұғымына нұсқайды. Ал Алтай өңіріндегі хакастарда «кесу» мағынасын білдіруде – «пыс» сөзі қолданылады.

Түркі тілдері ішінде бір дауыссыз дыбыс орнына олардың екіншісі, сондай-ақ дауыстылардың да бірін бірі алмастыра береді. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыдағы, якут тіліндегі «быстах» сөзінің тілімізде «пұшпақ» түріне дейін өзгеруі заңды.

С. ИМАНҒАБЫЛОВА,
М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЛЕҢ-ӘЛЕМ

БОЛАТ ҚҰРСАҚБАЙ: «БЕС КҮНДІК ЖАРЫҚ АЛЛАНЫҢ БЕРГЕН СЫЙЛЫҒЫ...»

МҰҢАЙМА ЕЛІМ

Мұңайма елім, мұңайма
Дауылсыз терек құлай ма?
Батыр Қазақ ұрпағы,
Еңсесі биік тұрмай ма?!

Сауықсыз кеші батбаған,
Күлкісіз таңы атпаған,
Жарты әлемді таптаған,
Көк түрік деген ел едік,
Жалбарынған Құдайға.

Төреден шыққан Ханы бар,
Төскейде жатқан малы бар.
Таптатпайтын ары бар
Иманы берік ел едік,
Шырымыз біткен шырайға .

Сан сүрлеуден өткенбіз,
Арманға биік жеткенбіз.
Жер үшін қанды төккенбіз
Кең дала да көсіліп,
Шомылған алтын арайға.

Асқар тауды жастанып,
Сары қымызбен мастанып.
Жал- жәямен астанып
Кең тыныстап жататын
Көк аспандай сарайда.

Осындай көркем ел едік,
Көңілі шалқар көл едік.
Жауымызға шөл едік
Бауыры бүтін, басы аман,
Күніміз әлі тумай ма?

Алладан келген сынақ бұл,
Шүкірлікті тұрақ қыл.
Пейіліңді шуақ қыл
Рухыңды қуат қыл
Бабалар рухы қолдаса,
Жетеміз әлі мұратқа.

ҮНСІЗДІК

Шындықты айтсаң басады ылғи үнсіздік,
Жібереді қадіріңді құнсыз ғып.
Ақын жаны ауырады апырай
Жаратсашы ақындарды тілсіз ғып.

Мін түзелмес сынды тура айтпасаң,
Жағымпаздық күле қарап мақтасаң.
Махамбетпен Бұхар тыныш жата ма?
Көзді жұмып адалдықтан аттасаң.

Үнсіз жаттық жетпіс жылда мақтаумен
Қызылдардың қырғынын да ақтаумен
Ұлы Отан соғысы деп тон жаптық,
Ұрпағымның көкейіне сақтаумен.

Абылай мен Кенен сары хандарым,
Кімдер үшін қиып еді жандарын
Соларды еске алып неге?
Өтпейді арнау күн,
Рух беріп жаңа заман балдарын.

Желтоқсан да желемік боп барады,
Үнсіздіктен оятып еді даланы.
Ұйқысырап біз отырмыз әйтеуір,
Тілмен жалап іріндеген жараны.

Үнсіздіктен санамыз да өспеген,
Өр мінезім тұмшаланды өскелең.
Қисық ағаш тез алдында жата ма?
Тарихтан тілді ешкім кеспеген.

ТҮН

Қараңғы түссе түнеріп кейде түн дейміз,
Түннің де ләззат беретінін білмейміз.
Түн тыныштық, арпалыстан айығып,
Күндізгідей уайым қайғы сүрмейміз.

Жарық сөнсе түнеріп кейде түн дейміз,
Түн болмаса кірпікті де ілмейміз.
Жарықта жүрсек пендешілік пиғылмен,
Бір-бірімізді көре алмастықпен
күндейміз.

Қайғырсақта қапалықты түн дейміз.
Тек жарықтан күдерімізді үзбейміз.
Түн де жатқан тағдырлардың тартысын,
Масайраумен жарықта жүріп білмейміз.

Өмірдің солай жарымы жарық нұр
берген,
Дүние қуып жүреміз ылғи күндермен.
Әлдиі түннің ұмытылмас шырын сыр,
Өмірге келдік қауышып осы түндермен.

Баратын жерің қараңғы болар мәңгілік,
Жаратты Алла жанменен бірге
тән қылып.
Бес күндік жарық Алланың берген
сыйлығы,
Қараңғыға кететінің заңдылық.

АҚЫН БАР МА

Өлең сөзді құрыштай құйдыратын,
Өтірікті өткір тілмен қидыратын.
Осы кезде Абайдай ақын бар ма?
Өрелі ойын өрнектеп сыйдыратын.

Адасқанның ақыл есін жидыратын,
Бірлікке қалың елін ұйдыратын.
Осы кезде Бұхардай жырау бар ма?
Ханның да қателігін тыйдыратын.

Жағымпаз көбейді ғой сылдыр ақын,
Мақтаумен топ ортаны қыздыратын.
Мұқаңдай осы кезде ақын бар ма?
Бар болмысты төрт жолға сыйдыратын.

Өзімшіл өр көкірек озбыр ақын,
Жылтыр сөзден аспай кетті
бәзбір ақын...
Махамбеттей батыр ақын барма бізде?
Жауларын от тілімен тоздыратын.

Әр таңын атақ үшін атыратын,
Әр кешін мадақ үшін батыратын.
Бұл күнде түк бітірмес ақындар көп,
Әншейін алып жүрген ақын атын.

КҮЛІП ОЯН

Күліп оян,
Қуанышпен өзіңді сүйіп қоям.
Әр таңымның сен ғана жарығысың,
Нұрысың, Аяулым- ау өзіме аян.
Күліп тұр
Өйткені сенсің тұнық нұр.
Аппақ таңым, ақ махаббат секілді,
Шуақты шашып, сыр ұқтыр.

Біліп тұр,
Қабағыңнан жыр ұқтыр.
Бұлағы сенсің өмірдің,
Сылдырап ағып тұнып тұр.

Жарық қыл
Көңілді жаным анық біл.
Маған жарық шуақты,
Жан жарым сеннен алып тұр.

НЕ КӨП...?!

Жеңсіз жемпір көп,
Жалаңбас кемпір көп.
Сақалсыз қария көп,
Мейірсіз жанұя көп!

«Алып қоятын» ата көп,
Тілектен аумайтын бата көп!
Келінге жақпайтын ене көп,
Жартылай жалаңаш дене көп!

Көлгірситін жүз көп,
Отырып қалған қыз!
Жұлдыз әнші көп,
Бақ сынағыш балшы көп!

Жалғыз басты ана көп,
Жетімек болған бала көп!
Кеудесін керген дана көп,
Сағы сынған сана көп!

Шешілмейтін арыз көп,
Халықта бітпес қарыз көп.
Сақал қойған бала көп,
Дін бұзатын шала көп!

Ебін тапқан емқор көп,
Құныгып алған жемқор көп!
Қараусыз қалған қарт көп,
Несие алсаң, шарт көп!

Бос жатқан құла дала көп,
Үйсіз-күйсіз жылар ана көп!
Ана тілден аттайтын көп,
Басшыларды мақтайтын көп!

Орысша сөйлейтін «Қазақ» көп,
Қазақша сөйлесе мазақ көп!
Шетелден келетін дәрі көп
Парламентте кәрі көп.

ЖАЗИРАЛЫ ЖАРКЕНТ

Жазиралы Жаркент дарқан далам.
Гүлге оранған бау бақша сай мен салаң.
Шекараның шебінде шымырланып,
Ел үшін еміренген туған балаң.

Қайырмасы :
Астыққа толған қамбасы,
Өркендеп өскен мал басы.
Арулары аққудай,
Баққа толы алмасы.

Ну орманды тауы да даласы да,
Құшақ жайған алаштың баласына.
Сылқым сері ұл, қызы қол ұстасып,
Сыр шертеді Жаркенттің қаласында.

Қайырмасы:
Астыққа толған қамбасы,
Өркендеп өскен мал басы.
Арулары аққудай,
Баққа толы алмасы.

Сыры бар тарихтың беттерінде,
Қаны бар ұрпағының тектерінде.
Іле шалқып, көмкеріліп ну орманы,
Өсек, Қорғас жөңкілген бөктерін де.

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

УНИКАЛЬНЫЙ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЙ АКТ

Президентом Казахстана К.К.Токаевым 29 июня 2020 года подписан Административный процедурно-процессуальный кодекс (далее - «АППК») и соответствующий закон о внесении изменений и дополнений в законодательные акты.

С 1 июля 2021 года будет введен в действие АППК, он состоит из двух частей: административные процедуры и административное судопроизводство, в связи с этим уже с 1 июля 2021 года силу утрачивают законы «Об административных процедурах» и «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц», также прекратит свое действие ряд норм Гражданского процессуального кодекса, включая главы 27 - 29, и нормыдругих кодексов и законов связанные с введением административной юстиции.

АППК представляет собой уникальный законодательный акт, который впервые был принят в истории независимого Казахстана, регулирующий порядок проведения административных процедур, включая и внутренний порядок в государственных органах, а также порядок разрешения споров по публично правовым отношениям в судах.

В развитых странах административные суды являются авторитетными, а решения судей влияют на качество работы государственных органов, где чиновник понимает, что суд в последующем будет «ревизировать» его решение через призму защиты прав гражданина. Такова цель административной юстиции. Поэтому там и уровень доверия общества высок как к государственному аппарату, так и к судам.

В АППК закладываются новые для национального законодательства принципы: охраны права на доверие, соразмерности, приоритета прав, запрета на злоупотребление формальными требованиями, активная роль суда, разумный срок судебного разбирательства и другое. Вводятся также и такие новые правовые категории, как административный орган, административный акт, административное действие (бездействие).

- охрана права на доверие, т.е., доверие участника административной процедуры к деятельности административного органа, должностного лица охраняется законами;

- запрет злоупотребления формальными требованиями, т.е., административному органу, должностному лицу запрещается отказывать в реализации, ограничивать, прекращать право участника административной процедуры, а также возлагать на него обязанность с целью соблюдения требований, не установленных законодательством;

- принцип приоритета прав, это когда все сомнения, противоречия и неясности законодательства об административных процедурах толкуются в пользу участника административной процедуры;

- активная роль суда, под этим стоит понимать, что суд, не ограничиваясь объяснениями, заявлениями, ходатайствами участников административного процесса, представленными ими доводами, доказательствами и иными материалами административного дела, всесторонне, полно и объективно исследует все фактические обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения административного дела; по собственной инициативе или мотивированному ходатайству участников административного процесса собирает дополнительные материалы и доказательства, поэтому суд вправе высказать свое предварительное правовое мнение по правовым обоснованиям в рамках рассматриваемого дела.

Дархан ТОКБАЕВ,
судья СМЭС Алматинской области.

АПОСТИЛИРОВАНИЕ ОФИЦИАЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ

Апостилирование официальных документов – это удостоверение подлинности подписи лица, подписавшего документ, и подтверждение его полномочий, а также подлинность печати или штампа, которыми скреплен этот документ.

Апостиль на судебные документы проставляется с целью обеспечения гарантии подлинности и надлежащего их оформления для действия на территории стран-участниц Гаагской конвенции.

Государственная услуга «Апостилирование официальных документов, исходящих из судебных органов» оказывается Департаментом по обеспечению деятельности судов при Верховном Суде Республики Казахстан (аппаратом Верховного Суда Республики Казахстан) и его территориальными органами в областях, городах Нур-Султан, Алматы и Шымкент.

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется через веб-портал «Электронного Правительства» www.egov.kz и филиалов ЦОН НАО "Государственная корпорация"Правительство для граждан"

Порядок оказания услуги, включая сроки, формы и результаты оказания, перечень документов, необходимых для ее оказания регламинтирован Стандартом государственной услуги «Апостилирование официальных документов, исходящих из судебных органов».

Гульжан БЕРИКБОЛОВА,
ведущий специалист отдела анализа и планирования Алматинского областного суда.

ПОЛЬЗА ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР

Судебная медиация или медиация важна по делам, когда спор (конфликт) сторон может быть исчерпан при изменении предмета и основания иска одновременно.Стороны могут урегулировать спор в полном объеме взаимных требований либо в части, заключив мировое соглашение, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или соглашение об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры либо используя иные способы в порядке, установленном Кодексом.

Право выбора остается за сторонами.Суд принимает меры для примирения сторон, содействует им в урегулировании спора на всех стадиях процесса.

В Гражданском процессуальном кодексе закреплено за адвокатами право на примирительные процедуры.Законом «Об адвокатской деятельности» предусмотрено проведение партисипативной процедуры адвокатами. Следовательно, до обращения в суд стороны могут проходить эту процедуру и в случае недостижения соглашения обратиться в суд. При таких обстоятельствах, суд обязывает стороны представить документы и доказательства, полученные в ходе ее проведения. Это значительно облегчит подготовку дела к судебному разбирательству и сократит сроки ее проведения.

Привести стороны к какому-либо соглашению гораздо труднее, чем просто вынести решение. Это требует от судьи большого жизненного опыта, больше временных и психологических затрат, необходимость знания им основ конфликтологии и психологии.

Расширение в Гражданском процессуальном кодексе применение примирительных процедур с участием медиаторов, адвокатов способствует повышению числа людей, которые разрешают свой спор мирным путем, в связи, с чем для нас важно проводить среди населения разъяснительную работу о примирительных процедурах.

Жасын Амандосулы,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского СМАС.

КОНФЛИКТЫ И СПОРЫ ЯВЛЯЮТСЯ НЕОТЪЕМЛЕМОЙ ЧАСТЬЮ ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕКА В ОБЩЕСТВЕ И ДЛЯ ИХ РАЗРЕШЕНИЯ ВСЕ ЧАЩЕ ЛЮДИ ОБРАЩАЮТСЯ В СУД. ПРАВО ОБРАЩЕНИЯ ЗА ЗАЩИТОЙ СВОИХ НАРУШЕННЫХ ПРАВ И ОХРАНЯЕМЫХ ЗАКОНОМ ИНТЕРЕСОВ ЗАКРЕПЛЕНО В КОНСТИТУЦИИ РК.ОДНАКО ВО ВСЕХ ЛИ СЛУЧАЯХ СЛЕДУЕТ ОБРАЩАТЬСЯ В СУД И НАСКОЛЬКО ТАКОЙ СПОСОБ ЗАЩИТЫ СВОИХ НАРУШЕННЫХ ПРАВ И СВОБОД ПОЗВОЛЯЕТ ДОСТИЧЬ ВЗАИМОПРИЕМЛЕМОГО РЕЗУЛЬТАТА.

РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ В ПОРЯДКЕ МЕДИАЦИИ

С середины XX столетия в мировой практике разрешения конфликтов получила распространение медиация, как альтернативная форма разрешения споров с участием третьей стороны-медиатора, основанная на принципах добровольности участия в процедуре, беспристрастности и нейтральности со стороны медиатора, конфиденциальности, прозрачности, принятия и уважения сторон медиатором и сторонами друг друга.

В своем выступлении на расширенном совещании судей Верховного суда РК по итогам отправления правосудия за 2017 год Председатель Верховного Суда РК Асанов Ж. представил судьям семь задач правосудия или как он их назвал, «камней» правосудия. Одной из приоритетных задач определенных Председателем Верховного Суда является эффективность правосудия, напрямую зависящая от количества рассматриваемых в суде споров, которое в свою очередь влияет на качество правосудия.

В этой части Верховным Судом РК принимается ряд системных мер по повышению эффективности правосудия, в том числе направленных на популяризацию примирительных процедур.

Законодательное закрепление института примирительных процедур (Глава 17 ГПК, Закон РК «О медиации»), включающих в себя урегулирование спора путем заключения мирового соглашения, с применением медиации или партисипативной процедуры позволило определить данный институт как самостоятельный способ урегулирования споров, при котором каждая из сторон может получить свою выгоду, что в конечном итоге должно привести к снижению количества рассматриваемых в суде споров.

Асель КУТТЫБАЕВА,
ведущий специалист Текелийского городского суда.

ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРОЦЕДУРАХ

УНИКАЛЬНЫЙ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЙ АКТ

Президентом КазахстанаК.К.Токаевым 29 июня 2020 года подписан Административный процедурно-процессуальный кодекс (далее - «АППК») и соответствующий закон о внесении изменений и дополнений в законодательные акты.

С 1 июля 2021 года будет введен в действие АППК, он состоит из двух частей: административные процедуры и административное судопроизводство, в связи с этим уже с 1 июля 2021 года силу утрачивают законы «Об административных процедурах» и «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц», также прекратит свое действие ряд норм Гражданского процессуального кодекса, включая главы 27 - 29, и нормыдругих кодексов и законов связанные с введением административной юстиции.

АППК представляет собой уникальный законодательный акт, который впервые был принят в истории независимого Казахстана, регулирующий порядок проведения административных процедур, включая и внутренний порядок в государственных органах, а также порядок разрешения споров по публично правовым отношениям в судах.

В развитых странах административные суды являются авторитетными, а решения судей влияют на качество работы государственных органов, где чиновник понимает, что суд в последующем будет «ревизировать» его решение через призму защиты прав гражданина. Такова цель административной юстиции. Поэтому там и уровень доверия общества высок как к государственному аппарату, так и к судам.

В АППК закладываются новые для национального законодательства принципы: охраны права на доверие, соразмерности, приоритета прав, запрета на злоупотребление формальными требованиями, активная роль суда, разумный срок судебного разбирательства и другое. Вводятся также и такие новые правовые категории, как административный орган, административный акт, административное действие (бездействие).

- охрана права на доверие, т.е., доверие участника административной процедуры к деятельности административного органа, должностного лица охраняется законами;

- запрет злоупотребления формальными требованиями, т.е., административному органу, должностному лицу запрещается отказывать в реализации, ограничивать, прекращать право участника административной процедуры, а также возлагать на него обязанность с целью соблюдения требований, не установленных законодательством;

- принцип приоритета прав, это когда все сомнения, противоречия и неясности законодательства об административных процедурах толкуются в пользу участника административной процедуры;

- активная роль суда, под этим стоит понимать, что суд, не ограничиваясь объяснениями, заявлениями, ходатайствами участников административного процесса, представленными ими доводами, доказательствами и иными материалами административного дела, всесторонне, полно и объективно исследует все фактические обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения административного дела; по собственной инициативе или мотивированному ходатайству участников административного процесса собирает дополнительные материалы и доказательства, поэтому суд вправе высказать свое предварительное правовое мнение по правовым обоснованиям в рамках рассматриваемого дела.

Дархан ТОКБАЕВ,
судья СМЭС Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру тәртібі туралы

2021 жылғы қаңтардан бастап азаматтарға өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу үшін ғана емес, сондай-ақ, басқарушы компанияларға (инвестициялық портфельді басқарушы – ИПБ) инвестициялық басқаруға беру үшін де пайдалану құқығын беретін заңнамалық нормалар күшіне енді.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі:

-зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін **ИПБ-ға қойылатын талаптарды**, сондай-ақ, зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген **қаржы құралдарының тізбесін** әзірлейді және бекітеді;

-зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметке қойылатын талаптарға сәйкес келетін **ИПБ тізілімін** ай сайын жүргізеді және өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

Салымшы сондай-ақ, қолданыстағы ИПБ тізбесімен және олар ұсынатын инвестициялық декларациялармен БЖЗҚ-ның www.enpf.kz сайтында таныса алады.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін:

ИПБ тарапынан:

1) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкестігі;

2) ИПБ уәкілетті органдар тізіліміне енгізілуі;

3) БЖЗҚ мен ИПБ арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың болуы;

4) БЖЗҚ, ИПБ және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың болуы керек.

салымшы тарапынан:

1) салымшының БЖЗҚ-ға берген ИПБ таңдау туралы жазбаша өтінішінің болуы;

2) салымшының БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотында ИПБ-ға беру үшін жеткілікті қаражаттың болуы тиіс.

Салымшының зейнетақы жинақтары ИПБ басқаруына:

- салымшының БЖЗҚ-дағы нақты зейнетақы жинақтарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының **ең төмен жеткіліктілік шегі** арасындағы айырмадан аспайтын мөлшерде; немесе

- өмір бойғы төлемдерді көздейтін сақтандыру ұйымымен **зейнетақы аннуитеті шарты** жасалған жағдайда, салымшының БЖЗҚ-дағы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығынан аспайтын мөлшерде берілуі мүмкін.

Зейнетақы жинақтарын бір немесе бірнеше ИПБ-ға аудару үшін салымшы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінуі қажет. Өтініш БЖЗҚ-ның www.enpf.kz сайтындағы арқылы немесе БЖЗҚ-ның кез келген өңірлік бөлімшесіне өзі келіп, өтініш білдіргенде берілуі мүмкін.

БЖЗҚ жеткіліктілік сомасынан асатын зейнетақы жинақтарының бір бөлігін салымшыдан өтініш келіп түскен күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асырады. Салымшының зейнетақы жинақтарының қалған бөлігі Ұлттық банктің басқаруында қала береді.

ИПБ-ның инвестициялық басқаруына берілген зейнетақы жинақтары біржолғы зейнетақы төлемдері түріне жатпайды (тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделу мақсаттарына алынған жағдайдағыдай) және оларға ИПБ-ға аударған кезде **жеке табыс салығы салынбайды**.

БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген, яғни рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес, ИПБ инвестициялық басқарғаны үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. **ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5% - ынан аспауы керек.** Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ-ның басқарушы органы бекітетін болады және ол жылына көп дегенде бір рет өзгеруі мүмкін.

Зейнетақы активтерінИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш бергеннен кейін **салымшы**:

- БЖЗҚ-ға өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екінші ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға беру туралы өтінішті жылына көп дегенде бір рет беруге;

- БЖЗҚ-ға ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруына қайтаруға (зейнетақы жинақтары ИПБ сенімгерлік басқаруына алғаш берілгеннен кейін **екі жылдан ерте емес**) өтініш беруге **құқылы**.

Салымшы зейнет жасына жеткенге дейін күнтізбелік 10 күн бұрын салымшының зейнетақы жинақтары Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына қайтарылады.

Зейнетақы жинақтары Ұлттық банктің басқаруында болған кезеңде салымшы зейнет жасына жеткенге дейін **инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік** қолданылады. Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі **басқарушы компанияның зейнетақы активтерікірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен** ауыстырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігінен есептелетін болады. Зейнетақы активтері бойынша ең төменгі кірістілік және орташа алынған кірістілік көрсеткіштері туралы ақпарат ай сайын жарияланады.

Салымшының зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) беру туралы шешім қабылдаған жағдайда алдымен жұмыс істеп жатқан ИПБ тізбесімен танысып, enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» – «Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлікпен басқаруына аудару" бөлімінде олардың инвестициялық декларацияларын зерделеуді ұсынамыз.

Бұдан әрі зейнетақы жинақтарын аудару үшін салымшы БЖЗҚ-ға өтініш беруі қажет, оны enpf.kz сайтындағы жеке кабинет немесе БЖЗҚ-ның кез келген өңірлік бөлімшесіне өзі келгенде беруге болады.

Салымшы дербес жүгінген кезде жеке куәлігін көрсетіп, содан кейін қажетті құжаттарды толтыруы керек, оған қажет болған жағдайда Қор менеджерлері көмектеседі.

Enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға аударуға өтініш берген кезде төмендегі әрекеттерді орындау қажет:

Бірінші қадам. enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетте электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы авторлану. Жеке кабинетке сайттың басты бетінен немесе «Электрондық сервистер» бөлімінен кіруге болады.

Екінші қадам. Жеке кабинеттің басты бетінде зейнетақы жинақтарының сомасын тексеру және ИПБ-ның сенімгерлікпен басқаруына беруге қолжетімді МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары сомасының бар-жоғына көз жеткізу.

Үшінші қадам. Жеке кабинеттің «Қызметтер» шағын бөліміне өту.

Төртінші қадам. «Зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлікпен басқаруға аудару» қызметін таңдау. «Өтініш деректемелерін енгізу» терезесінде салымшының жеке басын куәландыратын құжат, мекенжайы және байланыс деректері туралы мәліметтер БЖЗҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасынан автоматты түрде шығарылады. Жеке басты куәландыратын құжаттың бар және оның қолданыста екендігі туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасымен салыстырылады. Егер осы ақпараттың біреуі (мысалы, мекен-жайы немесе телефоны) өзгерсе, түзетулер енгізуге болады.

Бесінші қадам. «Өрістерді толтырыңыз» бөлімінде қазіргі уақытта әдеп бойынша «инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауға байланысты» опциясы қойылады.

Бұл жерде:

1) зейнетақы жинақтарын (МЗЖ немесе МКЗЖ) ИПБ-ға аударуға ниет білдірген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың деректемелерін таңдау қажет;

2) ұсынылып отырған ИПБ анықтамалығынан зейнетақы жинақтарын сенімгерлікпен басқаруға аударғыңыз келетін ИПБ атауын таңдау;

3) сенімгерлікпен басқаруға аудару үшін қолжетімді соманы көрсету;

4) ұсынылған ақпаратпен танысу және оған келісу/келіспеушілік білдіру қажет.

Алтыншы қадам. Өтінішке өзінің ЭЦҚ арқылы қол қою.

Жетінші қадам. Жеке кабинеттің басты бетіндегі «Өтініштердің мәртебесін қадағалау» шағын бөлімінде өтініштің орындалу мәртебесін қадағалау.

БЖЗҚ жеткіліктілік сомасынан асатын зейнетақы жинақтарының бір бөлігін салымшыдан өтініш келіп түскен күннен кейінгі отыз күнтізбелік күн ішінде ИПБ-ның сенімгерлікпен басқаруына аударуды жүзеге асырады. Салымшының зейнетақы жинақтарының қалған бөлігі Ұлттық банктің басқаруында қала береді.

ИПБ-ның инвестициялық басқаруына берілген зейнетақы жинақтары біржолғы зейнетақы төлемдерін алу (тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе емделу мақсаттарына алынған жағдайдағыдай) ретінде есептелмейді және оларды ИПБ-ға ауыстырған кезде оларға жеке табыс салығы салынбайды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.k сайтында).

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ

БАЛАБАҚШАДА БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОРЫНДАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУГЕ КӨПТЕП КҮШ ЖҰМСАЛАДЫ. СОЛ СЕБЕПТІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ: ӘДІС ТӘСІЛДЕРДІ ДҰРЫС ТАҢДАУ, ЖАҢАША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНА БІЛУ, ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДҰРЫС ДАМЫП ҚАЛЫПТАСУЫ ҮШІН ЫҢҒАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ.

Мектепке дейінгі білім беру орындарында педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда үш негізгі мақсат қарастырылған. Біріншіден, ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту.

Айналадағы дүниені табиғатты бақылау, таныту арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту, баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап, өзіне қойылған сұраққа жауап беруге үйрету: Заттың атын (ойыншық, гүл, жапырақ т.б) заттың сынын, сапасын, түр түсін , пішінін білдіретін сөздерді меңгерту. Заттың іс-әрекетін білдіретін (жүрді, жүгірді,келді,келеді,епті т.б) сөздерді әрі қарай меңгерту. Үстеу сөздерді (қасында, үстінде, осында, жоғарыда, төменде) қосып айтуға үйрету. Екіншіден, сөз дыбыстарын дұрыс айту. Сөйлеуде ауыз қуысы арқылы дұрыс дем шығара білуге үйрете отырып, дауыссыз қатаң, ұяң дыбыстарды естілуіне қарай дұрыс, анық айтуға үйрету, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрату. Үшіншіден, байланыстырып сөйлеуін дамыту. Күнделікті сабақта естіген, білгенін, ойын, серуен кезінде көрген түйгенін, сурет және оқылған ертегілер мазмұнын ұнатқан ойыншықтары жайында ауызша сұрақ қоя отырып, әңгімелей отырып, қысқа ертегілердің кейіпкерлерін білуге үйрету.

Балада танымдық қызығушылықтың болуы – олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. *«Кез-келген адам басқалардың және оның білімін кемеліне келтіруіне көмектеспесе, өзінің де білімін кемеліне келтіре алмайды»* депті Чарльз Диккенс. Әр нәрсені өз қолымызбен, өз қиялымызбен жасай білейік.

Айгерім АЙДЫНБЕКОВА,
«Жасұлан» балалар бақшасының тәрбиешісі.
БАЛҚАШ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. «Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық жағынан қарасақ, «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дәп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді.

Жалпы, елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Жоғарыда айтқанымыздай, *«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы»* сыбайлас жемқорлыққа қарсы сая-саттың негізі. Осы стратегияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жұртшылықтың қатысуымен жүргізілуі қажеттігі айтылған. Мемлекет пен қоғам тығыз қарым-қатынаста болғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы төтеп бере аламыз. Сондай-ақ стратегияда сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал адалдық пен сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналу керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеп өсіру керек. Стратегияның мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында адами капиталдың сапасын жақсарту жөнінде айтылған. Адами капитал - ол адами құндылық, еңбек адалдығы, басқа да жақсы қасиеттердің жиынтығы. Ал рухани құндылығы басым адамның ешқашан жаман әрекеттерге бармайтыны айтпаса да түсінікті.

Алмақтың да, салмағы бар. Жемқорлықтың жемі ас болмай, түбі қорлықта қалатындығын замандастарым білсе деймін.

Қ.ПИЛАЛОВ,
Алматы облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары әдеп жөніндегі өкіл.

МӘДЕНИЕТ

Өтенай ауылдық №5 кітапхана филалында Коворкинг орталығы ашылып, оған кітапхана оқырмандары және Өтенай ауылдық ақсақалдар орталығынан әжелер, аталар шақырылды. Шара ақиық ақын М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына арналды.

КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Ашылу салтанатында ақсақалдар алқасының мүшелері Ербол Бектенов пен Гүлшекер Иешова лента қиып, өзінің жылы тілектерін білдірді, орталықтың жұмысына сәттілік тіледі.

Кітапхана қызметкері С.Қажаева оқырмандарға коворкинг сөзінің мәніне тоқталып, ағылшын тілінен аударғанда «Co-working» сөзі, «ортақ жұмыс, ынтымақтастық» әртүрлі жұмыспен қамтылған адамдардың бірігіп, бір мақсатта жұмыс істеуі екендігі туралы кең көлемде мағлұмат берді.

Шара барысында мектеп оқушылары М.Мақатаевтың өлеңдерін оқыса, Өтенай ауылдық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Маржан Керейбаева Майлықожаның термесін орындады.

Г. СЕЙЛХАНОВА,
Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалының кітапханашысы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ

ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Бала тәрбиесі – күн сайын жүргізілетін тынымсыз процесс. Ал мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеудің басты құралы – ойын. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын – балаларға ақыл-ой, дене шынықтыру және сұлулық тәрбие берудің маңызды құралы. Ойын айналадағыны танудың тәсілі.

Ойынды ұйымдастыру тәрбиешіден көп ізденісті талап етеді, себебі бала білімді игереді, ақыл-ой қызметі дамиды, өзара қарым-қатынас жасайды, белгілі бір нәтижеге жетеді. Дұрыс ұйымдастырылған ойын үлкен жетістіктер есігін ашады, бала еркін, қызығушылықпен ойнап қана қоймай ізденімпаздық, тапқырлық тағы басқа сезім қабілеттерін қалыптастырады.

Әр түрлі және мазмұнды ойын әрекеті баланың қоршаған өмірдің жаңалығын ашуға, зерттеуге түсінуге деген құлшынысын оятады. Ойын әрекеті баланың «Әлемді тануда, ой өрісінің, тілінің дамуына; адами тәртіптердің тәжірибесін игеруге; ұжымдық тебіреністердің тәжірибесінің жинақталуында; әлеуметтік қарым-қатынас қалыптастыруда; дене дамуында ерекше рөл атқарады.

Баланың ой-өрісін ойын арқылы дамытуда халықтық педагогиканың, халық ойындарының маңызы зор. Халық ойындары тосыннан туған қызықты кезеңдермен, балаларға ұнайтын санамақ, жаңылпаш, жұмбақ, күлдіргі ойындармен жиі сүйемелденіп отырады. Санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш баланың ой-өрісінің дамуына ықпал етсе, сиқырлы таяқ, аударыспақ, ақсерек-көксерек, жасырынбақ зейінімен қатар дене тәрбиесіне де ықпалын тигізетіні сөзсіз. «Ойын арқылы баланы жан-жақты дамыту» деген сөзге үлкен мән бергеніміз жөн. Тәрбиедегі негізгі мақсат баланы жастайынан әлеуметтік ортада міндетті қарым-қатынас жасай білуге, елжанды болуға баулу. Бүгінгі бүлдіршіндер еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Біз баланы жан -жақты дамыту үшін әрі жеңіл, әрі қызықты, тез қабылдайтын тәжірибе жолын пайдалануымыз керек, ол – ойын. Ал ойын – тәрбие берудің ең тиімді тәсілдерінің бірі.

Алма ДӘУРЕНБЕКОВА,
«Жасұлан» балалар бақшасының тәрбиешісі.
БАҚАНАС АУЫЛЫ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

КӨНЕДЕН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

Қазақтың ерте заман тұрмысында кем болмайтын дүниелер бар. Оны білу жас ұрпаққа парыз.

Соның бірі – Көнек. Көнек – шикі теріден жасалған бие сауатын ыдыс, онымен бие сауғанда бауын білекке іліп алып, түбін тізеге тірей сауады. Көнек жеңіл, әрі металл ыдыстар сияқты даңғырлап дыбыс шығармайды. Қазақта: «Көнектен шошыған бие оңбас, көптен бөлінген үй оңбас» деген сөз бар. Сол себепті, көнекке сауғанда мал мазасыздан-бай жақсы иіп, сүтті мол береді. Көнекті көбінесе жылқының жон терісінен және түйеңің мойнағынан бітеу сою арқылы жасайды. Ол үшін жас терісін түгінен арылтып, мойнақтың кең жағын түптеп тарамыспен тігеді де, бір бүйірінен теріден шүмек бекітеді. Көнектің ауыз жағына жас тобылғыдан иіп шеңбер салып, оны сыртына қарай терімен көмкереді. Содан соң көнектің ішіне құм толтырып, жас тері көлеңкеде әбден кеуіп, көнге айналған соң ішіндегі құмды төгіп тастайды. Тері кепкенде мүйіз сызғышпен батыра өрнек салады. Ішісыртына тұздалмаған жылқы майын сіңіре жағады да, тобылғы, арша тәрізді ағаштардың жас бұтақтарын жалындатпай бықсытып жағып, түтініне ыдыстың аузын төңкере іліп, бірнеше сағат ыстайды. Ыс сіңген соң тері қызыл қоңыр түске еніп, әрлене түседі, әрі құйылған астың иісі мұрныңды жарып бабына келеді. Көнектің екі бүйірінен (ауыз жағына таяу) металл шығырықтар орнатылады да, оған қайыстан өрілген бау тағылады. Жақсы ысталған көнекке бір-екі күн ашыған айран құйып, шикі дәмін кетірген соң пайдалана беруге болады. Теріден жасалған ыдыстар өңезденіп, көгеріп кетпеуі үшін айына бір не екі рет майлап, ыстап отырған жөн.

С. ИМАНҒАБЫЛОВА,
М.Тынышпаев атындағы тарихи-әлкетану музейінің бөлім меңгерушісі.

КӨКЖИЕК

БІЛІМНІҢ КІЛТІ – БАСТАУЫШТА

Бастауыш мектеп мұғалімі – ерекше тұлға. Өйткені ол – балалар мен үлкендер әлемінің арасындағы сарапшы. Бастауыш мектеп мұғалімінің еңбегін өзге еңбекпен салыстыруға болмайды, себебі ол еңбектің жемісі – адам.

Мұғалімге отбасы мен қоғам ең қымбаттысын, өз елінің азаматының болашағын, оның тағдырын табыс етеді. Бүгінгі мұғалім еңбегі қандай болса, ертеңгі болашағымыз да сондай болмақ. *«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр»,* – деп Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай, қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі ғана емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік, ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген мұғалім болуы тиіс.

Мұғалім әрқашанда өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен, әсіресе, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білген әрі уағыздаушы, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамдағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі мен жеріне сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі бола білуі керек.

Ал, шәкірттің жақсы болуы – ұстаздың айтқан сөзіне ғана емес, көрсеткен үлгісімен сабақтасып, байланысып жатады. Ұстаз – бәрінен бұрын тәрбиеші. Ол оқыту мен тәрбиені қатар алып жүруші. Ұстазға қойылатын басты талап пен тілек ортақ. Ол білімділік, имандылық, парасаттылық.Ұстаз шәкірттерге білім бергенде, тіл факторын үйреткенде, олардың логикалық ойын дамыту тәрбиесін қатар жүргізеді.

Ақын Ғафу Қайырбеков айтқандай: *«Ұстаз болу - сезімнің ақындығы,Ұстаз болу – жүректің батырлығы. Ұстаз болу - мінездің күн шуағы,Азбайтұғын адамның асылдығы».*

Осы төрт қасиет әр ұстаздың бойынан табылуы қажет. Себебі мұғалім қай сабақта болмасын оқушысын еркіндікке баулиды. Сондықтан да ұстаздың міндеті талап пен еңбекті оқушыдан талап ете отырып, білімнің теңізінен маржан тергізу. Оқушы сабағыңнан ешқашан жалықпау керек.

Бақытхан БАЙДИЛЬДАНОВА,
№2 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

МАСТЕРАМИ НЕ РОЖДАЮТСЯ...

Ничто в мире не происходит случайно, просто так. Во всём есть смысл, и у каждого человека, живущего на Земле, есть своё предназначение, миссия, которая ему дана и которую он должен выполнить. Случается, так, что человек исполняет своё предназначение и делает это так хорошо, что незамеченным оставаться не может. Тогда о нём говорят, что он мастер своего дела. Таким человеком является Сергей Полянских – единственный на сегодняшний день педагог в системе Назарбаев Интеллектуальных школ, которому присвоен высший уровень «Учитель-мастер».

Он молод, успешен, амбициозен. В свои 30 лет он -один из самых авторитетных учителей математики и лидеров олимпиадного движения. Его воспитанники – обладатели более 200 медалей на международныхолимпиадах по математике, наиболее значимые из них: 2 золотые, 4 серебряные, 1 бронзовая медали на Всемирной Олимпиаде по математике (IMO), среди которых победы талантливых олимпийцев Нурсултана Хаджымурадова и Каната Сатылханова.

Математический дар, тогда еще в школьнике Полянском, увидел Олег Владимирович Пак, известный казахстанский учитель математики, благодаря которому Сергей становился неоднократным призером и победителем олимпиад международного уровня: Международная Жаутыковская олимпиада по математике и физике, 2005 год, Международная Азиатско-Тихоокеанская олимпиада по математике, 2004-2005 года, Международная олимпиада «Туймаада»,2005 год.

Сергей Полянских окончилпрестижный Казахстанско-Британский технический университет, факультет информационных технологии. Уже на 1 курсе он был приглашен в качестве специалиста по подготовке сборной команды по математике Алматинской области, после молодой тренер в течение трех лет обучаллигу Казахстана.

С 2010 года работает в Назарбаев Интеллектуальной школе физико-математического направления города Талдыкорган. Здесь, он не только учитель математики и тренер олимпийского резерва, но и педагог с большой буквы. Помимо подготовки к олимпиадам, Сергей Сергеевич преподает ученикам курсы по робототехнике, нанотехнологии, математической академии и математическому программированию.

В этом году Назарбаев Интеллектуальной школе физико-математического направления города Талдыкорган – 10 лет. За эти годы школа многократно признавалась лучшей олимпийской школой в стране. А труд и достижения учащихся не раз оценивался Министерством образования и науки Республики Казахстан.

Вместе с тем, Сергей Полянских создал электронную систему тестирования http://mathtest.kz, прошел обучение в Кембриджском университете, является автором учебника «Математическая академия. 7 класс». В настоящее время работает над программой по подготовке олимпийцев по математике для 8 класса.

«Математика - это не энциклопедическая наука, - говорит Сергей Сергеевич. - Здесь ты прежде всего ничего не должен запоминать и принимать на веру. Здесь нужно ее понимать. Для каждого ученика у меня индивидуальный подход, для каждого из них свои задачи. Я учу своих ребят мыслить, создавать решения,строить логические цепочки и ставить себе высокие цели. Не бывает нерешаемых задач, бывают задачи, для решения которых требуется немного больше времени!».

По словам Полянских, нужно очень хорошо знать своих учеников. При изучении учащегося необходимо понять уровень знаний по предмету, что он представляет из себя сегодня, каким был раньше и чего можно ожидать от него завтра. То есть нужно проследить историю развития ученика и увидеть в ней перспективы. Именно в этом кроется секрет успеха индивидуального подхода в обучении учащихся. С таким методом с ним полностью солидарен его соратник, друг, соавтор учебника «Математическая академия. 7 класс» Виктор Сосин, заместитель директора по учебной части Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган.

- Он - профессионал своего дела, учитель, который обладает редкой способностью заинтересовать ребенка с первых занятий. Его нестандартный подход к преподаванию привлекает ребят,что помогает поддерживать их мотивацию в обучении. Уроки, сочетающие сильную академическую и воспитательную составляющие, основаны на тонком понимании каждого учащегося, где индивидуализация является базовым аспектом его авторской методики.

Победы учеников на мировых и отечественных соревнованияхподтверждают высокий профессиональный уровень педагога.

Артур Пак, неоднократный победитель и призер самых престижных республиканских, международных олимпиад, среди которых Международная олимпиада школьников "Туймаада", Юниорская Балканская математическая олимпиада (JBMO), Международная олимпиада Шёлковый путь, Международная Жаутыковская олимпиада (IZHO), выпускник Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган, ныне студент 1 курса Назарбаев Университета, ученик Сергея Полянских.

- Мой учитель больше, чем тренер, он настоящий наставник. На его занятиях мы научились решать жизненные задачи, то, что нам пригодится на практике. Он всегда говорил нам, пусть сегодня это для вас математическая задача, а завтра перед вами встанет другая задача, и ваш мозг должен уметь строить связи, логические цепочки. Я безмерно благодарен своему учителю, наставнику за его веру в нас, за его бесценное время, за то, что он вложил в нас.

С Сергея Полянских началось формирование новой группы лидеров среди педагогов НИШ, официально признанных лучшими в своей профессии. Ведь мастерами не рождаются, мастерами становятся!

К. ПФАЙФЕР.

НОВОСТИ

СПЕЦИАЛЬНЫЕ ИСПЫТАНИЯ ОСТАНУТСЯ ТОЛЬКО ПРИ ПОСТУПЛЕНИИ НА ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ, МЕДИЦИНСКИЕ И ТВОРЧЕСКИЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ.

МОЖНО ЛИ ПОСТУПИТЬ БЕЗ ЭКЗАМЕНОВ ?

Заместитель министра образования и науки Казахстана Бибигуль Асылова заявила, что выпускникам девятых классов больше не нужно будет сдавать вступительные экзамены в колледжи.

"В соответствии с новым механизмом, вступительные экзамены в колледжи отменяются, за исключением специальных испытаний по педагогическим, медицинским и творческим специальностям", – сказала Бибигуль Асылова на расширенном заседании комитета мажилиса по социально-культурному развитию.

Она добавила, что в министерстве разработали новый механизм размещения госзаказа по принципу "деньги за студентом".

"Если ранее управления образования среди колледжей размещали сами госзаказ, то есть одному колледжу давали по 200-300, 100 человек, то по новому механизму абитуриенты будут сами выбирать колледжи и специальности. Кроме того, министерством разработаны правила формирования и распределения госзаказа с учётом среднесрочного и долгосрочного прогноза потребности экономики в кадрах, регионального рынка труда и атласа новых профессий и компетенций", – отметила вице-министр.

СОБ.КОРР.

ЗДОРОВЬЕ

ЗОЖ – ОСНОВА ПРОФИЛАКТИКИ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Физическая культура как общественное явление занимало важное место в жизни человека на протяжении всей истории его существования. Еще Гиппократ сказал: “Гимнастика, физические упражнения, ходьба должны прочно войти в повседневный быт каждого, кто хочет сохранить работоспособность, здоровье, полноценную жизнь”.

Здоровый образ жизни — основа профилактики заболеваний. Следует подчеркнуть, что в нем реализуется самый ценный вид профилактики — первичная профилактика заболеваний, предотвращающая их возникновение, расширяющая диапазон адаптационных возможностей человека. Однако функция ЗОЖ значительно шире, она выходит за рамки чисто медицинской проблемы.

Сущность здорового образа жизни — обеспечение оптимального удовлетворения потребностей человека при условии и на основе оптимизации развития, состояния и функционирования организованных внутренних и внешних систем и связей индивида и общества. Структура здорового образа жизни — целостное единство предметно-вещного природного, социокультурного и духовного компонентов социально творимого информационного, энергетического и пластического обеспечения оптимальной жизнедеятельности человека и общества. Структура ЗОЖ включает духовное, социокультурное и правовое пространство развития и деятельности родового человека, экологическую и предметно-вещную среду обитания индивида, что, в свою очередь, зависит от экономических, промышленно-производственных. агрокультурных, коммуникационных факторов.

Здоровье учащихся непосредственно зависит от отношения детей к его сохранению и укреплению. В то же время воспитание у детей заботы за собственное здоровье, формирование соответствующих умений и навыков в подавляющем большинстве заформализовано. Сложившаяся практика сводит эту работу в школе к лекциям, основным содержанием которых являются сведения о клинике, диагностике и лечении заболеваний. Как правило, их читают либо школьные медицинские работники, либо врачи территориальных поликлиник. Однако они не владеют методологией обучения и воспитания здоровому поведению, теорией и методами формирования у людей позитивной мотивации на сохранение здоровья. Отсюда отсутствие озабоченности состоянием собственного здоровья у подавляющей части здорового населения.

Сила и работоспособность сердечной мышцы, главного двигателя кровообращения, находится в прямой зависимости от силы и развития всей мускулатуры. Поэтому физическая тренировка, развивая мускулатуру тела, в то же время укрепляет сердечную мышцу. У людей с неразвитой мускулатурой мышца сердца слабая, что выявляется при любой физической работе.Ежедневная утренняя гимнастика - обязательный минимум физической тренировки. Она должна стать для всех такой же привычкой, как умывание по утрам.Физические упражнения надо выполнять в хорошо проветренном помещении или на свежем воздухе.

Для людей, ведущих "сидячий" образ жизни, особенно важны физические упражнения на воздухе (ходьба, прогулка). Полезно отправляться по утрам на работу пешком и гулять вечером после работы. Систематическая ходьба благотворно влияет на человека, улучшает самочувствие, повышает работоспособность.Таким образом, ежедневное пребывание на свежем воздухе в течение 1-1,5 часа является одним из важных компонентов здорового образа жизни.

Здоровый образ жизни — это "типичные и существенные для данной общественно-экономической формации формы жизнедеятельности людей, укрепляющие адаптивные возможности организма человека способствующие полноценному выполнению им социальных функций и достижению активного долголетия". Здоровый образ жизни — совокупность духовных ценностей и реальных видов, форм и благоприятных для здоровья эффектов деятельности по обеспечению оптимального удовлетворения потребностей человека.

Физическое здоровье - это естественное состояние организма, обусловленное нормальным функционированием всех его органов и систем. Если хорошо работают все органы и системы, то и весь организм человека правильно функционирует и развивается.

Ринат АХАТОВ,
учитель физической культуры
школы № 7 имени К.Ушинского.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАРЛЫБЕК СЫРТТАНҰЛЫ – 155

ТАСАДА ҚАЛҒАН ТАРИХ ТАРЛАНЫ

Биыл егемендік алып, көк туымызды көкте желбіретіп, тәуелсіздіктің бесігінде тербелгенімізге отыз жыл. Осынау салқар далаға ие болған егемен елім жалт еткен жанарымда мәңгіліктің мекеніне жапырақ жайып, тамырын тереңге бекіткен мәуелі бәйтеректей көрініс береді.

Иә, азаттық таңының шұғылалы шуағына шомылып жүрміз. Алайда тәуелсіздік дейтін тәтті сыйды қазақ еліне ала ғой деп ешкім де тарту еткен жоқ. Қазақ елінің ғұмырлық жолының күрессіз, тартыссыз өткен бірде бір парасы жоқ. Сонау сақ дәуірінен бастау алып,түркі кезеңінде дүрілдеп, Керей мен Жәнібектінң тұсында жеке дара хандық құрған, зұлматты отаршылдық отынан аман қалған асыл елім... Әлімсақтан тәуелсіздік үшін жан алысып, жан берісіп келеді. Бірі сан ұрыста «Алаш» деп ұрандаса, енді бірі «Алаш» деп жыр жазды, халқына қалтқысыз қызмет етті.

Мені көбіне-көп алаш көсемдерінің өмір жолы ойландырады һәм толғандырады. Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы тағы басқа біз білмейтін ұлт зиялылары қаншама... Сол ұлылардың бірі Барлыбек Сырттанұлы.

Барлыбек Сырттанұлы – ірі қоғам қайраткері, реформатор, демократ, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті өкілі. Жетісу өңірінде, Қапал уезіне қарасты Арасан болысында 1866 жылы дүниеге келген. Негізгі мамандығы– шығыстанушы, 9 тіл білген. Ол жүрегінде елінің ұлы арманын аялай жүріп жұртына қалтқысыз қызмет етті. Қазақтың алғашқы конституциялық «Қазақ елінің уставы»,«Ынтымақ ережесі» сынды заң жобаларын жазды.

Барлыбек Сырттанұлы – Жетісу өңіріндегі алғашқылардың бірі болып білім алған жас қазақ. Ол Верный қаласында 1876 жылы ашылған ер балалар гимназиясында орта білім алады. Негізінен бұл мектепте бай көпестердің балалары оқыған. Барлыбек пен бауыры Тұрлыбектің Верный ер балалар гимназиясына оқуға түсуі уезд бастығының жарлығымен, сол кезеңдегі ел арасындағы орыс мектебінде оқыса балаларың шоқынып яки бұзық болып кетеді деген қауіптің салдарынан болса керек-ті. Әрине, жастайынан алғыр Барлыбек оқуда озат болады. Сонымен қатар, гимназияның директоры Драгутин Касперович Новактың тәлімін алады. Ұлағатты ұстаздың бағытымен орыс және әлем әдебиетінің тың туындыларымен танысады. Жанарынан от ұшқындаған жас талап Петерборға барып, оқуын одан әрі жалғастырады. «Батыр қалада» отандастарымен қатарласа жүріп, «Жерлестер» ұйымын құрады. Бір-біріне қамқор болады. Шығыстану факультетінде В.Григорьев, Н.Веселовский, В.Радлов сынды профессорлардан дәріс алып, П.Мелиоранский, В.Бартольд секілді ғалымдармен бірге оқиды. Санкт-Петербор Императорлық университетін 1886-1890 жылдары үздік тәмамдағаннан соң Барлыбек Түркістан генерал-губернаторлығында, Жетісу облыстық басқармасында қызмет етеді. Қызмет жолында халқына ет жүрегі езіле жүріп көмек көрсетті, қасиетті борышынан айнымады. Сонау гимназияда оқып жүргенде саяси санасы қалыптасқан жас қазақты кейіннен кеңес өкіметі сенімсіз деп танып, қызметінен босатады. Барлыбек Сырттанұлы 1905 жылы Ұзынағаш съезін ұйымдастырады. Съезде жер үлестіру, білім беру, сот және дін істері сынды негізгі мәселелерді күн тәртібіне ала отырып, Мемлекеттік Думада тең құқылықты сақтау ұсынысымен Петерборға арнайы барады. Өкінішке қарай, ол түрлі кедергілерге тап болып, Ұзынағаш съезі арқалаған талап өтініштер ескерусіз қалады. Алайда, ұлы ұлт мұратын ұйыстыру жолында қасық қаны қалғанша еңбек етуді қасиетті парыз санаған Барлыбек Сырттанұлының өр тұлғасын ешбір дауыл мүжіте алмады. Саяси – әлеуметтік жұмыстарды атқара жүріп, қоғамдық істерге белсене араласады. Алай да дүлей заманда Столыпиннің аграрлы саясатына қарсы шығып, қазақ жерінің тағдыры үшін күресіп бақты. Үзеңгілес серігі Әлихан Бөкейханов тапсырмасымен 1911 жылы 13 маусымда «Қазақ елінің Уставы» деп аталатын қазақтың алғашқы конституциялық заңын жазады. 4 бөлім, 28 баптан тұратын бұл заң жобасы Алаш партиясының бағдарламасына негіз болды. Өкініштісі сол, жасындай жарқ еткен жасампаз тұлға Барлыбек Сырттанұлы қылышынан қан тамған кеңестік кезеңде саяси құдалаудың құрбаны болды. Деректерде оның құрт ауруына шалдығып, мерт болғаны айтылады. Көнекөздердің сөзіне зер салсақ, Барлыбек Сырттанұлын екі әскери адам тау арасында атып өлтірген. Жұмбақ... Ол тірі болғанда төл құрдасы Әлихан Бөкейхановпен қатарласа жүріп қазақ ордасының, ілімі мен ғылымының іргетасын, заң жобасын қалар еді. Әйтеуір еліне қызмет қылып, пайда етер еді . Бұлтты күнде бұғынып қам қарекетсіз жатпас еді.

Өкінішке қарай,ұлт мүддесі жолында қабырғасы қайыса жүріп қызмет қылған Барлыбек Сырттанұлы туралы жазылған еңбектер мүлде аз. Бұл тұлғаны жан – жақты зерттеу жолындағы зор кедергі. Содан болар, әлі күнге дейін арда азаматты дұрыс тани алмай келеміз. Тіпті, мектеп бағдарламасындағы оқулықтарда Барлыбек Сырттанұлы туралы бірде бір сөз жоқ. Алғашқы қазақ заңнамасын жазған қайраткердің еңбек жолының осыншама ескерусіз қалғаны жан сыздатады. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың сенімді серігі, Мұхамеджан Тынышбайұлының ұлық ұстазы болған Барлыбек Сырттанұлын әрбір қазақ білуі, біле жүріп мақтан етуі тиіс. Тәуелсізбіз! Тарихы тым тереңнен бастау алатын ұлы елміз! Неге әлі күнге дейін өз тарихымыз өзімізге жат әрі көмескі болып келеді?

Биыл Барлыбек Сырттанұлының дүниеге келгеніне 155 жыл. Барлыбек Сырттанұлын бір өңірдің ғана емес, қазаққа ортақ алаштың арда ұлы, ұлт қайраткері ретінде тануымыз, ұлықтауымыз қажет. Тасада қалған тарих тарланының тұғырын биіктетер уақыт жетті!

Алуа АСҚАР,
әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті.
Жетекшісі: Ф. ҚОЗЫБАҚОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
тарих және археология, этнология факультетінің
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры.

КӘСІПОДАҚ ТЫНЫСЫ

БАСТАУЫШ ҰЙЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІ

ШАХМАТ – ҒЫЛЫМИ АҚЫЛ-ОЙ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН ЕҢ ТАНЫМДЫ ДА, ҚЫЗЫҚТЫ СПОРТ ОЙЫНЫ. АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ШАХМАТТАН ӘЛЕМНІҢ ЭКС ЧЕМПИОНЫ ГАРРИ КАСПАРОВ «ШАХМАТ – АҚЫЛДЫҢ АЗАБЫ» ДЕП АНЫҚТАМАСЫН ДӘЛ ТАУЫП АЙТҚАН БОЛАТЫН. ПСИХОЛОГТАР ШАХМАТТЫ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ЖӘНЕ ТҮРЛІ ИДЕЯЛАРДЫ ОЙЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ.

Шахмат ойнау балалардың ойлау қабілетін айтарлықтай жақсартса, дойбы мен тоғызқұмалақ жасөспірімдердің математикалық ойлау жүйесін дамытып, төзімділікке баулиды.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы салалық кәсіподақ құрамында дәл осы шахмат, тоғызқұмалақ және дойбы үстел ойындарын жасөспірімдерге үйрететін арнайы Шахмат мектебі жанынан құрылған бастауыш кәсіподақ ұйымы бар. Ұйымда бүгінгі күнге 40-тан астам мүшесі бар. Басым көпшілігі облыстың аудан, қалаларында қызмет ететін ұстаздар.

«*Шахмат, тоғызқұмалақ, дойбы ойындары мінез-құлықтың қалыптасуына, ұстамды және ізденімпаз болуына ықпал етеді. Сондай-ақ, балалар ойын ережелерін толық меңгеріп, ойынның стратегиясы мен тактикасын жете түсіну нәтижесінде жарыстарға қатысып, кез-келген ойыншымен бәсекелесе алады. Сөйтіп, шеберліктерін шыңдай түседі*», - дейді бастауыш кәсіподақ төрағасы Бағдат Молғаждаров.

Бүгінгі таңда аталмыш мектептің есігі тек жасөспірімдерге ғана емес әлеуметтік жағдайы төмен және мүмкіндігі шектеулі жандарға да айқара ашық. Сонымен қатар, қарттар да бос уақытын тиімді пайдалана алады. Мектепте шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын үйретіп, өзара жарыстырады.

Бастауыш кәсіподақ тарапынан жыл сайын ұстаздар, жарыстарда белсенділік көрсетіп үздік атанған жас спортшылар, шахматшылар, тоғызқұмалақшылар мен дойбышылар марапатталып, жолдамалар беріледі. Сондай-ақ, кәсіподақ мүшелері спорттық сайыстарды, жастар мен жасөспірімдер арасында турнирлерді жиі ұйымдастырады. Ағымдағы жылы бастауыш кәсіподақ ұйымы «Бастауыш кәсіподақтар жылы» аясында жыл бойынша спорттық-шараларды ғана емес, ел Тәуелсіздігі мен атаулы жылдың ұйымдастырылуына орай бірқатар маңызды мерекелік шараларды ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ НАУРЫЗ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

НАУРЫЗ СӨЗІ «ЖАҢА КҮН» ДЕГЕН МАҒЫНА БЕРЕДІ. МЕЙРАМ КЕЗІНДЕ ТАЗАЛЫҚҚА МӘН БЕРІЛІП, МЕРЕКЕЛІК «НАУРЫЗ КӨЖЕ» ДАЙЫНДАЛАДЫ. КӨЖЕ – ЕЛІМІЗДІҢ ӘР ӨҢІРІНДЕ ӘР ТҮРЛІ ЖЕТІ ТҮРЛІ ДӘМНЕН ЖАСАЛАТЫНЫН ДА БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНДА БІР-БІРІНЕ ҚОНАҚ БОЛЫП, ТОЙЛАП АРҚА-ЖАРҚА БОЛЫП ЖАТАДЫ. АЛ, ЕНДІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ НАУРЫЗ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ? ҚЫСҚАША ТОҚТАЛЫП ӨТЕЙІК...

Әзірбайжан

Әзірбайжанда Наурыз мейрамы – күн мен түннің теңескен күні ретінде аталып өтеді. Ел тұрғындары бұл мейрамды қатты ұнатады. Мереке күні ас дайындайды, адамдар бір-біріне бақыт пен молшылық тілейді. Дәстүр бойынша «тонгал» деп аталатын от жағып, одан жеті рет секіретін болған. Мерекелік дастарханны басты тағамы шекербура дайындалады. Ол - Ай пішіндес қамырдан жасалған тәтті тағам. Ал, өсіп тұрған жасыл бидай сабақтары «Күн символын» білдіреді. Бидай қуырылып, жұмыртқалар қызылға боялады. Әзірбайжан халқында Наурыз күні жаңбыр жауса, «келер жыл өте жақсы, берекетті» болады деген сенім қалыптасқан.

Қырғызстан

Көрші айыр қалпақты ағайындар елінде бұл мейрам айрықша тойланады. Мейрамда дастархан жайылып, май, қант және бидай ұнынан жасалған дәстүрлі ұлттық тағам – сумелек (сүмәлөк) және көже дайындалады. Халық арасындағы сенімге байланысты «су» және «мелек» (періште) сөздерінен құралған. Және бұл тағам жәннәт тағамы, қасиетті екендігі айтылады. Қарызынан құтылып, адамдар бір-бірімен татуласады. Кейбір жергілікті сенім бойынша мейрам күні нәресте дүниеге келсе, есімін «Нооруз» деп қояды. Ал, қар жауу да – жақсылықтың нышаны. Қазіргі таңда, Қырғызстанда бұл мейрамда алаңдарда жалпыхалықтық серуендер, мерекелік концерт пен ұлттық ойындар өтеді.

Өзбекстан

Көктемгі Наурыз мейрамын оңтүстіктегі көршіміз Өзбекстан да ерекше құрметтеп атап өтеді. Наурызды қалай күтіп алса, жыл толығымен солай өтеді деп сенеді. Сол себепті бір-бірін кешіріп, жақындарына сыйлық ұсынып, қуанышқа бөленген. Өзбекстанда жыл сайын 21 наурыз күні тойланады. Дәстүрлі түрде жәрмеңкелер, жалпы халықтық шерулер, ит және әтеш шайқасы, ат шабысы ұйымдастырылады. Ұлттық киімдерімен ән айтып, би билейді. Көпшілігі қазіргі күнге дейін ежелгі дәстүрлерін сақтап келеді. Негізгі тағамдары - сумаляк (бидай ұнынан жасалған тағам) самса, хош иісті палау, халим (бидай етпен) мен жасыл желек қосып дайындалған нишалда тәтті бәліші әзірленеді. Сумаляк – өмірді, денсаулықты, молшылық пен жылықты білдіреді. Сонымен қатар, Өзбекстанда аналар қыздары мен келіндерін жанына алып түрлі жеміс пен көкөніс тағамдарын жасап, дастархан жаяды. Қазанды толтырып тамақ пісіреді. Бұны “қазан толды” дейді, онысы “ризығымыз толы болсын” деген ниетке саяды.

Түрікменстан

Түрікмендерде көктем мейрамы Наурызға байланысты қазіргі таңда халыққа танымал кейбір ырымдар бар. Мәселен, «Егер наурызда күн бұлтты болса, онда осындай ауа-райы маусым айына дейін созылады» деп күткен немесе «Наурызда қар немесе жаңбыр жауса – жыл егінге қолайлы әрі өнімді болады» топшылаған. Наурыз мерекесінде алғашқы жаңа маусым басталады. Яғни сол мерзімде, шопандар қасқырларға шабуыл жасайтын алабайлар шайқасын ұйымдастырады. Сонымен қатар, тағы бір жаңашылдық үрдістің пайда болып келеді. Түрікменстан «Наурыз Байрамы» кезінде әйелдердің қоғам өміріндегі рөлінің танылуы мақсатында Әйелдер күнін, Аналар күнін атап өтіп келеді. Әдетте, мейрамда ұлттық киім киген ерлер ас әзірлейді.

Тәжікстан

«Навруз» деп атайтын Тәжікстан тұрғындары мереке күндері бір-бірімен ерекше түрде сәлемдеседі: «Наврузотан пируз бод!» немесе «Навруз муборак бод!» (“»Наурыз мейрамы құтты болсын!»). Мерекенің басты тағамы – көуап және дәндерден қосып жасалған тәтті палау. Дәстүрлі түрде палауды ерлер дайындайды. Тәжіктерде Наурыздың басты символы – от. Яғни, жаңару мен емдік қасиеті бар деп сеніп, отқа байланысты көріністер қойып, көрсетілімдер орын алады. Дастарханда «с» әрпінен басталатын ең аз 7 түрлі тағам дайындалады. Олар: суманак пен сипанд, сирке мен сәмени, сабзи және т.б. Бұл тағамдардан басқа үстелде айна, балауыз және боялған жұмыртқалар болады. Осы барлық аталғандардың символикалық мән-мағынасы бар: балауыз – адамды жаман рухтан сақтаушы жарық пен от, ал жұмыртқа мен айна – ескі жылдың аяқталуын білдіріп, жаңа жылдың алғашқы күнінің басталғанын сипаттайды. Үстелдің сәні ретінде самбуси (самса), сабси (көкөніс) және өсіп тұрған жас бидайдың сабағы қойылады.

Түркия

Наурыз - Анадолуда «Султан-ы Невруз», «Невруз Султан» сияқты аттармен танылған. Салт-дәстүр бойынша Наурыздың алғашқы күні не көрсе немесе байқаса, адам жыл бойы сонымен бірге болады деп жорамалдаған. Бұл тек адамдарға ғана емес, қарапайым тұрмыстық заттар мен тағамдарға да байланысты. Сол себепті, мейрамда Түркияда алдын-ала дайындалып, өзіне заттар сатып алып және жақсы амалдар жасауға тырысады.

Түркияның Наурыз мейрамының негізгі атрибуты – қасиетті от болып саналады. Ол – қазіргі таңда бірте-бірте отшашулармен (фейерверк) алмастырылып келеді. Сонымен қатар, фольклорлық аспаптар тобы да өз өнерлерін көрсетеді. Мейрам қарсаңында көптеген тағамдар жасалады. Олар – жапырақшамен дайындалған бөрек, юфка, леблеби, локум және тәттілердің сан алуан түрі... Түркияда 23-наурыз Наурыз мерекесінің алғашқы күні ретінде аталып өтеді. Ол күні таңертең ерте тұрып, жаңа киімдерін киеді. Зират басына барып дұға жасайды және шәй, кофе ішеді. Содан кейін, бәрі бір дастархан басына жиылып ас ішеді. Сол мезетте аспаптар ойнатытылып, жыр-ән, өлеңдер айтылады.

Ағашқа өткеншектер құрады. Балалар «байрақ» жазуы бар батпырауықтарды ұшырады. Мейрамда туыс-жақындары мен көршілер бір-біріне қонаққа барады. Әуеттің үлкендеріне барып құттықтап, батасын алып қайтады. Мейрамның тойлануы елдің әр өңірінде түрлі болғанымен, жалпы ұқсастықтары өте көп байқалады.

Материал интернет желісінен алынды.

Жыр-шашу

НАУРЫЗ-ТОЙ

Халық әні: «Еркем-ай» -дың ізімен

Құтты болсын Наурыз той бабаларым,
Бақыт қонсын бәріңе даналарым алтыным.
Ақ батасын береді бәріңе аналарың
Салт-дәстүрін үйрен деп бабалардың алтыным

Қайырмасы:
Осы болған Наурыз той
Жалғаса берсін жарқыным
Осы болған Наурыз той
Жалғасын тапсын алтыным.

Наурыз келді жеріме тойлайтұғын салтымыз,
Құтты болсын айтады бір-біріне халқымыз.
Көшелерді тазалап
Қарсы алатын көктемді жыл сайынғы салтымыз

Қайырмасы:
Осы болған Наурыз той
Жалғасатын салтымыз
Осы болған Наурыз той
Жалғасын тапсын халқымыз.

Көже ішіп қуансын барша халық,
Тойың тойға ұлассын ән салайық алтыным
Денсаулықты тілейік бар халыққа
Наурыз тойды осылай қарсы алайық ән салып.

Қайырмасы:
Осы болған Наурыз той
Жылда болсын жарқыным
Наурызды тойды қарсы алып
Бар әлемге жар салып.

Қадиша СӘЛІМБАЕВА
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

КӨҢІЛ АЙТУ

AMBASSADOR
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Нұрғайша Шахарбекқызы мен
Кененбаевтардың отбасына

Көп жылдар бойы маған жақсы танымал және шын жүректен құрметтейтін аса қадірлі ***Ырым Суанбайұлы Кененбаев*** *ағамыздың қайтыс болуы туралы суық хабар енді жетті. Отбасыларыңызға түскен аса ауыр қайғыларыңызға ортақтасамын.*

Әкем Әбілфайыздың салауатты шәкірті, журналист, жазушы өз еңбегінің арқасында әріптестердің арасында аса құрметке ие. Қаламы қарымды Ырым ағаны ұдайы есімізге алып отыратын боламыз.

Сондықтан мен өзімнің шынайы көңіл айтуымды жеткізе отырып, туыс-бауырларыңызға, сіздерге амандық, жақсылық тілектерін білдіргім келеді.

Алдағы күндерде тек той, қуаныштарда, жақсылықтарда жиналайық.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Шын қайғысы,

Ерлан Ыдырысов

Лондон қаласы
2021 жылы 12 наурыз

125 Pall Mall, London SW1Y 5EA
Tel.: +44 (0) 207 925-1757, Fax: +44 (0) 207 930-8990
London@mfa.kz, www.kazembassy.org.uk

ЕСКЕ АЛУ

Талдықорған қаласының тұрғыны, ардақты ұл, өзіме ерекше жақын жан бауырым Баяныш Қасымбайұлының өмірден өткеніне де, міне, бір жылдың жүзі болды. Амал нешік, бар-жоғы 43 жасында мынау жалған өмірмен қош айтысып, арамыздан алыстап кете барды. Жанымның саясындай болған інімді қалай қияйын? Күн сайын сағынып, сарғаюмен күндер өтуде. Әлі күнге арамыздан алыстап кеткеніне сене алмай, жарқ етіп есіктен кіріп келердей күй кешетініміз де жасырын емес. Бірақ, тағдырдың қатал жазуына тұрар шара бар ма? Амалімыздан оралмасқа кеткенінді мойындаймыз. Жүрегіміз соғып тұрғанда бауырымыздың ақжарқын жайдары мінезі, жарқын жүзі, азаматтық асқақ тұлғасы жадымыздан өшпек емес. Жаның жәннатта, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, жан бауырым!

Жанымыздан тым ерте жырақтадың,
Жете алмай артыңда жылап қалдым.
Өзіңсіз жан бауырым, суретіңе
Күн сайын амалсыздан сыр ақтардым.

Көз алдыма келеді жарқын бейне,
Әпке деп асылады мойныма кейде.
Елесіңмен әрдайым қасымдасың,
Аллам енді алдыңнан жарылқасын.

ЕСКЕ АЛУШЫ: әпкесі – Ләззат Қасымбайқызы

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардағүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: К. ПФАЙФЕР.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 293
Индекс 15534